

№2 (57), 2019

TERMINOLOGIALYQ
HABARSHY

TERMINOLOGIALYQ
HABARShY

№ 2 (57) 2019

**Qazaqstan Respýblıkasy Úkimetiniń janyndaǵy
Respýblıkalyq terminologia komıssıasynyń búleteni**

TERMINOLOGIALYQ
HABARShY

№2 (57) 2019

Bas redaktor

Sh. Qurmanbaiuly

Jaýapty hatshy

Q. Esentai

*QR Mádeniet, aqparat jáne qoǵamdyq
kelisim ministrliginde tirkelip,
tirkeý týraly
2002 jylǵy 27 mamyrda
№2993 – J kýálige berilgen.*

Quryltaishy:

*Qazaqstan Respýblıkasy
Mádeniet jáne sport ministrligi
Til saıasaty komiteti*

Redaksıalyq alqanyń tóraǵasy

A.Raiymqulova

Redaksıalyq alqa

*Ǵ.Meldeshov
M.Baqtıaruly
S.Abdrahmanov
M.Ahmetov
J.Jaqsymbetov
D.Omashuly
B.Saǵyn
D.Qydyralı
M.Aıymbetov
S.Álisjan
J.Áshimjan
K.Áyesbai*

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің жанындағы
 Республикалық терминология
 комиссиясының
 2019 жылғы 28 маусым
 № 2 шешіміне
 қосымша

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР САЛАСЫНЫҢ ТЕРМИНДЕРІ

1.	а бокко кьюза	а бокко кьюза
2.	а воче пиена	а воче пиена
3.	а воче соло	а воче соло
4.	а дуэ корде	а дуэ корде
5.	а капелла	а капелла
6.	а мецце воче	а мецце воче
7.	а прима виста	а прима виста
8.	а секко	а секко
9.	а темпо	а темпо
10.	а темпо либеро	а темпо либеро
11.	абиницио	аб иницио
12.	аббандонаменто	аббандонаменто
13.	аббассаменто	аббассаменто
14.	аббелендо	аббелендо
15.	абболиционизм	абболиционизм
16.	абсурдизм	абсурдизм
17.	аванложа	алғыложа
18.	авансцена	алғысахна
19.	аванти поко	аванти поко
20.	аввивандо	аввивандо
21.	авлос	авлос
22.	автогравюра	автогравюра; төлнақыш
23.	автография	автография; төлжазба

24.	автолитография	автолитография
25.	автопортрет	автопортрет
26.	авторская заявка	авторлық өтінім
27.	авторская концепция	авторлық тұжырымдама
28.	авторская поправка	авторлық түзету
29.	авторский коллектив	авторлар ұжымы
30.	агенство новостей	жаңалықтар агенттігі
31.	агитация наглядная	көрнекі үгіт
32.	агитбригада	үгіт бригадасы
33.	агиткультбригада	мәдени үгіт бригадасы
34.	агогика	агогика
35.	ад ун тратто	ад ун тратто
36.	адажио	адажио
37.	адажио ассай	адажио ассай
38.	адажио ма нон троппо	адажио ма нон троппо
39.	адажиссимо	адажиссимо
40.	аддолорандо	аддолорандо
41.	аджитато	аджитато
42.	адирато	адирато
43.	адлибитум	адлибитум
44.	адорнандо	адорнандо
45.	адхикарика	адхикарика
46.	акварелист	акварельші
47.	акколада	акколада
48.	аккомпаниатор	аккомпаниатор, сүйемелдеуші
49.	аккомпонент	аккомпонент
50.	аккордандо	аккордандо
51.	аккордаре	аккордаре
52.	аккордеон	аккордеон
53.	аккордика	аккордика
54.	акробатика	акробатика

55.	акробатический этюд	акробатикалық этюд
56.	актер-профессионал	кәсіпқой актер
57.	актерское творчество	актерлік шығармашылық
58.	актеры бродячие	кезбе актерлер
59.	актеры-любители	әуесқой актерлер
60.	актер-эксцентрик	актер-эксцентрик
61.	акуто	акуто
62.	алеаторика	алеаторика
63.	алла менте	алла менте
64.	алла прима	алла прима
65.	Алла пульчинелла	Алла пульчинелла
66.	алла стретто	алла стретто
67.	алла тесто	алла тесто
68.	алларгандо	алларгандо
69.	аллегретто	аллегретто
70.	аллегро аппассионато	аллегро аппассионато
71.	аллегро ассай	аллегро ассай
72.	аллегро брилльянте	аллегро брильянте
73.	аллегро виваче	аллегро виваче
74.	аллегро им бетуозо	аллегро им бетуозо
75.	аллегро кон брио	аллегро кон брио
76.	аллегро кон мото	аллегро кон мото
77.	аллегро кон фуоко	аллегро кон фуоко
78.	аллегро ма нон троппо	аллегро ма нон троппо
79.	аллегро сонатное	сонаталық аллегро
80.	аллеманда	аллеманда
81.	алогизм	алогизм
82.	аль антика	аль антика
83.	аль фреско, а фреско	аль фреско, а фреско
84.	альба	альба
85.	альт скрипка	альт скрипка

86.	альтерация	альтерация
87.	альтерация ладовая	саздық альтерация
88.	альтист	альтшы
89.	амбушюр	амбушюр
90.	ампир	ампир
91.	амплуа	амплуа
92.	амулет	амулет; бойтұмар
93.	анаморфоза	анаморфоза
94.	анахорет	анахорет
95.	ангажемент	ангажемент
96.	англез	англез
97.	ангошозаменте	ангошозаменте
98.	анданте	анданте
99.	андантино	андантино
100.	анимато	анимато
101.	ансамбль	ансамбль
102.	ансамбль актерский	актерлік ансамбль
103.	ансамбль вокально-инструментальный	вокалды-аспапты ансамбль
104.	ансамбль вокальный	әншілік ансамбль; вокалды ансамбль
105.	антагонист	антагонист
106.	антифон	антифон
107.	антиэссенциализм	антиэссенциализм
108.	антраша	антраша
109.	антре	антре
110.	антреприза	антреприза
111.	апарт	апарт
112.	аперто	аперто
113.	аппассионато	аппассионато
114.	аппликатура	аппликатура

115.	апподжандо	апподжандо
116.	ар нуво	ар нуво
117.	арабеск	арабеск
118.	аранжировка	әрлеу; аранжирлеу
119.	аранжировщик	әрлеуші; аранжирлеуші
120.	арена цирковая	цирк аренасы
121.	ариятта	ариятта
122.	ариозо	ариозо
123.	ария	ария
124.	арлекин	арлекин
125.	арлекинада	арлекинада
126.	арпеджио	арпеджио
127.	арт брют	арт брют
128.	арт информель	арт информель
129.	арт-деко	арт-деко
130.	арт-директор	арт-директор
131.	арте повера	арте повера
132.	архаист	архаист
133.	архаистика	архаистика
134.	архимим	архимим
135.	аскетизм	тақуалық; аскеттік; аскетизм
136.	ассамбляж	ассамбляж
137.	ассистент	ассистент
138.	астеизм	астеизм
139.	атрибуция	атрибуция
140.	аттитюд	аттитюд
141.	аттракцион	аттракцион
142.	ауфтакт	ауфтакт
143.	аччелерандо	аччелерандо
144.	аэд	аэд
145.	аэрография	аэрография

146.	багатель	багатель
147.	бадинаж	бадинаж
148.	бадрап	бадрап
149.	балабан	балабан
150.	балафо	балафо
151.	балбал	балбал
152.	балет	балет
153.	балетовед	балеттанушы
154.	балетоведение	балеттану
155.	балетоман	балетқұмар
156.	балетомания	балетқұмарлық
157.	балет-пантомима	балет-пантомима
158.	балет-феерия	сиқырлы балет
159.	балладная опера	балладалық опера
160.	баллетто	баллетто
161.	балло	балло
162.	баллябиль	баллябиль
163.	балмаскарад	балмаскарад, бетперделі кеш
164.	банджо	банджо
165.	бандура	бандура
166.	бандурист	бандурашы
167.	бансри	бансри
168.	бансури	бансури
169.	банцзы	банцзы
170.	баньгу	баньгу
171.	баоцзюань	баоцзюань
172.	бард	бард
173.	бардиты	бардиттер
174.	барел-хауз	барел-хауз
175.	барельеф	барельеф, бедербейне
176.	баріолаж	баріолаж

177.	баркарола	баркарола, қайықшы әні
178.	бас	бас
179.	бас кларнет	бас кларнет
180.	басданс	басданс
181.	басоля	басоля
182.	бассетгорн	бассетгорн
183.	бассо континуо	бассо континуо
184.	бассо остинато	бассо остинато
185.	бастарда	бастарда (көне ішекті аспап)
186.	батальный жанр	батальды жанр, шайқасты жанр
187.	батлейка	батлейка
188.	батман	батман
189.	баттута	баттута
190.	баута	баута
191.	баядерка	баядерка
192.	баянист	баяншы
193.	бекар	бекар
194.	бексан	бексан
195.	бельведер	бельведер
196.	бельканто	бельканто
197.	бельтрамм	бельтрамм
198.	бемоль	бемоль
199.	бенедиктус	бенедиктус
200.	бенефис	бенефис
201.	бергамаска	бергамаска
202.	бержеретта	бержеретта
203.	берика	берика
204.	берикаоба	берикаоба
205.	бива	бива
206.	биг бэнд	биг бэнд
207.	биг-бит	биг-бит

208.	бидермайер	бидермайер
209.	блокбастер	блокбастер
210.	блокфлётё	блокфлётё
211.	блэк-аут	блэк-аут
212.	блюз	блюз
213.	богема	богема
214.	болеро	болеро
215.	бомбарда	бомбарда
216.	бомолох	бомолох
217.	бонанг	бонанг
218.	бонго	бонго
219.	бранль	бранль
220.	бригелла	бригелла
221.	бриндизи	бриндизи
222.	буддизм	буддизм
223.	буккон	буккон
224.	булюлю	булюлю
225.	бунракудза	бунракудза
226.	бурдон	бурдон
227.	буриме	буриме
228.	бурлеск	бурлеск
229.	бурлетта	бурлетта
230.	бурракатха	бурракатха
231.	бурре	бурре
232.	бутада	бутада
233.	бутафор	бутафор
234.	бутафория	бутафория
235.	буфф	буфф
236.	буффонада	буффонада, эзіл-оспақ
237.	бхана	бхана
238.	бхаона	бхаона

239.	бхарат натъям	бхарат натъям
240.	бъиннале	бъиннале
241.	бэкграунд	бэкграунд
242.	бюгельгорн	бюгельгорн
243.	ваганты	ваганттар
244.	вакасюгата	вакасюгата
245.	вакасю-кабуки	вакасю-кабуки
246.	вакасюоннагата	вакасюоннагата
247.	ваки	ваки
248.	вакханалия	вакханалия
249.	валиха	валиха
250.	валторна	валторна
251.	вальс	вальс
252.	вамби	вамби
253.	варган	варган
254.	вардзак	вардзак
255.	варъете	варъете
256.	ваянг	ваянг
257.	ведута	ведута
258.	ведхинатакам	ведхинатакам
259.	вензель	вензель, өрімәріп
260.	вербатим	вербатим
261.	вербункош	вербункош
262.	вёрджинел	вёрджинел
263.	веризм	веризм
264.	веркбунд	веркбунд
265.	вернисаж	вернисаж
266.	вертеп	вертеп
267.	вестерн	вестерн
268.	вестибул	вестибул
269.	виваче	виваче

270.	виво	виво
271.	видео-арт	бейне-арт
272.	видушака	видушака
273.	виланелла	виланелла
274.	вилотта	вилотта
275.	вильянсико	вильянсико
276.	виола	виола
277.	виола-бастарда	виола-бастарда
278.	виолетта	виолетта
279.	виолончелист	виолончельші
280.	виолончель	виолончель
281.	виолы	виолалар
282.	виоль д'амур	виоль д'амур
283.	вис	вис
284.	витхи	витхи
285.	виуэла	виуэла
286.	вишакхадатта	вишакхадатта
287.	водевилист	водевильші
288.	вокализ	вокализ
289.	вокалист	вокалшы
290.	вольта	вольта
291.	вольтиж	вольтиж
292.	вольтфас	вольтфас
293.	вопленица	жоқтау айтушы әйел
294.	вортицизм	вортицизм
295.	вохберггютюн	вохберггютюн
296.	вэньжэньхуа	вэньжэньхуа

СПОРТ САЛАСЫНЫҢ ТЕРМИНДЕРІ

1.	абриколь	жанама соққы
2.	абслейнг	абслейнг

3.	авальман	авальман
4.	авиамоделист	авиамоделші
5.	авиационный спорт	авиация спорты
6.	авиомодельный спорт	авиомодельді спорт
7.	аврал	дүрмек
8.	автогол	автогол
9.	автодром	автодром
10.	автокросс	автокросс
11.	автомашина спортивная	спорттық автомәшине
12.	автомотордром	автомотоайлақ
13.	автомоторклуб	автомоторклуб
14.	автомоторспорт	автомоторспорт
15.	автослалом	автослалом
16.	автострада	автодаңғыл
17.	автотрек	автотрек
18.	автохронометраж	автоуақытөлшегіш
19.	агитпоход	үгітжорық
20.	адреналин	адреналин
21.	азартные игры	құмар ойындар
22.	айкидо	айкидо
23.	айс-фифи	таяныш
24.	академическая гребля	академиялық есу
25.	аквабайк	аквабайк
26.	акваланг	акваланг
27.	акваплан	акваплан
28.	акватлон	акватлон
29.	акробат	акробатшы
30.	акробатика	акробатика
31.	акробатика лыжная	шаңғы акробатикасы
32.	акробатика спортивная	спорттық акробатика
33.	акробатика цирковая	цирктік акробатика

34.	акселерация	акселерация
35.	аксель	аксель
36.	акцентированный удар	діттеген соққы
37.	альпеншток	альпеншток
38.	альпиниада	альпиниада
39.	альпинизм	альпинизм
40.	альпинист	алпинист
41.	альтиметр	альтиметр
42.	амбидекстрия	амбидекстрия
43.	американский футбол	америка футболы
44.	анаболизм	анаболизм
45.	анаэробные упражнения	анаэробты жаттығу
46.	анемометр	анемометр
47.	анорак	анорак
48.	антагонисты	антагонистер
49.	антиоксиданты	антиоксиданттар
50.	анти-слайдер	қарсы-слайдер
51.	античная гимнастика	антикалық гимнастика
52.	антропометр	антропометр
53.	апекс	апекс
54.	апноя	апноя
55.	апперкот	апперкот
56.	апперцепция	жаңаға тәуелдік
57.	апре-ски	апре-ски
58.	апсель	апсель
59.	арабеск	арабеск
60.	арена спортивная	спорт аренасы
61.	армрестлинг	қолкүрес
62.	армспорт	армспорт, қолкүрес спорт
63.	арнис	арнис

64.	арчак; ленчик	ернегіз
65.	арчерн-биатлон	арчерн-биатлон
66.	асимметричные упражнения	асимметриялық жаттығулар
67.	ассо	ассо
68.	атлет	атлет
69.	атлетизм	атлетизм
70.	атлетика легкая	жеңіл атлетика
71.	аттитюд	аттитюд
72.	аттракцион	аттракцион
73.	аут	аут
74.	аутогемотрансфузия	аутогемотрансфузия
75.	аутригер	аутригер
76.	аутсайдер	аутсайдер
77.	аутфилд	аутфилд
78.	ахтерпик	ахтерпик
79.	ахтерштаг	ахтерштаг
80.	ахтерштевень	ахтерштевен
81.	ациклические движения	қайталанбайтын қимылдар
82.	аэробика	аэробика
83.	аэробные реакции	аэробты реакциялар
84.	аэробные упражнения	аэробты жаттығулар
85.	аэроклуб	аэроклуб
86.	бадминтон	бадминтон
87.	байдарка	байдарка
88.	бакштаг	желбағыт
89.	балет	балет
90.	баллер	баллер
91.	баллистика	баллистика
92.	баллистика внешняя	сыртқы баллистика
93.	баллистика внутренняя	ішкі баллистика

94.	бандаж	бандаж, белтартпа
95.	банджи джампинг	банджи джампинг
96.	бандо	бандо
97.	барк	барк
98.	баркентина	баркентина
99.	барограф	барограф
100.	барокамера	барокамера
101.	барометр	барометр
102.	баротравмы	барожарақаттар
103.	барьерные скачки	барьерный бег
104.	кедергілі атжарыс	кедергілі жүгіріс
105.	баскетбол	баскетбол
106.	баскетболист	баскетболшы
107.	баскетбольная площадка	баскетбол алаңы
108.	баскская пелота	баск пелотасы
109.	бассейн плавательный	жүзу бассейні
110.	батман	батман
111.	батоксы	батокс
112.	баттерфляй	баттерфляй
113.	батут	кермесеріппе
114.	бахилы туристские	турист аяққабы
115.	башмак металлический	металл башмақ
116.	беговая дорожка	жүгіру жолы
117.	беговой круг	жүгіріс айналымы
118.	беговые упражнения	жүгіріс жаттығулары
119.	бегун	жүгіруші
120.	безразличное равновесие	самарқау тепе-теңдік
121.	бейдевинд	желкеназайту
122.	бейсбол	бейсбол
123.	бейсджампинг	бейсджампинг
124.	бейсмен	бейсмен

125.	белая ладья	ақкеме
126.	белая олимпиада	ақ олимпиада
127.	белая тропа	қансонар
128.	бензель	бензель
129.	бенчрест	бенчрест
130.	бергшрунд	бергшрунд
131.	берейтор	атбегі
132.	биатлон	биатлон
133.	бивак	бивак
134.	биг эйр	биг эйр
135.	бич-воллей	бич-воллей
136.	бизань	желкенбасы
137.	бизань-мачта	желкен қайықарты
138.	бильман	бильман
139.	бильярд	бильярд
140.	бильярд американский	америка бильярды
141.	бильярд русский	орыс бильярды
142.	бимс	бимс
143.	биологические часы	биологиялық сағат
144.	биологический возраст	биологиялық жас
145.	биометрия	биометрия
146.	биомеханика	биомеханика
147.	биомеханика движений	қимыл-қозғалыс биомеханикасы
148.	биомеханика спорта	спорт биомеханикасы
149.	биопсия	биопсия
150.	биоритм	биоырғақ
151.	биоритмология	биоырғақтану
152.	биоэнергетика	биоэнергетика
153.	бита	соққытаяқ
154.	бицепс	бицепс
155.	блесна	жалтырауық

156.	ближний бой	жақын ұрыс
157.	ближняя штанга	жақын баған
158.	блиц шахматы	шапшаң шахмат
159.	блицспринт	шапшаң спринт
160.	блицтурнир	шапшаң турнир
161.	блокшот	қолмен тосқауыл
162.	блю флейм	блю флейм
163.	блюз	блюз, мұздағы би
164.	бобслей	бобслей
165.	бобслеист	бобслейші
166.	бодибилдинг	бодибилдинг
167.	бой вольный	еркін сайыс
168.	бой встречный	қарсы сайыс
169.	бой кулачный	жұдырықтасу сайысы
170.	бой оборонительный	қорғаныс сайысы
171.	бой пассивный	сылбыр сайыс
172.	бой рукопашный	қоян-қолтық сайыс
173.	бой условный	шартты сайыс
174.	бокс	бокс
175.	бокс профессиональный	кәсіпқой бокс
176.	боксер	бокшы
177.	боксерки	бокшы аяқкимі
178.	боксерские перчатки	бокшы қолғабы
179.	боксерский бинт	бокшы орамы
180.	боксерский мешок	бокс қабы
181.	бокфлинт	қосауыз
182.	болевого анализатор	ауырсыну талдағышы
183.	болевого прием	ауырту тәсілі
184.	болельщик	жанкүйер
185.	большой спорт	үлкен спорт
186.	бордер кросс	бордер кросс

187.	борец	палуан
188.	бортовой шар	жиекшар
189.	борцовки	күрес аяқ киімі
190.	борьба	күрес
191.	борьба лежа	жатып күресу
192.	борьба в партере	төрттағандап күресу
193.	борьба вольная	еркін күрес
194.	борьба греко-римская	грек-рим күресі
195.	борьба гюлеш	гюлеш күресі
196.	борьба дзю-до	дзю-до күресі
197.	борьба классическая	классикалық күрес
198.	борьба кох	кох күресі
199.	борьба кэтч-гольд	кэтч-гольд күресі
200.	борьба панкратион	панкратион күресі
201.	борьба самбо	самбо күресі
202.	борьба сумо	сумо күресі
203.	борьба хапсагай	хапсагай күресі
204.	борьба чидаоба	чидаоба күресі
205.	ботинки лыжные	шаңғы бәтеңкесі
206.	боулдеринг	боулдеринг
207.	боулинг	боулинг
208.	бочче	бочче
209.	бракаж	шаңғы бұрылысы
210.	брасс	брасс
211.	брейк	брейк
212.	брейк-поинт	брейк-поинт
213.	брештук	брештук
214.	бриг	бриг
215.	бригантина	бригантина
216.	бридж спортивный	спорттық бридж
217.	брусья	қоссырық

218.	брюканец	қайық қаптамасы
219.	брюшной пресс	іш тығыршығы
220.	будзинкан	будзинкан
221.	будо	будо
222.	буер	желкенсырғы
223.	буерист	желкенсырғышы
224.	буерный спорт	желкенсырғы спорты
225.	буй	қалқыма
226.	буйреп	кемеқұрал
227.	буксировка лыжника	шаңғышыны сүйрету
228.	булинь	желкенқайық сайманы
229.	буллит	хоккей айыпсоққысы
230.	бумеранг	бумеранг
231.	бусидо	бусидо
232.	буст	буст
233.	бутсы	футболшы аяқкиімі, бутс
234.	бухта троса	сымарқан орамы
235.	бушприт	желкенбекітпе
236.	бэг	бэг
237.	бэк	бэк
238.	бэк-кантри	бэк-кантри
239.	бэкхенд	бэкхенд
240.	валек весла	ескек сабы
241.	валелогия	валелогия
242.	вальс	вальс
243.	вальсет	екпінді секіріс
244.	вальтрап	сулық
245.	ванна	ванна
246.	вант-путенс	вант-путенс
247.	ванты	діңгектік темірарқан
248.	вариатор	вариатор

249.	ватервейс	кеметөсенім белбеуі
250.	ватерлиния	кеме деңгейсызығы
251.	ватерполист	судопшы
252.	ватерполо	судобы
253.	вводная гимнастика	кіріспе гимнастика
254.	ведельн	шаңғыдағы ирелеңдер
255.	вейкбординг	сушаңғы түрі
256.	VELOаэробика	VELOаэробика
257.	велобол	велобол
258.	велогонка	велобәйге
259.	велогонка мира	әлемдік велобәйге
260.	велогонщик	VELOшабандоз
261.	VELOдром	VELOдром
262.	VELOкросс	VELOкросс
263.	VELOмобиль	VELOмобиль
264.	VELOполо	VELOдоп
265.	велосипед гоночный	жарыс велосипеді
266.	велосипед дорожный	жол велосипеді
267.	велосипед трековый	трек велосипеді
268.	велосипедная аптечка	велосипед дәріқобдишасы
269.	велоспорт	велосипед спорты
270.	велотриал	велотриал
271.	велотур	VELOкезең
272.	VELOэргометр	VELOэргометр
273.	VELOэргометрия	VELOэргометрия
274.	венозность	веноздылық
275.	веревка альпинистская	альпинистер жіпарқаны
276.	веретено мышечное	бұлшықет ұршығы
277.	вертолетный спорт	тікұшақ спорты
278.	верховая езда	салт міну
279.	вершина; пик	шың

280.	вес боевой	сайыскерлік салмақ
281.	вес легкий	жеңіл салмақ
282.	вес тела; тяжесть тела	дене салмағы
283.	весло загребное	бас ескек
284.	вестибулярный аппарат	тепе-теңдік аппараты
285.	ветер боковой	бүйірден соққан жел
286.	взнуздывание	ауыздықтау
287.	взятие ворот	қақпаға түсіру
288.	вибрам	альпинист аяқкиімі
289.	виброгаситель	дірілтоқтатқыш
290.	видиограмма	видиограмма
291.	виндсерфер	виндсерфер
292.	виндсерфинг	виндсерфинг
293.	винтовка спортивная	спорттық мылтық
294.	вираж; поворот	бұрылыс
295.	вирек	вирек
296.	виртуозность	қасшеберлік
297.	вис	іліну
298.	вис лежа	жатып іліну
299.	вис на правой (левой)	оң жаққа іліну
300.	вис присев	отырып іліну
301.	вис прогнувшись	бүгіле іліну
302.	вис простой	жай іліну
303.	вис сзади	арттан іліну
304.	вис смешанный	аралас іліну
305.	вис согнувшись	бүгіле іліну
306.	вис стоя	тұрып іліну
307.	вис стоя сзади	арттан тұрып іліну
308.	воднолыжный спорт	сушаңғы спорты
309.	водномоторный спорт	сумоторлы спорт
310.	водные игры	су ойындары

311.	водные лыжи	су шаңғысы
312.	водный велосипед	су велосипеді
313.	водный мотоцикл	су мотоциклі
314.	вожжи	божы
315.	воздухоплавательный спорт	әуедеқалықтау спорты
316.	воздушная подушка	әуе жастығы
317.	волейбол	волейбол
318.	волейбол пляжный	жағажай волейболы
319.	волейболист	волейболшы
320.	ворота	қақпа
321.	выездка	сәндік жүріс
322.	галоп	шоқырақтау
323.	галс	желкенқайық бағыты
324.	галс-оттяжка	қайық бағытын түзету
325.	гамбит	гамбит
326.	гандбол	гандбол
327.	гандикап	гандикап
328.	гантель	гантель
329.	гардаман	қайыс қолғап
330.	гармоническое развитие	үйлесімді даму
331.	гафель	гафель
332.	гафель-гардель	гафель-гардель
333.	гейм	гейм
334.	геймбол	геймбол
335.	гейнеры	гейнерлер
336.	гельмпорт	гельмпорт
337.	генотип	генотип
338.	гетр	гетр
339.	гидроаэробика	суаэробикасы
340.	гидрокостюм	сукостюмі

341.	гик	желкенілгіш
342.	гимнаст	гимнасшы
343.	гимнастика	гимнастика
344.	гимнастика атлетическая	атлетті гимнастика
345.	гимнастика вводная	кіріспе гимнастика
346.	гимнастика корректирующая	түзеу гимнастикасы
347.	гимнастика лечебная	емдік гимнастика
348.	гимнастика основная	негізгі гимнастика
349.	гимнастика спортивная	спорттық гимнастика
350.	гимнастика утренняя	таңертеңгілік гимнастика
351.	гимнастика художественная	көркем гимнастика
352.	гимнастика шведская	швед гимнастикасы
353.	гимнастика школьная	мектеп гимнастикасы
354.	гимнастическая палка	гимнастикалық таяқ
355.	гимнастическая скамейка	гимнастикалық орындық
356.	гимнастические брусья	гимнастикалық қоссырық
357.	гимнастические снаряды	гимнастика снарядтары
358.	гимнастический бег	гимнастикалық жүгіріс
359.	гимнастический городок	гимнастикалық қалашық
360.	гимнастический зал	гимнастика залы
361.	гимнастический ковер	гимнастикалық кілем
362.	гимнастический мост	гимнастикалық көпір
363.	гимнастический мостик	гимнастикалық көпірше
364.	гимнастический трамплин	гимнастикалық тұғыр
365.	гимнастическое бревно; бум	гимнастикалық бөрене
366.	гимнастическое выступление	гимнастикалық көрсетілім
367.	гипергликемия	гипергликемия
368.	гипермодернизм	гипермодернизм
369.	гипертония	гипертония

370.	гипертрофия	гипертрофия
371.	гипнотерапия	гипнотерапия
372.	гиподинамия	гиподинамия
373.	гипокинезия	гипокинезия
374.	гипоксемия	гипоксемия
375.	гипоксия	гипоксия
376.	гипотония	гипотония
377.	гичка; глиссер	жүрдек қайық
378.	гладкие скачки	жайшабыс
379.	гладкий бег	біркелкі жүгіріс
380.	глазомер	көзмөлшер
381.	гликоген	гликоген
382.	гликолиз	гликолиз
383.	гликонеогенез	гликонеогенез
384.	глиссирование	тепе-теңдестіру
385.	годиль	годиль
386.	гол	гол
387.	голбол	голбол
388.	голкипер	голкипер; қақпашы
389.	головка ракетки	ракетка басы
390.	гольф	гольф
391.	гомология	гомологтау
392.	гонг	гонг
393.	гониометрия	гониометрия
394.	гонка	жарыс
395.	гонки автомобильные	автомобиль жарысы
396.	гонки велосипедные	велосипед жарысы
397.	гонки лыжные	шаңғы көлікжарысы
398.	гонки парусные	желкенді жарыс
399.	гонки трековые	тректегі жарыс

400.	гонщик	шабандоз жүргізуші
401.	гореш	түрікмен күресі
402.	горнолыжный спорт	таушаңғы спорты
403.	горовосходитель	тауға өрмелеуші
404.	городок гимнастический	гимнастика қалашығы
405.	гравитационные ботинки	гравитациялық бәтеңкелер
406.	гравитационный шок	гравитациялық естентану
407.	граундэффект	граундәсер
408.	график соревнований	жарыстар кестесі
409.	гребец	ескекші
410.	гребец-академист	академиялық ескекші
411.	гребной канал	есу арнасы
412.	гребной слалом	слалом есу
413.	гребок	есу
414.	грегари	грегари
415.	гриф штанги	зілтемір белтемірі
416.	грогги	боксшының есеңгіреуі
417.	гроссмейстер	гроссмейстер
418.	гроссмейстер международный	халықаралық гроссмейстер
419.	грот	көлбеу желкен
420.	грот-мачта	діңгекті желкенқайық
421.	грудная клетка	кеуде қаңқасы
422.	грудная машина	кеуделік мәшине
423.	грудная обвязка	кеуде тартпасы
424.	грудь	кеуде
425.	груша боксерская	бокс тұлыбы
426.	груша насыпная	құмтұлып
427.	груша пневматическая	ауатұлып
428.	грэб	грэб
429.	гунтер	гунтер

430.	гуштингири	тәжік күресі
431.	гып	гып
432.	гэдан	гэдан
433.	гэльский футбол	гэль футболы
434.	дайвер	дайвер
435.	дайвинг	дайвинг
436.	дамка	би
437.	дан	дан
438.	дартс	дартс
439.	даунхилл	даунхилл
440.	двоеборье	қоссайыс
441.	двоеборье лыжное	Шаңғы қоссайысы
442.	двойной блок	қос тосқауыл
443.	двойной прыжок	екі рет секіру
444.	двойные удары	қосарланған соққылар
445.	дворец спорта	спорт сарайы
446.	двусторонняя игра	екіге бөлініп ойнау
447.	двухходовка	қосжүріс
448.	дебют	ойынбасы
449.	дебют Берда	Берд ойынбасы
450.	дебют Ван-Круиса	Ван-Круис ойынбасы
451.	дебют двух коней	екі атты ойынбасы
452.	дебют закрытый	жабық ойынбасы
453.	дебют Нимцовича	Нимцович ойынбасы
454.	дебют орангутанга	орангутанг ойынбасы
455.	дебют открытый	ашық ойынбасы
456.	дебют полуоткрытый	жартылай ойынбасы
457.	дебют Понциани	Понциани ойынбасы
458.	дебют Рети	Рети ойынбасы
459.	дебют слона	піл ойынбасы
460.	дебют центральный	орталық ойынбасы

461.	дебют четырех коней	төрт атты ойынбасы
462.	девиз олимпийский	олимпиялық ұран
463.	девон	девон
464.	дегаже	дегаже
465.	дейдвуд	дейдвуд
466.	декатлон	декатлон
467.	дельтаплан	дельтаплан
468.	дельтапланеризм	дельтапланер ісі
469.	дельтапланерный спорт	дельтапландық спорт
470.	денник	күндік атқора
471.	дерби	дерби, атжарыс
472.	дерт	дерт
473.	десинхроноз	десинхроноз
474.	детские игры	балалар ойыны
475.	джайв	джайв
476.	джампинг	джампинг
477.	джиббинг	джиббинг
478.	джигитовка	шабандоздық; ат құлағында ойнау
479.	джимхана	джимхана
480.	джиу-джитсу	джиу-джитсу
481.	джоггинг	джоггинг
482.	джэб	джэб
483.	дзадзен	дзадзен
484.	дзедан	дзедан
485.	дзюдо	дзюдо
486.	дзюдоги	дзюдошы киімі
487.	дзюдоист	дзюдошы
488.	динги	динги
489.	дирик-фал	дирик-фал
490.	дисквалификация спортсмена	спортшыны шеттету

491.	диск-гольф	табақша-гольф
492.	дискобол	диск лақтырушы
493.	додзе	додзе
494.	дожим	жаныштау
495.	домино	домино
496.	допинг	допинг
497.	допинг-контроль	допинг-тексеру
498.	дороги канатные	аспалы жолдар
499.	доска шахматная	шахмат тақтасы
500.	доска шашечная	дойбы тақтасы
501.	драгрейсинг	драгрейсинг
502.	драйволлей	драйволлей
503.	дрейф	ығу
504.	дренажная сеть	құрғату жүйесі

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің әлеуметтік еңбек саласы терминдері

1.	аноним	аноним, жасырын
2.	виза	виза, рұқсат қағаз, рұқсатнама
3.	виза на документы	құжаттағы бұрыштама, құжаттағы виза
4.	интеграция	ықпалдастыру, ықпалдасу
5.	классификация должностей	лауазымдар сыныптамасы
6.	малоимущие граждане	тұрмысы төмен азаматтар
7.	малообеспеченные граждане	аз қамтылған азаматтар
8.	неформальный	формальды емес, бейресми

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметкерлері күнделікті жұмыста қолданатын сөздер мен сөз тіркестері

1.	трансфер	трансфер, аударым
2.	торговые преференции	саудадағы артықшылық

3.	страховое возмещение	сақтандыру өтемақысы
4.	драйвер	драйвер, қозғаушы күш, итермелеуші
5.	неторгуемый сектор	сауда жүргізбейтін сектор
6.	модерация	модерация
7.	адаптивность	бейімділік
8.	ненефтяные доходы	мұнайға қатысты емес кірістер
9.	государство-реципиент	реципиент мемлекет, алушы мемлекет
10.	процикличность регулирования	реттеудің циклдығы
11.	ковариация	ковариация
12.	аппроксимация	аппроксимация
13.	сегрегация	сегрегациялау, бөлу, алалау
14.	жилищное сбережение	тұрғын үй жинақ ақшасы
15.	венчурная операция	венчурлық операция
16.	всплеск инфляции	инфляцияның өршуі
17.	градация	градация

**Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар
министрлігінің ақпарат және коммуникациялар
саласы терминдері**

1.	инфографика	инфографика
2.	вебинар	вебинар
3.	прокрутка (слайда)	айналдыру
4.	композитная услуга	композиттік қызмет
5.	программное обеспечение	бағдарламалық жасақтама, бағдарлама қамтым, бағдарламалық қамту
6.	код идентификации	сәйкестендіру коды; бірдейлендіру коды; идентификаттау коды
7.	беспроводной интернет	сымсыз ғаламтор

8.	реконструкция	реконструкция
9.	определение кадастровой (оценочной) стоимости земельного участка	жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындау
10.	выемка документов	құжаттарды алу
11.	не материальный	материалдық емес
12.	техническое обследование	техникалық тексеру, техникалық зерттеу
13.	рекогносцировка территории	аумақты тексеру, барлап көру
14.	утечка данных	мәліметтердің тарап кетуі
15.	проактивный формат	проактивті формат
16.	натура	натура
17.	здания и сооружения	ғимараттар мен құрылыстар; ғимараттар мен құрылысжайлар
18.	содержание	ұстау, қызмет көрсету, ғимаратты күтіп ұстау, мазмұн, мөлшер, құрам
19.	полоса отвода	бөлу жолағы
20.	подзона	кіші аймақ
21.	помещение	үй-жай
22.	фидерная линия	фидерлік желі
23.	сверхширокополосная связь	жоғары кең жолақты байланыс
24.	наземная станция	жерүсті станциясы
25.	земная станция	жердегі станция

ТЕРМИНДЕРДІ БІРІЗДЕНДІРУ ЖӘНЕ ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

2019 жылдың 27 қыркүйегінде Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің тапсырмасымен Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы «Терминдерді іріктеудің критерийлері мен принциптері» республикалық әдістемелік семинарын өткізді.



Республикалық әдістемелік семинардың өзектілігі – Қазақстан Республикасында Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында қазақ тілін ғылым тілі ретінде дамыту үшін терминдерді біріздендіру және іріктеу критерийлерін белгілеу, принциптерін айқындау.

Семинар ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Н.Дәуешовтің кіріспе сөзімен ашылды.

Терминдерді іріктеу мен ресми бекітуге қойылатын негізгі талаптарды айқындау семинардағы баяндамалардың басты тақырыбы болды. ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы Ш.Құрманбайұлы өз баяндамасында терминдерді іріктеудің критерийлерін және принциптерін белгілеу мәселесін көтеріп, нақты ұсыныстарын жеткізді.

Келесі баяндамашы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы Қ.Күдерина жаңа әліпбиге көшу барысындағы терминдердің жазылу үлгісі мәселесіне тоқталды.

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі Ұлттық комиссия жанындағы Терминологиялық жұмыс тобының мүшесі, филология ғылымдарының докторы Қ.Айдарбек терминологияның тілдік нормативтік шарттарын талқыға салды.

Еліміздегі танымал ғалымдар атсалысып жатқан «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын іске асыру барысында кездескен қиыншылықтар мен оларды шешу жолдары жайында сөз алған Ұлттық аударма бюросының редакторы, философия ғылымдарының кандидаты Ә.Құранбек өз тәжірибесімен бөлісті.

Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы Қолданбалы лингвистика басқармасының басшысы, филология ғылымдарының кандидаты С.Итеғұлова терминтану ғылымының бүгінгі ахуалы мен терминжасамның басты қағидалары бойынша көпшілікке ақпарат беруге арналған электрондық алаңды таныстырды.



Сондай-ақ аталған әдістемелік семинарда бірқатар ғалымдар мен сала мамандары сөз алып, өз пікірлерін білдірді.

Ісшараға Президент Әкімшілігінің жауапты қызметкерлері, жетекші ғалымдар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясының мүшелері, Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі Ұлттық комиссия жанындағы Терминологиялық жұмыс тобының мүшелері, орталық және жергілікті атқарушы органдардың жауапты қызметкерлері, тіл саласы бойынша өңірлік басқарма басшылары мен қызметкерлері және БАҚ өкілдері қатысты.

Республикалық әдістемелік семинардың қорытындысы бойынша терминдерді іріктеу критерийлерін белгілеуге, принциптерін айқындауға бағытталған қарар қабылданды.



САУЫТБЕК АБДРАХМАНОВ

*Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің депутаты,
филология ғылымдарының докторы*

ТЕРМИНДЕРДІҢ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДА ОРНЫҒУЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

«Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, тілі мен ділі де – тілінде».

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев күні кеше «Егемен Қазақстан» және «Айқын» газеттерінің басшылары Дархан Қыдырәлі мен Нұртөре Жүсіпке берген сұхбатында осылай деп қадап айтты. Иә, тіл – халықтың жаны. Жанымыз да, қанымыз да, мәніміз де, сәніміз де, әніміз де, әріміз де ең алдымен тілден танылады.

Жер бетіндегі халық атаулының басты бір парызы – туған тілін сақтау, байыту, ұштау, көркейту, қуаттандыру, сөйтіп оны ұрпақтан ұрпаққа жайнатып жеткізу. Мұның жолы көп. Соның бірі – терминдер.

Термин дәлдігінің мәнділігіне назар аударудан бастайық әңгімені. Дәл осы күндері біздің ойымыздан шықпай, аузымыздан түспей тұрған ең басты сөз, әрине, сайлау. Сол «сайлауға» байланысты сөз мәніне көңіл бөлу керектігіне орай мынандай жайды айта аламыз. Қазақта сайлаудың неше түрі – хан сайлауы, аға сұлтан сайлауы, болыс сайлауы өткен. Ол кезде сайлаудың мәні адамды сайлылау, сайлылығын сынау дегенге саятын. Ал өткен ғасырда сол сөзге басқашалау реңк берілді. Мұны саяси тұрғыдан өте ақылды адамдар жасады. Қарап отырсаңыздар, бізде «выборы» да, «избрание» де бір сөзбен, «сайлау» сөзімен беріледі. Кеңестік идеология сайлауға келгенде осы дефиницияның «избрание» мағынасына көбірек салмақ салды. Сөйтіп сайлауды лауазымға көтермелеу, марапаттау ыңғайына келтірді, тіпті тағайындауға тақап қойды. Өйткені саяси жүйеге «выборы» ұғымынан гөрі «избрание» ұғымы тиімділеу еді. Сол кезде «сайлау» сөзінің «избрание», яғни таңдаулы деп тану мағынасы алға

шығарылды. «Выбран депутатом» деген жоқ, «избран депутатом» деп сөйледі. Тиісінше, «депутаттыққа таңдалды» деген жоқ, «депутаттыққа сайланды» деді. Сайлаудың өзі қоғамның абзал азаматтарын көтермелеу, марапаттау, оларға сенім көрсету актісіне айналдырылды. Мерекеге ұластырылды. Біздің қазақтар сол күні туған ұл-қызына Сайлау, Сайлаубек, Сайлаукүл деп ат қойып жататын болды. Ал демократия желі есіп, қайта құру басталғаннан кейін, тәуелсіздік жылдарында «выборы» сөзінің түпкі мәні, дәл аудармасы – «таңдау» мағынасы ашыла бастады. Әрине, «выборы» сөзінің өз мағынасы таңдау – «выбирать». Партиялар арасынан таңдау, бағдарламалар арасынан таңдау, кандидаттардың арасынан таңдау. Бұл сөзді терминді қалай алуға, қалай түсінуге байланысты ұғымдардың ауысуы да мүмкін екендігіне нақты бір мысал ретінде айтып отырмыз. «Выборы» сөзіне балама термин ретінде «сайлаудың» орнына «таңдауды» алуды ұсынып, бүйректен сирақ шығару үшін емес. «Сайлаудың» түпкі мәні сайлылау, яғни лайықтыны таңдау екенін ескерсек, жалпы сайлау атаулыға солай қарауға бейімделсек, бәрі де бірте-бірте орнына келеді. Терминдердің тілді дамытудағы алабөтен орнына байланысты мынандай тосын мысал келтіруге болады. Бір сұрақ қояйықшы. Сіздер орыс тілінде А әрпінен басталатын сөз қанша деп шамалайсыздар? 1974 жылы «Русский язык» баспасынан шыққан «Орфографический словарь русского языка» деген сөздікті алып қарайық. Көлемі орташа сол сөздікте 106 мың сөз қамтылған. А әрпінен басталатын сөздер тұтас 14 бетті алып жатыр. Барлығы 3360 сөз. Сол 3360 сөздің қаншасы орыстың өз сөзі деп ойлайсыздар? Мың ба? Жоқ. Бес жүз бе? Жоқ. Жүз бе? Жоқ. Елу ме? Жоқ. Он ба? Жоқ... Сонда қанша?.. Алты сөз! Атап-атап шығайық: аз, азбука, аж, авось, ага, агу... Бұлардың соңғы екеуі, яғни «ага» мен «агу» лепті сөздер – восклицания. Біздегі «иә», «ой», «түү» деген сияқты. Ол екеуін алып тастасақ, орыс тілінің өзінің А әрпінен басталатын сөздерін санауға бір қолдың саусақтары да жететін болып шығады... Сенсеңіздер де осы, сенбесеңіздер де осы. Сенбесеңіздер интернетті шұқылап, «Русские слова на букву А» деген мақаланы тауып алып оқыңыздар. «Наш язык брал от других народов названия тех предметов, понятий, животных, которые не встречались в нашей стране: ананас, апельсин, аллигатор, альбатрос, алебарда, аутодафе» делінген онда. Әлгі сөздікте (тағы да айтамыз – көлемі орташа сөздікте) мұндай сөздердің саны 3354... Сондағы «абажурдан» «аэроэлектроразведкаға» дейінгі аралықтан жаңағы айтылған алты сөзден басқа орыстың өз сөзін

табу мүмкін емес. «Антоновка», «Антоновские яблоки» деген сияқты антропонимдерді, «абхазец», «аварец», «аджарец», «алжирец», «армянин», «алтаец» деген сияқты этнонимдерді, «алеутский», «антарктический», «ангорский» деген сияқты топонимдерді төл сөзге жатқызуға болмайтыны белгілі. Сондағы «абзац» та, «абитуриент» те, «абонент» те, «абориген» де, «аборт» та, «аванс» та, «авангард» та, «аврал» да, «агитация» да, «ажиотаж» да, «азарт» та, «акробат» та, «айсберг» те, «актер» де, «актив» те, «акула» да, «анатомия» да, «ангина» да, «армия» да, «аромат» та, «асфальт» та, «аптека» да, «афиша» да, бәрі де сырттан келген сөздер. Олардың ішінде «алмаз», «алтын», «арба», «аркан», «аршин», «арык», «атаман» сияқты түркізмдер де толып жатыр. Біздің «Вер бана ат. А.С. Пушкин шығармаларындағы түркізмдер» деген зерттеуімізде («Елорда», 2009) ақын шығармаларынан алынған 120 түркі сөздері талданған болатын. Жаңағыдай сөздерді басқа әріптер бойынша да мыңдап келтіре беруге болады. Олардың бәрі де бүгінде сөздіктен ойып тұрып орнын алып, орыс тілін әлемдегі ең бай тілдердің біріне, Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми қолданылатын алты тілінің біріне айналдырып отыр. Терминдену арқылы тілдің байытылуын біз өзіміздің ана тілімізден де көреміз. Тіліміздегі жүз-жүздеген арабизмдер мен фарсизмдер – соның дәлелі. Дәптер, қалам, кітап, хат, құқық, мемлекет, отан, үкімет, ғасыр, заман, сағат, уақыт, ғылым, тәжірибе, ұстаз, сапар, тағдыр, хабар сияқты арабизмдерді, әждаһа, апта, астана, дастарқан, дозақ, жәдігер, қожайын, құмай, намаз, наурыз, ораза, пайғамбар, патша, пері сияқты фарсизмдерді біз баяғыдан өз сөзіміз деп білеміз. Термин деп аталмағанымен, олардың бәрі де өз заманының терминдері болатын. Русизмдер олардан көп болмаса, аз емес. Үстел, кәрзіңке, бәтіңке, кереует, самаурын деп шұбырта беру қиынға түспейді. Орыс тілінен сол күйінде ауысқан сөздер қаншама. Аудару жолымен енген сөздер қаншама. Калькалау жолымен қосылған сөздер қаншама. Қысқасы, әлемдегі әр тіл сияқты қазақ тілі де терминдену арқылы да көркейіп келеді. Алдағы кезде де тіліміз терминмен түрленетін болады. Жаһандану дәуірінде енді тілімізге ағылшын тілінің тікелей ықпалы да арта түсетіні талассыз. Қаласақ та, қаламасақ та солай. Ағылшын тілі демекші, 2009 жылы бұл тілдің сөздік қоры миллионнан асты. Соңғы мың жылдың ішінде ағылшын тіліндегі сөздер саны шамамен 20 есе артқан екен. Әрине, ол тілді байытудың басты қайнар көзі ғылыми-техникалық терминдер екендігі анық. Соның өзінде неологизмдердің бәрі бірдей Оскфорд сөздігіне қосыла салмайды, интернеттің сұрау сала іздеуінде 25

мыңнан артық рет кездескеннен, яғни жалпылама қолданысқа түскеннен кейін ғана ғылыми айналымға алынады.

Қазіргі қазақ тілінің тәуелсіз елдің мемлекеттік тілі міндетін абыроймен атқарып келе жатқанында ұлттық терминологияның алар орны ерекше. Бүгінгі таңда тілші ғалымдар арасында қазақ терминологиясының ғылыми негізі қалыптасып бітті деген тоқтамды пікір орныққан. Олай айтуға толық негіз бар. Ана тіліміздің қазынасына терминдер табиғи түрде кірігіп, тіліміз тоқтаусыз байып жатса, бұл істе осы үдерістің әдіс-тәсілдерін негіздеп берген терминтанушы ғалымдардың үлесі үлкен. Бұл жөнінде көрнекті терминтанушы ғалымымыз Шерубай Құрманбайұлы салмақты сөз айтты.

Соңғы жылдарда қазақ тілінің терминдері біраз сынға ұшырап жүргені рас. Олардың арасында ең жоғары деңгейде айтылғандары да бар. Осы арада өзіміз көп жылдан бері мүшесі болып жүрген Терминология комиссиясының жұмысына қысқа қайырып тоқтала кетудің орайы келіп тұр. Төл тіліміздің терминдер арқылы толығында соғыс біте салысымен, сонау 1945 жылы құрылған Терминология комиссиясының ұзақ уақыт бойғы жүйелі жұмысының рөлі ересен. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілген 31 томдық терминологиялық сөздіктің Терминкомның сүзгісінен өтіп, мақұлданғанын айтсақ та жеткілікті болар дейміз. Олардың әрқайсысында орташа есеппен 13-14 мың термин бар. Сонда тасқа басылып, дефиницияланған терминдеріміздің өзі шамамен 400 мыңның о жақ, бұ жағында болып шығады екен. Кіріспе сөзінде конференция модераторы Бейбіт Мамраев 369 мың деп нақтылап айтты. Қалай болғанда бұл қыруар байлық! Табиғатынан қабылдампаз тіліміздің терминдерді қазақшаға қабыстырып ала қоятын қасиетін, әсіресе, өзімізге әбден сіңіскен сөздерді бізге тілі жақын ағайындардың қалай қолданатынымен салыстырғанда анық көреміз. Кейінгі кезде Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті біздің нақты ұсынысымыз бойынша Терминология комиссиясының отырыстарында талқыланатын терминдердің әзербайжан, түрік, қырғыз, өзбек, ағылшын, француз, неміс, испан тілдеріндегі нұсқаларын қоса ұсыну жақсы дәстүрге айналды. Солардың өзіміздің тісіміз бататындарымен салыстыра қарағанда қазақ тіліндегі терминологияның туысқан тілдердегіден анағұрлым ғылыми негізді екеніне көз жеткізе аламыз.

Терминология комиссиясының жұмысында пуризм кездесетінін айту

жөн. Мұның сыры қарапайым. Тек кемшіліктен тұратын құбылыс болмайды. Пуризм де солай. Purus – латынша таза деген сөз. Туған тілді өзге тілдің әсерінен тазарту және қорғау, сондай-ақ нормаға түспеген тілдік элементтерден арашалау да пуризм болып саналады. Бұл жағынан пуризмнің жағымды жақтары да бар. Ататүріктің тұсындағы түрік тілші ғалымдарының араб, парсы сөздерінен тілді тазарту үшін мыңдаған жаңа сөздерді ойлап тапқаны, бұлар тарих қойнауында ұмытылған өзіміздің байырғы сөздеріміз, оларды тілімізге оралтып жатырмыз деген ғылымыланған аңыздар таратқаны, соларды негіздеп ондаған монографиялар жазғаны бүгінде мемлекеттік құпия болудан қалған. Әлгі сөздердің дені тілде тұрақтай алғаны тағы рас. Пуризм – талай тіл өткен жол. Славянофилдердің кезінде «ботинканы» «мокроступ» деп жазуға жағаласып баққаны белгілі. Ондай ізденістер бізде де болды. Терминдерге қалайда балама табуға тырысушылық кейде біржақтылыққа соқтырғаны рас. Жаңа Шерубай Құрманбайұлы да сынап өтті, алдымен былай алдық, біраз жылдан кейін былай алдық деп. Термин жасау – жанды процесс. Өмір кей терминдердің уақыт сынына шыдамағанын көрсетуі де мүмкін. Ондайда «солай бекітіп қойғанбыз» деп сіресе бермей, қателікті жөндеген дұрыс. Мысалы, музейді «мұражай» деп алу көңілдегідей шықпағанын мойындау керек. Мойындадық та. Неге десеңіз, музей деген мұраны сақтауға қоятын жай ғана емес. Музей деген (түпкі мағынасы – музалар үйі) тарихтың, материалдық және рухани мәдениеттің жәдігерліктерін жинаумен, зерттеумен, сақтаумен, көрсетумен, сондай-ақ санаткерлік, танытушылық қызметпен айналысатын мекеме. Сақтау – музейдің сан қырлы қызметінің бір қыры ғана. Сонымен бірге, терминге сыңар сөздер де (дублетные термины) болатынын, болуға тиісті екенін ескеру керек. Сынға іліккен «ғаламтор» – сондай сөз. «Интернет» сөзі термин ретінде интернет күйінде бекітілген. «Ғаламтор» – «всемирная паутина», «глобальная сеть» деген ұғымдардың баламасы. Интернеттің бейресми, бейнелі атауы. «Всемирная паутина» дейтін тұсты «ғаламтор» деп алудың онша айыбы жоқ шығар. Кешегі өткен Ерағанды – Еркеғали Рахмадиевті күйіндіретін «сазгер» де соншама сорақы сөз емес. Марқұм: «Мен бұрын композитор Рахмадиев едім, енді сазгер Рахмадиевке айналдым» деп шаншып сөйлейтін. Композитор сөзі Терминком тарапынан термин ретінде «сазгер» деп бекітілмеген. Композитор – музыкалық композиция құруды кәсіп ететін автор. Сонымен бірге «мелодист» деген ұғым да бар ғой. «Мелодист» ұғымына

сөздіктерде «музыкант-инструменталист, сочиняющий только песенные напевы» деген анықтама беріледі. Әуені қарапайым әндердің иесіне сол «сазгер» сөзі шақ келмей ме? Олардың бәрін «композитор» дей беру артық болмай ма қайта? Айтқандай, рояль, фортепиано, пианино сөздері сол күйінде, аман-есен тұр. Өйткені тұруға тиіс. «Күйсандық» деу солардың бәрін бейнелеп атауды ғана білдіреді. Проза, поэзия тілінде, орынды жерінде пайдаланса артығы болмауы әбден мүмкін. Бәрі де контексте қалай қолдануға байланысты.

Мына жайдың да басын ашып алайық. Баспасөз бетінде қылаң беріп қалатын, әлеуметтік желілерде жиі-жиі келеке етілетін «қылтима» (балкон), шаптырма (фонтан), сарықисық (банан), былқима-сылқима (диван-кресло), уқалағыш (массажер) сияқты тұрпайы терминсімақтарға қатысты айтарымыз мынау: мемлекеттік Терминология комиссиясында ондай сөздер бекітілмек тұрмақ, қаралған да емес, қаралмақ тұрмақ, ондай ұсыныстар жасалған да емес. Терминнің маңында жүрген адамдар ондай әңгімеге бармайды. Сондықтан мұндайдың бәрі әлеуметтік желіге қазақ тілін мазақ ету салынатын арандатушылық екенін бәріміз біліп отыруымыз керек.

Баспасөз арқылы орныққан жаңа сөздер қатарында ақуыз – белок, аударым – перевод, әдіснама – методика, әзірleme – разработка, әлеует – потенциал, бағам – курс, бейін – профиль, бітімгер – миротворец, діңмаңдайша – портик, жағдаят – ситуация, жүктеме – нагрузка, кептеліс – пробка, кешен – комплекс, кілтсөз – пароль, қасбет – фасад, құғын-сүргін – репрессия, құжат – документ, құзырет – компетенция, майса – газон, оққағар – телохранитель, отшашу – фейерверк, рәсім – церемония, саябақ – парк, тағаттылылық – толерантность, таптаурын – стереотип, тапсырыс – заказ, таралым – тираж, тарихнама – историография, телім – участок, төлем – платеж, түптұлға – прототип, түсім – поступление, тікұшақ – вертолет, тінтуір – мышь, ұнтаспа – кассета, ықпалдастық – интеграция, іскі – шприц сияқты сөздерді жүздеп келтіре беруге болады. Бұлардың бәрі дерлік бара-бара іс қағаздарына ауысқан, бірте-бірте біразы Терминком тарапынан ресми бекітілген сөздер. Көбі бүгінде орнығып кетті. Осы дәстүрдің негізі бұрыннан-ақ қаланған. Мысалы, 1972 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан «Тіл мәдениеті және баспасөз» атты жинақтағы «Заң терминдерін қолданудың кейбір мәселелері» деген мақаласында Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Ведомстволарының бас редакторы Кемел Тоқаев: «Кейде сөздің заңда

қолдануының нақты мәнін білмей, тұспалдап аударушылық бар. Мысалы, сотта, іс қазақша жүргізілетін мекемелердің көбінде «решение суда» деген сөздерді соттың шешімі, определение деген сөзді анықтама деп алады. Шынында, мұндағы «решение» деген қаулы-қарарларда кездесетін шешім емес, билік (соттың билігі) деген мағынаны білдіреді. «Определение – ұйғарым деген сөз» деп жазыпты. Содан бері заң термині ретінде «определение» «ұйғарым» болып келеді. 2013 жылы шыққан «Заңнамада жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері» атты қостомдық анықтамалықта да дәл солай жүр.

Рас, жазушылардың, журналистердің ізденісі барысында алқасөз (коллегия), аспансерік (стюардесса), ауқымдану (глобализация), әуедоп (волейбол), көнімпаздық (толерантность), толағай (штангист), уқалағыш (массажер), ұнпарақ (газета), шайнама (закуска), шатхана (кафе) сияқты толып жатқан эксперименттер де кездесті. Олар тілде орныға қойған жоқ. Латынның «terminus» сөзінің мағынасы – шекара, шек (граница, предел) дегенді білдіретіні белгілі. Яғни термин деп білімнің немесе іс-әрекеттің арнаулы саласындағы ұғымды (дефиницияны) сипаттайтын сөзді немесе сөз тіркесін айтамыз. Ал ол неліктен о бастан шекара, шек сөздерімен байланыстырылған? Рим мифологиясында жер телімдерін бөлетін шекаралар мен аралық белгілер құдайын Термин деп атаған. Демек, термин дегеніміз – шегі, шекарасы, аралығы анық айқындалған сөз. Жалпы қолданыстағы сөздерден терминдердің басты айырмашылығы – көпмағыналы, астарлы болмайтыны. Терминнің негізгі ерекшеліктері мыналар: біріншіден, жүйелілігі, екіншіден, дефинициясы, яғни ғылыми анықтамасы, үшіншіден, моносемиялылығы, яғни әртүрлі мағына тудырмайтындығы, төртіншіден, экспрессияның болмауы яғни, сезімге ерік бермеуі, бесіншіден, стильдік бейтараптылығы. Терминжасам ісінде осы талаптар сақталуы міндетті. Терминдерді қолданудағы дәлсіздік халықаралық құжаттарда, әртүрлі іскерлік мәмілелерде, мүлікті кепілге қоюға, сатуға, тарту етуге қатысты нотариус қағаздарында, адам тағдырын шешетін сот ұйғарымдарында түсінбестікке, тіпті дауға соқтыруы да мүмкін. Әскер және қорғаныс салаларының терминдерінде бұған атымен жол беруге болмайтыны белгілі.

Қазақ алфавитінің латын жазуына көшірілуіне байланысты терминжасам ісін жетілдіру – жылдар бойы атқарылатын, жүйелі жүргізілуге тиісті жұмыс. Осы орайда жаңа әліпбидің қазіргі бекітілген нұсқасы әлдеқайда жақсарғанын, негізінен халықтың көңілінен

шыққанын, баспасөзде қолданыла да бастағанын разылықпен айта отырып, жеке пікір ретінде мына жайды ортаға салғымыз келеді.

Жаңа әліпби қазіргі қазақ тілінің бері қойғанда соңғы екі ғасырда қол жеткен фонетикалық байлығынан түбегейлі бас тартқызуға тиіс. «Бұрын тілімізде болмаған, бізге жат дыбыс» деу де шартты сөз. Мысалы, өзіміздің әуелдегі әрпіміз сияқты көрінетін х әрпінен басталатын төл сөзіміз жалғыз ғана «хан» сөзі. Ханталапай, хандық, ханшайым, ханым сөздерінің бәрінің тегі – хан. Оның өзінің түп-түбірі «қағанда» жатқанын ескерсек, бізде х әрпінен басталатын төл сөзіміз жоқ болып шығады. Солай екен деп біз х дыбысын жатсына алмаймыз ғой. Айтқандай, біз «кірме сөзден» гөрі «сіңірілген сөзді» дұрысырақ көреміз, тіліміздің қабылдампаз табиғатына осы анықтама көбірек келетін сияқты. Орыстың тілші мамандары да «слова-пришельцы» дегенді сирек қолданады, олардың көбірек айтатыны – «заимствованные слова».

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіруге байланысты ұлттық терминологияны жаңаша қалыптастыру жөнінде алдымызда аса ауқымды, аса ауыр жұмыс тұр. Аса ауқымды, аса ауыр болатыны – қазақ терминологиясын түгелдей латын жазуында транслитерациялау қажеттігінде. Яғни латынға толық көшеміз деп белгіленген 2025 жылға дейін ұлттық терминологияның кемінде 45-50 томдық салалық сөздіктерін дайындау, талқылау, бекіту, құрастыру, бастыру ғана емес, сол сөздердің бәрін жаңа әліпбиге ауыстырып шығу керек болады. Иә, көшіріп шығу емес, ауыстырып шығу. Терминдерді кирилл жазуына негізделген әліпбидегі түрінен латын жазуына негізделген әліпбидегі түріне көшіруді техникалық тұрғыдан бізге кәдімгі конвертор-ақ шешіп бере алады. Оның төрт томдық «Абай жолының» өзін латын жазуына айналдасы оншақты секундтың ішінде көшіретінін мамандар растап отыр. Мәселе басқада. Мәселе жазуымызды латынға ауыстыру барысында терминологияны да тілдік реформаға бейімдеуде, терминдердің қазақ тілінің әуезділік талаптарына сай болуын құнттауда. Өз басымыз жазуды латынға ауыстырудағы мақсаттың бірі қазақ тілінің қоңыр үнін қалпына келтіру деп білеміз. Үндестік заңы түркі тілдерінің дыбыстық жүйесіндегі басты заң десек, мұның үйренерлік үлгісін қара шаңырақтағы қазақтар көрсетуге тиіс. Бұл орайда ойлантатын жайлар баршылық. Шеттілдік сөздер емлесінің ережелерін әлі де жетілдіре түсу керек сияқты. Бір ғана қырын айтайық. Ол жіңішкелік белгісі (ь) мен айыру белгісіне (ъ)

байланысты. Олар жаңа әліпбиде атымен таңбаланбаған. Жіңішкелік белгісі бар буынға жіңішке дауыстылардың әрпі жазылатын, ал айыру белгісі ескерілмейтін, қосымшалар соңғы буын үндесіміне сәйкес жалғанатын болып белгіленді баспасөзде жарияланған жобада. Мысалы, ансамбль сөзі енді ансамбл күйінде жазылғалы отыр. Неге? Оны сол күйінде ансамбл деп оқитындар, солай дыбыстайтындар табылады. Табылады емес-ау, қазіргідей сауатсыздық жайлаған жағдайда, ана тілінің қайнарынан қанып ішпегендер азаймай тұрған кезде көптеп кездеседі. Сингармонизм заңдылығын білетіндер, әуезділік талабын ескеретіндер ол сөзді ансамбіл деп жұмсартып оқиды, солай дыбыстайды. Немесе айыру белгісі (ъ) ескерілмейтін болып отыр. Субъект енді субект болып, объект енді обект болып, фельдъегерь енді фелдегер болып жазылады. Сингармонизм заңдылығын білетіндер, әуезділік талабын ескеретіндер оларды субиект деп, обиект деп, фелдиегер деп оқиды, солай дыбыстайды. Бірақ жұрттың бәрі орфография мен орфоэпияның аражігін соншама дәл ажыратып жатпайды ғой.

Ең басты мәселе, біздіңше, терминдердің жазылуында қай тілдегі нұсқаны түпкісөз ретінде ұстануға келіп тіреледі. Орфоэпия бойынша жазуға шақырушылар да шығып жатыр. Мысалы, конституция сөзін түпкі нұсқадағыдай *конститьюшн* деп, аннотация сөзін *энетэйшн* деп, классификация сөзін *клэсификэйшн* деп жазу ұсынылуда. Біздіңше, бұл өте даулы мәселе. Бүкіл әлем орфография бойынша жазады, орфоэпия бойынша сөйлейді. Онда орыстың «ция» деген сөзжасам жұрнағынан шығарылған мыңдаған сөздердің қазақша нұсқасының бәрін өзгертуге тура келеді. Тиісінше жұрнақ, жалғау, септіктер де өзгереді. Жүздеген заңдарға тиісті түзетулер енгізу керек болады. Оладам шошырлық жұмыс және сол жұмыс қажет пе өзі? Мысалы, *конституционный* деген сөзді *конститьюшндік* дейтін боламыз ба? Әлде жазылуына қатып қалып, *конституциондық* дейміз бе? Әлде о бастағы латындық нұсқасымен *конститудиолық* дейміз бе? Мұны латын жазуымен ағылшын тілін үйренуді жеңілдетеді деп түсіндіреді. Дәл осы жағынан ағылшын тілі соншалықты үйренерлік үздік үлгі емес. Жазылуы мен оқылуының екеуі екі жаққа кететін сөздер ағылшын тілінде өте көп. Ана жылы Англияға барғанда бір анекдот естігенбіз – «Оксфорд деп жазамыз, Кембридж деп оқимыз» деп өздеріне өздері күледі екен. «Бұрын былай жазылатын, енді былай жазылады» деп қолдан қиындатып жүріп, жастарымыз қазақ тілін жаңа әліпбимен үйренуге енді көбірек бет бұрады-ау деген

үмітімізді үздіріп алмаймыз ба? Ондай да қауіп жоқ емес қой. Нағыз ойланатын, қатты ойланатын кезде тұрмыз. Осындай жайлар жаңа әліпбиді ішінара жетілдіру қажеттігін қарастыруды талап етуі де мүмкін түптің түбінде. Ол жағын тілші мамандардың қарауына қалдырайық. Негізінде көрші ағайындар сияқты латынға толық көшкеннен кейін барып жазуға үш рет реформа жасап жүргеннен гөрі жетілдіруге болатын тұстарды жаңа әліпбиге толық көшпей тұрып жетілдіріп алған жөн. Әрине, жаңа әліпбидің әлде де жетілдіруге болатын тұстары бар деген аса байыпты, ғылыми тоқтам жасалған жағдайда ғана.

Негізінде, бұрынғылар да терминдерді қолдану, тіл мәдениеті туралы бізден кем бас қатырмаған. 1968 жылы 16-18 желтоқсан күндері (үш күн бойы!) Ғылым академиясында баспасөз тілінің мәдениеті жөнінде ғылыми-практикалық конференция өткен. Конференция материалдарынан құрастырылған «Тіл мәдениеті және баспасөз» атты жинақты студент кезімізден сақтап келеміз. Академия президенті Шаһмардан Есеновтің кіріспе сөзінен бастап, Ісмет Кеңесбаев, Мәулен Балақаев, Әмәди Ысқақов, Рабиға Сыздықова, Шора Сарыбаев, Әйтім Әбдірахманов, Кәкен Аханов, Төлеубай Қордабаев, Ғайниден Мұсабаев сынды тілші-ғалымдар, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Мұзафар Әлімбаев, Кемел Тоқаев сияқты жазушылар, Құрманбек Сағындықов, Нұрғазы Шәкеев, Әбдуәли Қарағұлов, Жанайдар Мусин, Ғайса Сармурзин секілді журналистер негізгі, қосымша баяндамалар жасап, жарыссөзде сөйлеп, тіл мәдениетінің көкейкесті мәселелерін қозғаған сол алқалы жиында бес бірдей баяндаманың терминологияға арналуы көп жайды аңғартады. Жазуымызды латынға ауыстырудың қазіргідей күрмеуі көп кезеңінде Білім және ғылым министрлігі, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі бірлесе отырып, осы үлгімен үлкен конференция өткізсе, сол беделді конференция латынға көшудің ғылыми негізін түпкілікті саралап берсе деген нақты ұсыныс жасағымыз келеді. Бұл істегі тоқтамды сөзді тілші-ғалымдар айтуға тиіс екені талассыз.

Терминдердің тілде орнығуында БАҚ саласының алар орны үлкен. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы әріптестеріміз ана тілімізді байыту, әлеуетін арттыру жөніндегі жауапкершілік жүгін жеңілдетпейтініне сенімдіміз. Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген сөзі біздің бәріміз үшін басты бағдар бола беруге тиіс.



АМАНГЕЛДІ ШҮРЕНТАЕВ

*А.Байтұрсынұлы атындағы
Қостанай мемлекеттік университеті
Журналистика және коммуникациялық
менеджмент кафедрасының аға оқытушысы*

ЖАРНАМА ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІ

XXI ғасыр ақпараттық коммуникация (қарым-қатынас) мен жаңа ақпараттық технологияның қарқынды өсуімен ерекшеленеді. Дәстүрлі БАҚ-тың қарқынды дамуы – баспа, радио, теледидар және Интернеттің пайда болуы мен таралуы – бірыңғай ақпараттық кеңістіктің, ерекше үздік те озық ортаның, көптеген медиаағымдар жиынтығының пайда болуына алып келді. Осының бәрі сөздің пайда болуы мен таралуына, сөздік қолданыстың ерекшеліктеріне, тілдегі өзгерістердің сипатына ықпал етпеуі мүмкін емес еді. Осындай сөз қолданудың ауқымды ағымы бүгінгі бұқаралық ақпарат саласына да келіп жетті.

Қоғам өмірінің айнасы болып табылатын бұқаралық ақпарат құралдары ондағы саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, спорт, өнер, денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы барлық қордаланған проблемаларды жұртшылық назарына ұсынатын да, қандай да бір ғылыми жаңалықтар мен жетістіктерді көпшілікке таныстырып жеткізетін де әмбебап құрал болғандықтан журналистер қауымын ғаламның ақпараттық бейнесін жасаушылар деп тануға негіз бар.

Қазіргі мерзімді баспасөздегі жарнама ұлттық мәдениеттің белгілерін, өзге халықтардың мәдениетіне ықпалын тигізіп, жеке адамның ақпарат алу көздерін қалыптастыратын құрал. Жарнаманың тілдік және вербалды емес құралдардың жиынтығынан тұратынын, ақпарат беру, ықпал ету қызметтерін атқаратын кешенді нысан екенін, тілдік құралдар нысаналы түрде пайдаланылып, алдын-ала дайындалған сөйлеу әрекеті екенін білеміз. Қазіргі қазақ жарнамалары атқаратын функциялары жағынан, тілдік құралдардың ұйымдастырылуы жағынан көсемсөз стилінің – газеттік-публицистикалық стильдің ішкі шағын стилі. Жарнама мен PR

- психология, қоғамтану, журналистика ғылымдарына, сонымен қатар әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану, аударматану, стилистика салаларына да қатысы бар тілдік коммуникацияның бір түрі.

Жарнама қашанда табыс, қаржы табу көзі болып келді және солай бола береді. Кез келген тауардың да, қызметтің де жарнамасыз өтуі мүмкін емес екенін ескерсек, жарнаманың араласпайтын саласы жоқ деуге болады. Бір қарағанда жарнама экономика, маркетинг салаларына ғана қатысты болып көрінгенмен, алайда бұқаралық ақпарат құралдарының да ажырамас бөлігі болғанын мойындауымыз керек. Жарнама – еңбек қарым-қатынасының, еңбек өнімдері мен өндіріс күштерінің арасалмағы нарықтық формаға ауысып отырған қоғам құрылысының жаңа кезеңінде нарықтық қарым-қатынастың құрамдас бөлігі; қызмет көрсетулердің, тауарлардың түрлерін насихаттайтын өндіріс орнының тиімді қызмет етуіне ықпал жасайтын, еңбек пен өнім бәсекелестігін дамытатын нысан; қоғамдық-әлеуметтік мазмұндағы термин.

Бұл – оның экстралингвистикалық сипаты. Қазіргі кезде қазақ қоғамы дамуының алдыңғы кезеңімен салыстыра қарағанда, жарнамалардың сандық-көлемдік арасалмағы да өзгерді. Нарықтық қарым-қатынастың бір құрамдас бөлігі болғандықтан, жарнама ісінің әлеуметтік мазмұны кеңейді және осы терминнің ұғымдық көлемі ұлғайды.

Жарнаманың мәтін ретіндегі өзіндік ерекшеліктері:

- Ақпарат беру және ықпал ету қызметі үшін тілдік құралдарды мақсатты түрде пайдаланады;
- Қарым-қатынас орнатуға бағытталады;
- Әлеуметтік мазмұндағы қызметті атқарады.

Қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнаманың жариялануы, жалпы БАҚ жарнамасының дұрыс қалыптасуында әлі де басы ашылмаған мәселелер көптеп кездеседі. Оның басты себебі – БАҚ-тағы жарнама мәтіндеріне бей-жай қарап келгендігі, жарнамалық жарияланымдардың түбегейлі зерттелмегендігі, мониторинг жүргізілмегендігінен деуге болады. Осы тұрғыдан алғанда халықтың тілі боп саналатын мерзімді баспасөзіндегі жарнамалық материалдардың тілі мен стилін қарастырып, зерттеу маңызы ерекше мәселе деуге болады. Орыс тілді басылым беттерінде жарияланатын этика нормаларына келмейтін, ар-намысқа тиетін жарнама қазақ басылымдарында жоқ де-

сек те, жарнаманың көп бөлігі орыс тілінен аударылатындығы, кейбір басылымдарда қазақ тілінде емес орыс тілінде берілуі алаңдатады.

Терминология мәселесін көтергенде аударма мәселесі алғашқы орынға шығатыны даусыз. Қазақ тілтанушыларының алдында сол кезден-ақ өзге тілден енген сөздерді солай қабылдау керек пе немесе аудару қажет пе деген мәселе тұрды.

Қазіргі уақытта көшеге шыға қалсаңыз міндетті түрде сыртқы жарнамаларды көресіз. Бір өкініштісі, әсіресе қазақ тіліндегі жарнамалардағы орфографиялық, стилистикалық қателердің көп болуы. Кейбір уақытта дұрыс аударма жасалмағанын да аңғарамыз. Ондай қате кеткен кезде берілген сөйлемнің де мағынасы өзгеріп, адамға түсініксіз болады. Ал жекеменшік нысандардың атаулары мен сыртқы жарнамалары орыс тілінен мемлекеттік тілге сөзбе-сөз, шала-шарпы аударылып, мағынасы өзгерген дүбәра сөз тіркестері мен грамматикалық қателер өріп жүр. Кейбір нысандар мүлдем қазақ әріптерін қолданбайды. Яғни, заң талаптарына сай жазылмайды.



Иә, бірнеше іс-шаралар мен акциялар (мысалы, «Таза қалаға – таза жарнама»), баспасөз беттерінде «Жарнама қателері» туралы қаншама фотобәйгелер де ұйымдастырғаны белгілі. Алайда, күнделікті көріп жүрген қала көшелеріндегі жарнамалар сол баяғы қалпында.

Осындай келеңсіздіктерді ескере отырып, сіздердің назарларыңызға арнайы әзірлеген «Сауатты жарнама» атты жобамды ұсынамын.

«Сауатты жарнама» қызмет көрсету орталығы

1. Қызмет сипаттамасы

Аталмыш орталық өз қызметін мынадай бағыттарда жүзеге асырады:

- орыс тіліндегі жарнамаларды сауатты аудару;
- мемлекеттік тілдегі жарнамалардың қатесін дұрыстау;
- жарнама макеттерін жасау (копирайтер қызметі);
- қазақша-орысша және орысша-қазақша электрондық және басқа да сөздіктерді дайындау, сату (мини-shop).

Қызметтің жалпы мінездемесі: жұмыс жасау барысында жаңа ақпараттық құралдарды пайдалану. Жоғары білімді және тіл білімі саласында тәжірибесі мол мамандарды қызметке тарту. Қосымша қызмет көрсету және кеңес беру қызметтері де жоспарланған (қаламыздағы бірнеше жарнама агенттіктерімен серіктестік).

2. Нарықтық талдау, бәсекелестік

Қостанай қаласында жарнама қызметімен айналысатын бірнеше агенттіктер бар. Бірақ оның барлығы дерлік орыс тілінде қызмет көрсетеді. Ал қазақша қызмет көрсету бір сөзбен айтқанда мүлдем жоқ. Салыстырма үшін, Алматыдағы 200-ден астам жарнама агенттіктерінің бірде-біреуі қазақ тілінде жарнама жасамайды. Тек аудармамен айналысады, оның өзі де сауатсыз.

Біздің ұсынып отырған «Сауатты жарнама» қызмет көрсету орталығы жеке және заңды тұлғаларға жеке-жеке қызмет жасайды.

Бұл орталықтың бәсекелестерден артықшылығы:

- қазақ тіліндегі барлық қызметтер түрін көрсету мүмкіндігі;
- қызығушылықтың артықшылығы;
- қаланың барлық жарнама агенттіктерімен байланыстылығы;
- БАҚ-пен келісімшарт арқылы жұмыс жасау.

Орталықтың бәсекелестерден кемшілігі:

- жаңа ашылған орталықтың тұтынушыға бейтаныс болуы.

Кемшілікті жою үшін:

- кең көлемде хабарландыру жасау;
- баспасөз маслихаттарын өткізу, мақсатты аудитория жинау;
- тұтынушыларға келесі жеңілдіктерті ұсыну:
 - алғашқы 2 ай бойы жеке және заңды тұлғаларға 10% жеңілдік;
 - қаңтар-ақпан айларында 20% жеңілдік;
 - жинақтау жеңілдіктері: жеке тұлғалар үшін 20000 теңгеге тапсырыстан кейін 5%, ал заңды тұлғалар үшін 30000 - 5%, 50000 - 7%, 70000 - 10%, 100000 - 15%.

3. Өндірістік жоспар

«Сауатты жарнама» орталығының негізгі тауары қызмет көрсету болып табылады. Негізгі шығындарға жалға алу төлемі, кеңсені құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, кеңсені жөндеу, керекті материалдарды, тауарларды сатып алу, жарнама шығындары жатады.

4. Маркетингтік жоспар

Осы бөлімде аталмыш орталық тапсырыс берушілерді толығымен ақпараттандыруды басты мақсат етіп отыр.

Орталық көрсететін қызметтің сұранысқа ие болуын жүзеге асыру оңай іс емес. Ол, тіпті, өндірістік тауарлардың сұранысын арттырудан да қиын. Өйткені, қызмет пен тауардың арасында үлкен айырмашылық жатыр. Белгілі ғалым, Ф.Котлердің пікірінше, қызмет көрсетудің басты ерекшелігі оны қолмен ұстауға, көруге, сезуге болмайтындығында және оны сатып алмайынша, оның сапасын білмейтіндікте.

Кез келген қызмет көрсету орталығының өз қызметінің тапсырыс берушілердің сатып алуына итермелейтін 2 фактор бар. Олар:

1) Фирма имиджі – бұл көбіне қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпорындарға, агенттіктерге, орталықтарға, жеке кәсіпкерлерге қажет. Өйткені, қарапайым тұтынушылар, тапсырыс берушілер «танымал, аты шыққан» кәсіпорындардың қызметін пайдаланғанды ұнататыны сөзсіз. Имиджді қалыптастыруда жарнаманың рөлі елеулі.

2) Персонал мен жоғары білімі бар мамандарды таңдау, олардың білім деңгейін көтеру арқылы қызмет көрсету сапасын арттыру.

Бүгінгі қоғамда мемлекеттік тілдегі жарнамалар саны аз. Бар болғанмен де, сауатты жазылған жарнама деп ауыз толтырып айтарлықтай емес. Сондықтан біздің көрсететін қызметіміздің түрі жоғары деңгейде сұранысқа ие болары анық.

5. Ұйымдастыру жоспары

5.1 Қызметті ұйымдастыру – бизнесті жүзеге асырудағы маңызды критерийлердің бірі. Соның ішінде қызметкерлерді дұрыс таңдау басты орынды иеленеді. Ең алдымен, жоғары білімі бар, тәжірибесі мол мамандарды табу керек. Ең қиын деген сатылардың бірі – қызметкерлерден тиімді және бірлесе жұмыс атқаратын команда құру.

5.2 «Сауатты жарнама» қызмет көрсету орталығындағы жұмыс атқаратын қызметкерлер тізімі

Қызметкерлер	Саны	Жалақы мөлшері	Барлығы
Копирайтер	2	200 сағ. x 2	400 сағат
Аудармашы	2	200 сағ. x 2	400 сағат
Хатшы	1	50 000	50 000 тг

Бухгалтер	1	70 000	70 000 тг
Дизайнер	1	70 000	70 000 тг
Курьер	1	40 000 + 20%	40 000 + 20%
Заң мәселелері бойынша кеңесші	1	100 сағ.	100 сағат
Барлығы	9		

Аталмыш жобаны кез келген облыстық, қалалық әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы, бөлімдері негізінде іске асыруға ұсынылады.

Сөзімді филология ғылымдарының кандидаты, доцент Дәмегүл Баялиеваның сөзімен аяқтағым келіп отыр: «Жарнама – тілімен жарнама болады. Сондықтан да жарнама мәтініне де арнайы талаптар қойылуы керек деп ойлаймын. Біздің мақсат жарнаманы жоққа шығару емес. Қайта, қазақтың бай, көркем тілі – сапалы да сұлу сөздерінің мән-мағынасына мән беріліп, орынды да орнықты қолданса деген тілек қана».



ҚҰРАЛАЙ КҮДЕРИНОВА

*А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының бас
ғылыми қызметкері, ф.ғ.д.*

ШЕТТІЛДІК СӨЗДЕР ЕМЛЕСІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Қазақтың жаңа емлесінде шеттен енген сөздердің жазылуы бұрынғыдан өзгешерек болайын деп тұрғаны белгілі. Оның басты себебі – әліпбидегі әріптердің 42 таңбадан 32 таңбаға қысқартылуы. Сонда ц, щ, ь, ъ, ю, я, е, х, й, э әріптері бар кірме сөздерді енді қалай жазамыз деген сұраққа Жаңа ереженің 22 параграфы жауап береді.

«Ереженің осынша бөлігі кірме сөздердің емлесіне неге арналады? Әліпбиде жоқ ц, щ, ь, ъ, ю, я, е, х, й, э әріптерін қайта түгендеп, жазылуын көрсетудің қажеті бар ма? Тағы да орыс тілінің шылауында отырмыз» деген пікірлер мен сұрақтар бар. Ереженің 107 параграфының 22-сі тілімізге орыс тілі арқылы енген 330 мыңнан астам шеттілдік сөздер мен тіркестердің жазылуына арналса, ол көп пе?

Түркі тілдері ХХғ. басынан бері халықаралық терминдермен толықты. Кеңестік түркі тілдері орыс тілі арқылы, түрік тілі ағылшын, француз тілінен тікелей енген терминдермен байыды. Кирилл графикасындағы түркілердің кірме лексикасы, орыс тіліндегі терминдердің өзі болып шықты. Сөйтіп, кеңестік түркілер сөздеріне орыс тілін қосып сөйлеуді біртіндеп әдет алып кетті. Тіпті, ноғай, құмық, алтай, чуваш, саха тілдері терминдерді орыс тілі жұрнақтарымен жазды: социалистический революция, ленинский политика. Ал қазақ, қырғыздар ауызша сөйлеуіне қосты. Акцентсіз орыс тілінде сөйлей алатын түркілердің көбі біртіндеп ана тілінен жери бастады. Бірақ әзербайжан әліпбиінде, алғашында щ, ь, ъ, е (ио), х әріптері болған жоқ. 1947 жылы алфавиттен Цц әрпі алынып тасталды. 1958 жылы Ээ, Юю, Яя әріптері ығыстырылды, й әрпін j-мен ауыстырды. Сөйтіп, алфавитте шеттілдік сөздерді жазу үшін в, ф, х әріптері ғана қалған.

Ал түрік тіліне сөздер француз тілінен енді. Мысалы, 1928 жылғы сөздікте француз тілінен енген сөз тек 1412 болса, 1939 жылы 1968 сөз, 1941 ж. – 2411, 1945ж. – 2482, 1955ж. – 2500 сөз болды. Ал 2004 жылы басылып шыққан сөздікте 5757 француз негізді кірме сөз бар. Бірақ түрік әліпбиінде француз жазуының әріптері болған жоқ. Барлық кірме лексика түрік тілінің айтылуына сай жазылды. Сондықтан түрік ауызша тілі де, жазба тілі де бірегей түрік тілінде болды.

Қазақ тілінің жағдайы басқа. Сондықтан алдымен 80 жылдай ф, в, ц, щ, ь, ъ, ю, я, е, х, й, э әріптерімен термин сөздерді орыс орфографиясындай жазып, «бейнесі өшпестей» боп сақтаған кірме сөздердің (300 мыңнан аса) жаңа емлесін анық, айқын көрсетіп, түгендеп алмасақ, екі түрлі нұсқада жазудың өзі (кейбір сөздер 5-6 вариантта жазылды) емледе үлкен ала-құлалық тудырайын деп тұр. Сол себепті жаңа емле ережесінде әліпбиде жоқ әріптердің қалай жазылатыны арнайы параграфтарға бөлініп, түсіндіріледі. Бұл өтпелі кезеңнің, 2027 жылға дейінгі кезеңнің ережесі болмақ. Одан кейін кірме сөздер ережесінің параграфтары қысқарады, кіріктіріледі, өзгереді.

Әзірше, біз кірме сөздерді жазғанда орыс тіліндегі, яғни қазіргі емледегі бейнесін елестетіп алып, оны латынға ауыстырып жазып үйренеміз. Енді осы ережелердің ішінде жіңішкелік белгісі бар сөздердің емлесіне қатысты бір өзгерістер бар. Жіңішкелік белгісі – орыс тілінде дауыссыздың жіңішке айтылатынын білдіретін маркер. Ал түркі тілдерінде дауыссыздың жіңішке екенін көрші дауысты анықтайды. Сондықтан дауысты таңбасымен қоса жіңішкелік белгінің жазылуы артықтық етеді.

2018 жылдың 6 желтоқсанында мақұлданған ережеде жіңішкелік белгісі қай буында тұрса, сол буындағы дауысты жіңішке жазылады» делінді: асфальт сөзі *asfált* деп жазылады, себебі жіңішкелік белгісі екінші буында тұр, сондықтан екінші буындағы а дауыстысы жіңішкеріп, ә әрпі жазылады, альбатрос, факультет сөздеріне қараңыз: *álbátros*, *fakúltet*. Бірақ бұл ереженің бір қиындығы бар: орыс орфографиясын білмейтін, 2024 жылдан кейін мектепке баратын, санасында орыс сөздерінің графикалық бейнесі тұрақтамаған ұрпақ бұл сөздерді жазу үшін орыс емлесін қарауы керек болмай ма? Деген сауал ашық тұр.

Осыған орай, ережеге мынадай өзгерту ұсынылып отыр: ь белгісі бар сөздерде сөздің бірінші буынына жіңішке дауысты әрпін жазу, мысалы, *ált*, *bátalon*, *múltfilm*, *vális*, *fólklor*. Бірақ жіңішкелік белгісі (ь)

тұрған сөзде е, і әріптері болса, бұл белгіні тек түсіріп қана жазу: alpinis, atele, barer, lager, shifoner, medalon. Өйткені сөздің алғашқы буынындағы дыбыстың тембрі қазақ сөзінің өн бойын қамтамасыз етіп тұрады. Бірінші буындағы дауысты жіңішке болса, кейінгі буындағы дауысты да жіңішке айтылады, одан кейінгі буындар да жіңішке сосын барып жуанға жуық, ал жалғанатын қосымша сөзді бірыңғай жуан не жіңішке, не жуан мен жіңішке арасындағы орта үндесім жасайды. Сондықтан сіздерден осы ұсыныстарға көзқарастарыңызды күтеміз.

БАҒЛАН МАҚҰЛБЕКОВ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы, заң ғылымдарының докторы, профессор



ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

Заңнамалардың жобасын дайындау, талқылау және қабылдау өте күрделі процесс екені жұртшылыққа аян.

Заң қабылданғаннан кейін ол міндетті түрде орындалуы тиіс, яғни қоғам мүшелерінің тарапынан қолдау тауып, олардың өмір сүру ережелеріне айналуы тиіс.

Заңнамаларды кіршіксіз орындау үшін, оның мазмұны мен мағынасын терең түсініп, ой елегінен өткізу қажет.

Сіздердің назарларыңызды заңдарды қолдану тәжірибесіндегі кейбір өзекті мәселелерге аударғым келеді.

Ең басты айтарым – заң терминдері өзінің мағынасында, негізді қолданылмайды.

Заңнама қолданушы маман ретінде түйіндеген бір ойымыз – соңғы жылдары қабылданған заңнамалардың мемлекеттік тілдегі мәтіндерінде ұзақ жылдар қолданыста болған, бұқара халықтың сана-сезіміне сіңіп, қалыптасып кеткен кейбір заң терминдерінің атаулары өзгертіліп, жаңаша мазмұн мен сипатқа ие болып отыр.

Пікіріміз жүйелі, ұстанымыз нанымды болу үшін құқықтық маңызы жоғары Қазақстан Республикасының Азаматтық процесілік кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) енгізілген кейбір заң терминдерінің «құқықтық табиғаты» туралы ойымызды ортаға салсақ деген шешімге келіп отырмыз.

Кодекстің 8-бабының 5-тармағында «талап қою (арыз).....» деген ұғымдар келтірілген. Осы ретте «талап қою» - деген сөз тіркесі процесілік құжаттың нысаны емес, субъектінің іс-әрекетін білдіретінін айтқымыз келеді.

Заң шығарушы «талап қою» деген тіркестен кейін жақшаның ішінде «арыз» деген сөзді бекер келтіріп отырған жоқ.

Шын мәнінде процестік құжаттың нысаны талап қою емес, арыз болып танылады.

Даудың мәні, мазмұны – ақы талабы.

Азаматтық процестің субъектілері өздерінің бұзылған құқықтарын сотқа талап арызын беру арқылы жүзеге асырады.

Осы баптың орысша мәтінінде «иск (заявление)» - деген тіркестер талданып отырған құқықтық ұғымның толық мазмұнын ашады. Ал «талап қою» - деген тіркесті қолдану арқылы біз талаптың (арыздың) мазмұнын, сипатын өзгертіп аламыз, яғни қателікке жол береміз. «Талап қою» - деген тіркес орыс тіліне аударғанда «предъявление иска» - деген әрекетті білдіреді емес пе?!

Азаматтық процеске қатысушы негізгі екі тұлға – талап қоюшы және жауапкер. Бұрын қолданыста болған Кодексте және оған дейінгі заңнамаларда талап қоюшы «талапкер» - деп айқындалған. Жаңа Кодексте осы «талапкер» - деген терминнің неліктен «талап қоюшы» - деп алынғаны түсініксіз болып отыр. Өзінің заңмен қорғалатын құқығы мен бостандығы бұзылды, нұқсан келді деп деп санайтын тұлға сотқа ақы (иск) талабын береді, талап қоймайды.

Ақы талабын беру мен талап қою екі түрлі процестік әрекеттерді білдіреді.

Ақы талабын беру – субъектінің конституциялық құқығы, ал талап қою осы құқықты жүзеге асырудың тәсілі, яғни тұлғаның өзінің құқықтарын қорғау жолындағы әрекеті болып табылады. Егер логикалық сәйкестікке жүгінетін болсақ, онда «жауапкер» деген терминді «жауап беруші» - деп ауыстыру қажет еді.

«Талап қоюшы» деген терминнің сәйкессіздігі, әсіресе шешім, қаулы сынды процестік құжаттарды дайындау барысында анық білінеді. Жаңа Азаматтық процестік кодекстің жобасын әзірлеген жұмыс тобының мүшесі ретінде айтарым, жобаның толық нұсқасында «талап қоюшы» - деген термин қолданылған жоқ болатын. Аталған өзгеріс заңнаманы қабылдау барысында енгізілуі мүмкін.

Кодекстің 17-бабында «айғақтар беру» - деген термин қарастырылған.

Заңнаманың орысша мәтінінде аталған термин «показания» деп аударылған. «Айғақ» деген сөз дәлелдеме, куә, куәлік ету, дәлел деген ұғымдарды білдіреді.

Мысалы, азаматтар жұбайы (зайыбы), туыстар сотқа жауап береді. Кез келген жауапты дәлел, дәлелдеме ретінде қабылдауға жол берілмейді. Жауаптың дәлелдемелік, айғақтық заңды сипаты бар ма, жоқ па деген мәселені сот қана шешеді, яғни жауапты сот айғақ, дәлелдеме ретінде қабылдауы мүмкін немесе тиісті негіздеме келтіре отырып қабылдамай тастауы мүмкін.

Сондықтан сот отырысына қатысушылардың жауабына (показания) айғақтың, дәлелдеменің сипатын, мазмұнын беру процестік заңнама тұрғысынан қателік болып саналады.

Кодекстің бүкіл мәтінінде «сот отырысы» деген термин жиі қолданылған. Ал заңнаманың орысша мәтінінде бұл термин «судебное заседание» деп алынған. Негізінде «заседание» деген термин мәжіліс, маслихат деп аударылады. Шындығында сот мәжіліс өткізеді. Мәжіліс кеңесу бөлмесінде шешім қабылдап, оны жариялаумен аяқталады.

Заң терминдерінің ерекшелігі сол, олар қабылданған құқықтық актілердің заңнамалық күшін айқындауда үлкен роль атқарады, олардың басқа құжаттардан айырмашылығын білдіреді.

Қабылданған заңнама актілері көпшілікке түсінікті болу үшін қолданылған терминдердің логикалық нанымдылығына, пайдалану орнына, заңдылық тұрғыдан тиімділігіне баса назар аударған жөн.

Біздің пікірімізше, «сот мәжілісі» деген термин сот төрелігі қызметінің міндеті мен мазмұнын анық, айқын, шынайы көрсетеді.

Кодекстің 3-тарауы «Ведомстволық және соттылық» - деп аталады. Заңгерлер, соның ішінде сот жүйесінде қызмет атқарып жүрген мамандар «ведомство», «соттылық» деген терминдердің мазмұнын дұрыс түсінеді және ажырата алады. «Ведомстволық» деген термин белгілі бір санаттағы азаматтық даулардың соттардың қаралуына жатады деген мағынада қолданылады. Соттылық – азаматтық даулардың қандай соттарда (экономикалық, әкімшілік, т.с.с.) қаралуға жататындығын білдіреді. Өз кезегінде «ведомство» деген сөздің орыс тілінен балама аудармасы «мекеме» деген сөз екенін ескерсек, жоғарыда аталған пікіріміздің нанымдылығына дәлел болар еді.

Азаматтық заңнамада жиі қолданылатын терминдердің бірі – дүние, мүлік, мүліктік қатынастар. Аталған терминдер орыс тіліне «имущество» - деп аударылады. Бәрі түсінікті сияқты. Ал қолданыстағы процестік Кодексте осы «имущество» деген термин «нәрсе» деп аударылған. Аталған терминді көрсетілген мағынада қолданумен мүлдем

келісуге болмайды. Азаматтық даудың мазмұнының өзі – дүние, мүлік, мүліктік және мүліктік емес қатынастар.

Сонда қалай ғана азаматтық заңнаманың негізін құрайтын «мүлік» деген терминді «нәрсе» деген терминмен ауыстыруға болады, мұндай бастаманың авторлары осы пікірге қандай уәждер айтады екен?!

Қоғамдағы даулы мәселелерді реттеудің процестік жолдары мен тәсілдерін айқындайтын заңнамалық актінің өзіндік заңды тілі болуға тиіс, яғни заң терминдері орынды, өз мәнінде, айшықты дәрежеде қолданылуы тиіс.

Кодекстің 29-бабы «Жауапкердің орналасқан жері бойынша талап қоюды беру» деп аталады. Егер жауапкер заңды тұлға болса, онда оның орналасқан жерін анықтауға болады. Ал жауапкер жеке тұлға, яғни азаматтар болған жағдайда, олар қалай, қандай жерге орналасады?! Азаматтардың тұрғылықты мекенжайлары бар емес пе?!

Қазір заңгерлердің жаңа толқыны өсіп, жетіліп келе жатыр. Еліміздің болашағы солардың біліктілігінде, солардың қолында.

Мемлекеттік тіл мен процестік тілдің құндылықтарын ажырата алмай, жаңа заманда жаңаша білім алып жатқан жас ұрпаққа қолданыстағы заңнамаларда кездесетін кейбір заң терминдерін түсіну, мағынасын ұғу қиынға түсетіндігін ескергеніміз де жөн болар.

Жоғарғы Сот Төрағасының өкімімен құрылған эксперттік комиссияның мүшесі ретінде бізге қабылданатын Нормативтік қаулыларда, сот актілерінде заң терминдерінің дұрыс қолданылуын, мемлекеттік тілдің грамматикалық ережелерінің сақталуын қадағалау міндеті жүктелген.

Жұмыс барысында аталған процестік құжаттарда кездесетін заң терминдеріне, тілге байланысты сәйкессіздіктер анықталып жатады. Бірақ орындаушылар процестік заңнаманың мәтініне сілтеме жасап «заңда қалай жазылған, солай болуы тиіс, себебі заңнама күшінде» - деген негіздерді алға тартады. Иә, заңнама күшіне енгеннен кейін, ол орындалуы тиіс. Келісуден басқа амал жоқ.

Кодексте кездесетін «ратификация», «регламент», «объективтілік», «факт», «филиал», «объект», «кредитор», «корпоратив» тағы басқа ресми тілдердегі терминдердің мемлекеттік тілдегі мәтініне үйлестігі туралы мәселені жеке талдап, қарастырған дұрыс болар еді.

Процестік заңнаманың 8-тарауы «Сот шығыстары» - деп аталады. Бұрынғы заңнамада «сот шығыстары» «сот шығындары» деп аталғаны

көпшілікке мәлім. Ондаған жылдар бойы «сот шығыны» деген терминді ешбір кедергісіз қолданып келген едік. Енді «шығынымыз шығысқа» ауысып кетті. «Шығыс» - деген сөз орыс тілінде «восток», «восток», «выход» - деген ұғымдарды білдіреді. Сот төрелігі шеңберіне тартылып, мемлекеттік алым, адвокат пен өкілдің еңбекақысын, сараптама өткізу барысындағы қаржылық өтемдерді төлеген тұлға шығындалады емес пе?!

Кодексте «іс бойынша іс жүргізу» - деген термин жиі қолданылған. Орыс тіліне бұл термин «производство по делу» - деп аударылған. Біріншіден, терминнің оқылуы құлаққа түрпідей тиеді. Екіншіден, Кодексте «іс жүргізу» термині «процесс» деген терминнің баламасы ретінде белгіленген. Сонда «процесс» пен «производство» - деген терминдер қандай себептермен мемлекеттік тілде «іс жүргізу» - деп қолданылуы тиіс.

Орыс тілінде аталған екі термин сот төрелігін жүзеге асыру барысында екі түрлі, мазмұны мен сипаты бір-біріне ұқсамайтын, құқықтық салдары әртүрлі, негізгі процестік әрекеттерді білдіреді және сол мағынада қолданылады.

«Производство» деген терминді «өндіріс» деп айқындау дұрыс деп есептейміз. Себебі судья азаматтық істі жүргізу барысында істі «өндірісінен қысқартады», «өндірісін тоқтатуы» мүмкін.

Кодекстің 218-бабы «Репликалар» деп аталады.

Аталған баптың диспозициясына сәйкес сот жарыссөздеріне қатысушылар реплика айтып, сөз сөйлей алады. Осы ретте «реплика» деген терминді «пікір талас» - деп белгілеу қажет еді. Сонда жоғарыда көрсетілген сөйлемнің құрылуы мен оқылуы жатық және жағымды болар еді.

Кодекстің 272 және 277-баптарында «іс жүргізуді тоқтата тұру» және «іс жүргізуді тоқтату» деген терминдер қолданылған. Аталған екі термин де азаматтық іс жүргізу өндірісін «тоқтату», яғни процестік әрекетті белгілі бір заңнамада көрсетілген себеп-салдарға байланысты уақытша, кейінге қалдыра тұру деген ұғымдарды білдіреді. Ал өндірісінен тоқтатылған іс көрсетілген себептер жойылғаннан кейін қайтадан қарауға тағайындалады. Заңнаманың орыс тіліндегі мәтініндегі «тоқтата тұру – приостановление», ал «тоқтату – прекращение» - деп аударылған. Бұл екі әрекеттің құқықтық салдары әр түрлі болғандықтан, заңнамада жеке тарау ретінде алынған.

«Іс жүргізуді тоқтату» заңнамаға сәйкес іс жүргізуді қысқарту, яғни іс бойынша өндірісті аяқтау дегенді білдіреді. Өндірісінен қысқартылған іс қайта қарауға жатпайды. Сондықтан «тоқтату» деген термин «қысқарту» деген терминмен ауыстырылуы қажет деп есептейміз.

Процестік заңнаманың 54-тарауында «өтінішхат» деген термин жиі қолданылады. Әңгіме «ходатайство» деген термин жөнінде болып отыр.

Бұрын қолданыста болған заңнамада және ұзақ жылдар бойы сот тәжірибесінде «ходатайство – өтініш» деген мағынада қолданылып келді. «Өтініш» терминін «ходатайство» деп алсақ, «хат», «письмо» деп аударылатыны белгілі. Жоғарғы Сот сатысына хат жолданбайды, ал процестік заңнамада көрсетілген тәртіпті сақтай отырып өтініш беріледі, яғни орындалған процестік әрекет «өтініш» - деп аталатын құжат арқылы ресімделеді.

Қабылданған заңнаманың мазмұны түсінікті, тілі жатық болу үшін терминдер жүйесін дұрыс, орнымен қолдану қажет деп санаймыз.

Осы орайда, республика көлемінде заң терминдерін бір жүйеге келтіріп, олардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз ететін мемлекеттік орган, тіпті болмаса білікті мамандардан тұратын беделді комиссия құрылса деген пікір білдіреміз.

Аталған орган (комиссия) дайындаған сөздіктерді, әдістемелік құралдарды басшылыққа алған жағдайда осы мақалаға арнау болып отырған мәселелер оңынан шешілер еді.

Біз тек қана бір Азаматтық процестік кодексінде қолданылған кейбір терминдердің құқықтық табиғаты туралы әңгіме қозғадық.

Сапалы сот актілерін қабылдауда заң терминдерін орнымен қолдану үлкен рөл атқарады. Сондықтан болашақта жоғарыда айтылған пікірлер мен ұсыныстарға Парламент мүшелері тарапынан назар аударылды деген сенімдеміз.

МӘДИ АЙЫМБЕТОВ

*Қазақстан Республикасы
Заң шығару институтының
жетекші ғылыми қызметкері*

**ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫСТЫҚ СИПАТЫ**

Заңнама лингвистикасының негізі көзі – терминдер десек, мемлекеттік тілдегі заң терминінің қоры жылма-жыл толығып, жетілдіріліп келеді. Әріге бармай-ақ, тек соңғы ширек ғасырдың ішінде заңнамалық жұмыстың ауқымында қолданысқа енген жаңа заң лексикасы, жаңа терминдер мен заңи тұрақты тіркестер ұлттық заңнама лингвистикасын туындатудың және оны одан әрі өрістетудің өзгеше бір жаңа қыры, арнасы болып табылады. Ал бұл арнаның негізі – заң терминдерін қолданыстық сипатына қарай саралап, жүйелеп қалыптастырумен және сапалық жағынан жақсартумен, нақтылаумен тікелей байланысты. Яғни, енді бүгінгі таңда заңның түпнұсқасын мемлекеттік тілде жасаудың ұлттық лексикалық құралы бар екені шүбәсіз. Осы ретте заңнама терминдерінің баламалық сипаттарының заң лексикасында үйлесім табуына қатысты бірер ойды бөліскім келеді.

Заңнама лингвистикасы заң терминдерінің мемлекеттік тілде дұрыс түзелуінен, яғни оның лексикалық нормасының құқықтық нормамен өзара үйлесуінен басталуы тиіс. Заңның құқықтық мазмұнының түсінікті әрі нақты болуы да осыған байланысты. Белгілі бір атаудың түбірлік, ұғымдық негізіне ден қою арқылы заң терминінің ұлттық тіліміздегі баламасын жасау тәсілі заңнама лингвистикасының терминологиялық сипатын бір қырынан танытады. Терминжасамда, оның ішінде құқықтық терминінің баламасын алу тәсілінде түпнұсқалық тілдің, яғни орыс тілінің аясынан шыға алмайтын жәйттер өкінішке орай көп жағдайда әлі де орын алып келеді.

Айталық, қазіргі заңнама мәтіндерінде **«тұрақсыздық айыбы»** немесе **«тұрақсыздық айыппұлы»** деген түсініксіздеу әрі екі нұсқада алын-

ған термин көп ұшырасады. Мұның орысша нұсқасы - «неустойка», ал құқықтық-нормалық мағынасы: «штраф - айыппұл, пеня - өсімақы» екен. Мұның қазақша нұсқасы жолма-жол аударманың тәсілімен – «тұрақсыздық айыбы» деп алына салған. Қандай «тұрақсыздық», ненің «тұрақсыздығы» және неге «айыбы» (былайша айтқанда, «кінәсі»). Құқықтық та, лексикалық-семантикалық та мағына бермейтін жәй бір тіркес демесе лаж жоқ. Жоғарыда айтылған құқықтық-нормалық түсіндірмесіне, анықтамасына орай, бұл термин жалғыз ауыз-ақ сөзбен айтылатын «айыпақы» деген атауға әбден сұранып-ақ тұр, «айыпақымен» де, «өсімақымен» де шатастырмайсыз – осы сипаттағы норманы беретін термин – «айыпақы» («неустойка»). Немесе сот саласындағы заңдардың мәтінінде «ескіру мерзімі» (орысшасы «сроки давности») деген терминнен аяқ алып жүре алмайсыз, бұл да жолма-жол тәсілмен алынған түсініксіз термин. Заңнамалық анықтамалықтарда да, заңгерлердің берген ресми түсініктерінде бұл белгілі бір нормалық шараның ескіру мерзімі емес, өту мерзімі туралы мағынаны береді екен. Мерзімі өткесін оның күші жойылатыны белгілі. Ал қолданылып жүрген заңнамадағы «ескіру мерзімі» нормалық қайшылыққа әкеледі, өйткені белгілі бір норманың ескірген мерзімі арқылы құқықтық мәселенің шешімін табу мүмкін емес. Мәселен, өту мерзімі аяқталғанша талапкер өзінің құқығын іске асыра алады.

Сол сияқты «судопроизводство» деген қос сөзден түзелген терминді сот жүйесіндегілер «сот өндірісі» деп алып жүр. «Производство» сөзінің жолма-жол мағынасымен шектелсек, әрине, «өндіріс», бірақ бұл арадағы ұғымдалу – «сот ісін жүргізу» емес пе?! Сот мәселесіне өндіріс емес, іс жүргізу тән. Мәселен, осы қылмыстық іс жүргізу саласында «процессуальное производство» деген терминдік тұрақты тіркес бар, мұны «процестік өндіріс» деп алсақ, қойыртпақ болып шықпай ма?! Лексикологияда «полисемия» (сөздің көп мағыналығы) құбылысы деген ұғым бар. Демек, осыған сүйенсек, «іс жүргізудің» бір мағынасы сотқа қатысты орыс тіліндегі «производствоны» бейнелейді.

Заң мәтіндерінде құқықтық фраземаның қолданылу сипаты – заңнама лингвистикасындағы тағы өзекті мәселенің бірі екенін айтуымыз керек. Ұғымдық мәні айқын, нормалық жүктемесі нақты құқықтық фраземаның – мағыналық ерекшелігін идомдық және метафоралық сипаттағы жалпы фразеологизм семантикасымен шатастырмауымыз керек. Көп жағдайда әдеби-публицистикалық, ғылыми-философиялық фразеологизмге тән тұтастық, тұрақтылық пен тиянақтылық белгілерін құқықтық жүктемесі

бар тұрақты тіркестерге телуге болмайды. Мысалы, «қалың бұқара», «қара бұқара» деген фразеологиялық тіркестегі экспрессивтік-эмоционалдық реңкті заңда қоланылатын «халық» сөзіне – «қара» халық, «қалың» көпшілік деп қолдану мүмкін бе?! Немесе қылмыстық заңнамада қолданылатын «қылмыстық іс қозғалу», «жауапқа тартылу» тіркестерінің жалпы қолданыстағы «істі болды», «істі болу» деген фразеологиялық тіркеспен мағыналық үйлестігі болғанымен, ортақ тиянақтылық белгісі жоқ. Сондықтан жалпы қолданыстағы фразеологиялық тіркесті заңның ресми тіліне көшіру әдетте құқық нақтылығын дұрыс бере алмайтындығын да ескеруіміз керек. Бұл ұстанымды заң мәтінін мемлекеттік тілде жазуда басшылыққа алу қажет дер едім.

Лингвист-ғалымдар тұрақты тіркестік терминдердің лексикалық-фразеологиялық қолданылу ерекшелігі жағынан көркем стильге және ғылыми стильге жатқызады. Ал заңдағы тұрақты тіркестік терминдердің бұл тұрғыдағы сипатын тек қана таза ғылыми стильге жатқызып қоймай, мұны **құқықтық-ресми стиль** тұрғысынан қарастырған дұрыс деп ойлаймыз. Осы ретте заңның тұрақты тіркестік терминдерінің түпмәтіндік қолданысы, оның заң мәтінінде нормалық дәлдікпен әрі әдеби норма өлшеміне сай орнығуы және біріздендірілуі – заң шығару жұмысының ең өзекті мәселелердің бірі екенін айтуымыз қажет. Бұл процесс заңгерлердің де, лингвист мамандардың да біліктілігін талап етеді.

Заң лингвистикасында сөзжасамның **ұғымдық үйлесім, түбірден туындату, сөздерді тұтастыру, тілдік аралас қолданыс** жасау және басқа да тәсілдерімен жаңа терминдік сөз тіркестері пайда болғанының дәлелдері көп. Мысалы, «бейінді оқыту» - «профильное обучение», «еншілес кәсіпорын» - «дочерное предприятие», «родственные фирмы» – «төркіндес фирмалар», «негізгі (бас) компания» материнская (родительская) компания, «бас келісім» («генеральное соглашение»), «өлшемшарт» - «критерий», «құрамбөлік» (компонент) және толып жатқан тағысын-тағылары.

Баламасы сәтті табылған бірқатар кәсіби тіркестік терминдерді құқық жүйесінде өз тілімізде орнықтырудан да қашпауымыз керек. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Өндірістің, шаруашылықтың әртүрлі салаларындағы қатынастарды реттейтін бірқатар заңдарда «аффилированное лицо» деген терминдік тіркес бар, бұл заң мәтіндерінде «аффилирленген тұлға» деп калькалық сипатында алы-

нып жүрді. Ал бұл сөздің бірлесу, үлестес болу деген мағынасын ескере отырып, «үлестес тұлға» деген жатық та ұғынықты нұсқасын мемтерминком дұрыс мақұлдады. «Рамочное соглашение» терминнің де «негіздемелік заң» деген қазақша нұсқасы орнықты. Терминнің, оның ішінде тұрақты тіркестің қолданысқа енгізілуі, орнығуы көп жағдайда оның мағыналық дәлдігінің, нормалық дұрыстығының ана тіліміздің баламасымен үйлесімді шығуымен байланысты екенін ескеруіміз қажет.

Мұның бәрі айналып келгенде бүгінгі таңда ұлттық заңнама қызметінде қойылып отырған басты мәселе – заң мәтінін қазақша жазуға қол жеткізетін мүмкіндіктердің айқын көрінісін танытса керек. Терминдік қор бар. Заңнама лексикасы орнығу үстінде. Заңның мемлекеттік тілде жазудың өзіндік стилі де қалыптасып қалды. Мемлекеттік тілде заң нормасының қағидаларын тұжырымдай алатын заңгер мамандарды да табуға болады. Көз – қорқақ, қол – батыр, заңды мемлекеттік тілде әзірлеудің қанатқақты (пилотный) жобасын әзірлеуді қолға алатын кез жетті.

Бұл ретте, заңнама саясатын ұлттық көзқарас, ұлттық діліміз тұрғысынан қалыптастыру мәселесіне алдымен ден қою керек. Бұл әсіресе әлеуметтік-мәдени саланы қамтитын заң мәтіндерін әзірлеуде есте ұстайтын басты мәселе болуы тиіс. Әрине, заң жасаудың әлемдік тәжірибесін зерделеу, оңтайландыру мәселесін ұмытпау да керек, бұған қазір көптілді мамандардың тікелей түпнұсқалық тілден аударатын мүмкіндігін пайдалануға әбден болады.

Осы кезге дейін, ширек ғасырға жуық уақыттың ішінде заңнама қоры орысша жазылып, қазақшаға аударылғандықтан, бұлардың мәтініне енгізілетін нормалық өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін заң жобаларының алдымен орыс тіліндегі нұсқасына басымдық беріледі, енді мұндай заң жобаларын мемлекеттік тілде әзірлеу мәселесін қолға алу қажет. Ал ратификацияланатын халықаралық құжаттардың нұсқасын тек қана мемлекеттік тілде жазудың кезі келді. Мемлекеттік тілде жазылатын заң жобалары әлдебір елдердің үлгілік заңының аясынан шығуы тиіс, әсіресе, аралық орыс тілі арқылы жасаудан біртін-біртін бас тарта бастау қажет. Тағы бір ескеретін жәйт – латын графикасына таяу жылдардағы көшу процесінде бұрын аударма арқылы қабылданып, қолданысқа енгізілген заң мәтіндерін, заң терминдерін ұлттандыру ыңғайындағы жұмысты қолға алу қажет, уақытты созуды күтпейтін ауқымды да өте жауапты жұмыс!

О.ЖҰБАЕВА

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Грамматика бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.д.*

**Қ.АЙДАРБЕК**

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Терминология бөлімінің меңгерушісі, ф.ғ.д.*

М.ТАУБАЛДИЕВ

*А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Грамматика бөлімінің қызметкері, ғалым-хатшы*

**ТЕРМИНДЕРДІ ТРАНСЛИТЕРАЦИЯЛАУДАҒЫ НЕГІЗГІ ҰСТАНЫМДАР**

Бүгінде латын графикасына көшуге байланысты терминдерді таңбалау, халықаралық атауларды дұрыс жазу мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу», – деген болатын. Бұл орайда ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының еңбектері ұлттық кодтың негізі бола алады. Осыған байланысты ұлттық кодтың негізі болатын ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының еңбектерін, тілтанымдық мұрасын әрдайым назарда ұстауымыз қажет. Осыған байланысты өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ зиялыларының еңбектерін назардан тыс қалдыруға болмайды.

Қазақоқығандары арасында жат (шет) сөздерді қабылдауда екі түрлі

ұстаным болған. Съезде сөйлеген сөзінде де, «Жат сөздер туралы» деген кітапшасында да Н.Төреқұлов түркі тілдерінен сөз іздемей-ақ «делдалсыз тура Аурыпадан алуды» ұсынады да биба-уырмал дегеннің орнына интернационал, тарих сөзінің орнына история, тарихшы сөзінің орнына историк деп қолдану керектігін айтады. М.Қайыпназарұлы да осы ұстанымды негізге алып, жат сөздерді «өзге жұрт тілдерінде айтылуынша ешбір бұзбастан, айнытпастан алу керек. Кәзір Қырым, Әзербайжан сықылды өзге ұлт республикелері де солай алып жүр. Біз неге сүйтпейміз?» – дейді. Ал ұлттың болашағын ойлаған Ә.Бөкейхан, Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы сынды ғалымдар бұл ұстанымға үзілді-кесілді қарсы шығады. Х.Досмұхамедұлы «Жат сөздерді қолданғанда, тілімізге лайықтап алу керек. Жатсөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады... Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұл жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді», – десе, А.Байтұрсынұлы «Сәбитке жауап» деген мақаласында: «Жатсөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар», – дейді [1].

1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшандыратын комиссия құрылады да, оны А.Байтұрсынұлы басқарады. Комиссия жат (өзге тілдік) сөздерді қабылдауда мына принциптерді басшылыққа алған:

- а) жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзін алу;
- ә) оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзін алу;

б) түркі сөзі де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріп, Еуропа сөзін алу [2].

XX ғасырдың 20-жылдарда орыс тілінен енген сөздерді (жат сөздерді) қабылдап, тұрақтандыруда төмендегі ұстанымдар негізге алынған:

- орыс тілінен енген сөздерді жазуда сол уақытқа дейін тілімізде араб-парсы және бұрынырақта орыс тілінен енген сөздерді үлгіге алынған.

- сөздердің өн бойында сингармонизм заңдылықтары сақталған. Сол себепті комиссариат – кемесерет, тема – теме, курсант – күрсент, губерния – гүбірне, конференция – кәнперенсе, лекция – лексіе түріне ауысқан.

- бастапқы буындары езулік, соңғы буыны езулік болып келген

сөздерде (екпін түспесе) еріндік бастапқы буындарға ауысқан не мүлде жойылып, езулікке айналдырылған: *автор – аптыр, срок – сұрык* т.б.

- орыс тіліндегі **ф** орнына **п**; **г** орнына **ж**; **h**, **х** орнына жуан сөздерде **к**; жіңішке сөздерде **к**, **ц** орнына **с**, **в** орнына **у**; **щ** орнына **ш** қолданылған. Мыс: *физика – пійзійке, география – жағырапа, химия – кійміе, техник – текнійк, станция – станса, Москва – Мәскеу* т.б.

- сөздің соңындағы **а** дыбысы түсіп қалған: аптека – аптек, фабрика – пабірік, награда – награт. Жер атауларындағы соңғы **а** дыбысы үндесіміне қарай **ы**, **і** болып өзгерген: *Европа – Жаурыпы, Африка – Әпірікі, Азия – Әзіе* т.б.

- орысшада **тр**-ға біткен сөздерде **т** мен **р** арасына **ы**, **і** дыбыстары кіргізілген: *тыйатыр, метір* т.б.

- орыс тіліндегі **-тор**-ға біткен сөздерде ол **-тыр/-тір**, **-тұр/-түр** болып өзгерген: *тырақтыр, доқтұр, кәректір* т.б.

- ка**-ға біткен орыс сөздерінің соңы көбінесе **-ке** түріне ауысқан: *справка – ыспырабке, музыка – мүззійке, техника – теқнійке* т.с.с.

- орыс тіліндегі **-ок** қосымшасы қазақ тілінде **ке**-ге өзгерген: *участок – ұушаске, список – іспеске* т.б.

- орысшада аяғы **-ция**-мен тынған сөздерде оның орнына **-са/-се** жазылған: *милиция – мелетсе, станция – станса* т.б.

XX ғасырдың басында сөздік түзушілер аударуға көнбеген сөздерді қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп алып отырған. Мысалы: *зауыт – завод, капыйтал – капитал, кійміе – химия, кассы – касса, дійдәктійке – дидактика, натарыс – нотариус, газ – ғаз, азотная кислота – азот қышқылы, бром – бұром, аммоний – әмөн, бром – бұром, бактерия – бактерійе, барий – барый* т.б.

1924 жылы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының I съезінде термин мәселесін арнайы сөз еткен Елдес Омаров қазақ тілінде сөздің соңында **б**, **г**, **ғ**, **д** дыбыстары келмейтінін ескерте келіп, осы заңдылықты шет тілінен енген сөздер үшін де ұстану керектігін айтады [3].

Осы ұстаным сөздіктерде де басшылыққа алынған: *Актив – әктіп*

Анод – а нот

Биллиард – біліярт

Велосипед – белесепет Завод – зауыт

Заводоуправление – зауыт басқармасы

Залог – залок, аманат (кепіл)

Залоговой акт – залок әктісі

Залогодатель – залок салушы

Залогодержатель – залок алушы

Изумруд – зүмірет

Йод – йот

Микроб – мекроп

Устав – ұстап

Ухаб – оқап

Штатив – ыштатып (үш аяқ)

1924 жылғы сиез қазақ тілінің дыбыстарын дауысты, дауыссыз деп екі бөліп алып, дауыссыз дыбыстарды өз ішінен бесбөліп жіктеген: **р, л, у, й** – *жарты дауысты*; **ң, м, н** – *ұяң*; **б, п, т, с, ш, қ, к** – *қатаң*; **ж** мен **з** – *ымыралы*, **д, ғ, г** – *ымырасыз атанған*. Съезд қазақ тіліндегі дыбыстарды жіктегенде жалғау, жұрнақтардың ауанына қарай топтастырып, жалғау-жұрнақтардың ешқайсысымен үйлеспейтін үш дыбысты (**г, ғ, д**) ымырасыз деп атап (**б** дыбысы көпке дейін зерттеушілер арасында талас тудырған) өз алдына бөлек шығарған. Осылайша жіктеу А.Байтұрсынұлының 1927 жылы жарық көрген «Тіл – құралдарында» да сақталған [4].

Бүгінде профессор Ә.Жүнісбектің еңбектерінде қазақ тіліндегі төл ұяң дауыссыздар (**б, г, ғ, д, з, ж**) тоғысыңқы және жуысыңқы дыбыстар болып жіктеледі, яғни **б** дыбысы ерін тоғысымы, **д** тіл ұшы тоғысымы, **г** тіл ортасы тоғысымы, **ғ** тілшік тоғысымы арқылы, **з** тіл ұшы жинақы жуысымы, **ж** дыбысы жайылыңқы жуысымы арқылы жасалатыны жан-жақты дәлелденген [5]. Екінші сөзбен айтқанда, ғалым еңбектерінде **б, г, ғ, д** дыбыстарының не себепті ымырасыз болатыны жасалу жолдарына қарай сипатталған. Екі кезеңнің ғалымдры **б, г, ғ, д** дыбыстарын топтастыруда екі түрлі қырынан (XX ғасырдың басындағы ғалымдар қосымша жалғануына қарай, Ә.Жүнісбек жасалу жолына қарай) жіктегенмен, аталған дыбыстардың ерекшелігін нақ басып көрсетіп, жеке топтастырған.

Яғни қазақ тілінде сөз **б, г, ғ, д** дыбыстарына бітпейді.

Шет тілден енген сөздерде сөздің соңында келген **б, г, ғ, д** дыбыстары келетін сөз көп. Қазақ тілінің жиілік сөздігіне сүйсенсек [6],

Б

аб дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

араб/зт 854
архесиллаб / зт 1
мазһаб/зт 11
масштаб/зт165
хиджаб/зт 17
штаб/зт 113

об дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

гардероб/зт 8
гидрофоб/зт 2
микроб/зт 34

уб дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

автоклуб/зт 9
аэроклуб/зт 6
бизнес-клуб/зт 4
интернет-клуб /зт 1
клуб/зт 531
куб/зт 49
мотоклуб/зт 1
спорт-клуб/зт 3
фитнесклуб/зт 2

ерб дыбыс тіркесіміне біткен

сөздер: *герб*/зт 25

омб дыбыс тіркесіміне біткен

сөздер: *ромб*/зт 9

умб дыбыс тіркесіміне біткен

сөздер: *румб*/зт 11

Г

аг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

аншлаг /зт 3
архипелаг /зт 10
бактериофаг/зт 4
детритофаг/зт 1
рейхстаг /зт 13
рычаг /зт 5

анг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

бумеранг/зт 2
ранг /зт 1
фланг/зт 5

енг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: *сленг*/зт 26

онг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

гонг/зт 7
дифтонг/зт 3
полидифтонг/зт 1

ерг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: *айсберг*/зт 26

орг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: *комсорг*/зт 1

унг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: *лозунг*/зт 1

ург дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

драматург/зт 91
жазушы-драматург/зт 7
кардиохирург/зт 2
кинодраматург /зт 1
металлург/зт 9
нейрохирург/зт 1
хирург/зт 22

фаг дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

ксилофаг /зт 3
макрофаг /зт 1
олигофаг /зт 3
сапрофаг /зт 1
саркофаг /зт 2
энтотофаг/зт 1

яг дыбыс тіркесіміне біткен
сөздер: *варяг*/зт 2

инг дыбыстар тіркесіміне біткен
сөздер:

автопаркинг/зт 3

агрохолдинг/зт 1

аутбридинг/зт 8

аутсорсинг/зт 30

банкинг/зт 1

бизнес-рейтинг/зт 1

бизнес-тренинг/зт 27

боулинг/зт 1

брифинг/зт 79

викинг/зт 1

демпинг/зт 10

допинг/зт 3

импритинг/зт 1

инбридинг/зт 7

инжиниринг/зт 16

карлинг/зт 1

картинг/зт 2

кастинг/зт 8

кикбоксинг/зт 7

кинг/зт 13

клиринг/зт 12

консалтинг/зт 46

контроллинг/зт 5

лизинг/зт 5

маркетинг/зт 134

митинг/зт 227

мониторинг/зт 269

пейджинг/зт 3

порцинг/зт 1

рейтинг/зт 643

роуминг/зт 3

ринг/зт 31

семинар-тренинг/зт 6

серфинг/зт 1

скрининг/зт 4

смокинг/зт 1

спарринг/зт 1

стайлинг/зт 1

стерлинг/зт 12

тренинг/зт 97

фандрайзинг/зт 3

франчайзинг/зт 33

холдинг/зт 114

хостинг/зт 2

ог дыбыс тіркесіміне біткен
сөздер:

ағартушы-педагог/зт 1

акушер-гинеколог/зт 3

аналог/зт 21

антрополог/зт 7

археолог/зт 86

астролог/зт 3

бактериолог/зт 1

барлаушы-геолог/зт 1

бейнеблог/зт 4

биолог/зт 4

блог/зт 57

бульдог/зт 1

гендеролог/зт 7

геолог/зт 56

герцог/зт 177

гидролог/зт 1

гинеколог/зт 5

гляциолог/зт 1

ғалым-антрополог/зт 2

ғалым-археолог/зт 1

ғалым-педагог/зт 3

ғалым-теолог/зт 2

ғалым-терминолог/зт 1

ғалым-физиолог/зт 1

ғалым-филолог/зт 2

дәрігер-кардиолог/зт 1

дәрігер-нефролог/зт 2
 демагог/зт 2
 дефектолог/зт 2
 диалектолог/зт 1
 диалог/зт 928
 драма-диалог/зт 1
 зоолог/зт 3
 идеолог/зт 29
 инженер-геолог/зт 4
 инженер-педагог/зт 2
 инженер-технолог/зт 1
 кардиоревматолог/зт 4
 каталог/зт 57
 конспиролог/зт 3
 косметолог/зт 5
 маркетинг/зт 9
 метеоролог/зт 6
 минеролог/зт 4
 мифолог/зт 2
 нейрофизиолог/зт 1
 офтальмолог/зт 2
 палеоантрополог/зт 1
 нарколог/зт 6
 палеонтолог/зт 1
 паремиолог/зт 1
 педагог/зт 440
 педагог-психолог/зт 5
 пролог/зт 11
 рентгенолог/зт 1
 роман-диалог/зт 4
 сейсмолог/зт 5
 синолог/зт 1
 социолог/зт 5
 сурдопедагог/зт 1
 тәрбиеші-педагог/зт 211
 теолог/зт 8
 технолог/зт 3
 түрколог/зт 16

тілші-когнитолог/зт 1
 тілші-терминолог/зт 2
 физиолог/зт 3
 филолог/зт 40
 фитопатолог/зт 1
 эколог/зт 24
 эмбриолог/зт 1
 эпидемиолог/зт 4
 эпизод/зт 10
 этимолог/зт 8
 этнолог/зт 6

Д

ад дыбыс тіркесіміне біткен

сөздер:

бал-маскарад/зт 2

жад/зт 224

жиһад/зт 10

зүмрад/зт 2

лад/зт 4

лимонад/зт 35

мармелад/зт 4

фламанд/зт 1

флэш-жад/зт 2

рафинад/зт 1

шад/зт 13

шоколад/зт 198

айд дыбыс тіркесіміне біткен

сөздер: слайд/зт 98

ард дыбыс тіркесіміне біткен

сөздер:

авангард/зт 14

гепард/зт 4

электркард/зт 1

ед дыбыс тіркесіміне біткен

сөздер: швед/зт 49

ейд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: *рейд*/зт 13

ейд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:
нуклеопротеид/зт 4
протеид/зт 3
хромопро-теид/зт 1

енд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:
бренд /зт 10
дивиденд /зт 31
стенд/зт 13
тренд/зт 20
фотостенд/зт 1

онд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:
алюкобонд/зт 1
генофонд/зт 8
евробонд/зт 1

орд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:
аккорд/зт 3
билборд/зт 2
корд/зт 2
рекорд/зт 70
сканворд/зт 1
скейтборд/зт 8
сноуборд/зт 3

унд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:
карборунд/зт 1
секунд/зт 153

фуд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: *фаст-фуд*/зт 2

юд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: *фотозтюд*/зт 1

ярд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: *бильярд*/зт 3

ард дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:
стюард/зт 38

яд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

заряд/зт 230
наряд/зт 516

вод дыбыс тіркесіміне біткен сөздер: *завод*/зт 27

ряд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:
авиаотряд/зт 1
отряд/зт 59
разряд/зт 39
снаряд/зт 59

езд дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:
подъезд/зт 15
съезд/зт 344
уезд/зт 106

ид дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:
альдегид/зт 24
антимонид/зт 2
арсенид/зт 4
бактерицид/зт 2
бромид/зт 19
галогенид/зт 8
геноцид/зт 21
гербицид/зт 6
гибрид/зт 16
гид/зт 2
гидрид/зт 19
гидроксид/зт 206
гидрохлорид/зт 3
гидропероксид/зт 1
гидрохлорид/зт 1
гипохлорид/зт 7
глюкозид/зт 1
дигидрохлорид/зт 1
диоксид/зт 25

дипептид/зт 2
 дихлорангидрид/зт 1
 жадид/зт 1
 индивид/зт 2
 инсектицид/зт 3
 ихтиопсид/зт 1
 капсул/зт 2
 карбамид/зт 18
 карбид/зт 2
 мүрид/зт 15
 нитрид/зт 9
 нуклеозид/зт 2
 нуклеотид/зт 45
 озонид/зт 4
 оксид/зт 476
 оксогалогенид/зт 1
 оксохлорид/зт 5
 пестицид/зт 11
 пластид/зт 12
 полигибрид/зт 1
 силицид/зт 3
 суицид/зт 22
 сульфохлорид/зт 9
 супероксид/зт 6
 фенол-формальдегид/зт 2
 фитонцид/зт 1
 формальдегид/зт 1
 формамид/зт 2
 фосфид/зт 3
 фунгицид/зт 3
 хлорид/зт 191
 цианид/зт 5
 шахид/зт 7
 зоксид/зт 2
 эпоксид/зт 1

Од дыбыс тіркесіміне біткен
 сөздер:
 анод/зт 35

экспрессоид/зт 2
 антикатод/зт 1
 антипод/зт 1
 белгі-код/зт 27
 бутерброд/зт 6
 взвод/зт 28
 дресс-код/зт 2
 еурокод/зт 48
 диод/зт 3
 йод/зт 72
 катод/зт 70
 код/зт 186
 комод/зт 1
 метод/зт 13
 штрих-код/зт 1
 экскурсовод/зт 7
 электрод/зт 81
 эпизод/зт 53

Оид дыбыс тіркесіміне біткен сөздер:

астероид/зт 9
 гаплоид/зт 11
 геоид/зт 2
 гранитоид/зт 1
 диплоид/зт 2
 дифтонгоид/зт 1
 кардиоид/зт 1
 каротиноид/зт 1
 кератиноид/зт 4
 коллоид/зт 12
 коракоид/зт 1
 кристаллоид/зт 4
 моңғолоид/зт 2
 органид/зт 12
 парасфеноид/зт 3
 ризоид/зт 1
 сфероид/зт 5
 таблоид/зт 1
 цистицеркоид/зт 3

Бұлардың ішінде **аб** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **об** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **уб** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **аг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **орг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ург** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **фаг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **яг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ог** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ад** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **айд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ард** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ед** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ейд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **eid** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **фуд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **юд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ярд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ард** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **яд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ряд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **ид** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **од** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **oid** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер; **орд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздердегі **б, г, д** дыбыстарының орнына **п, к, т** дыбыстарын жазу керектігі талас тудырмайды.

Қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына сәйкес бұл сөздердің соңындағы (әсіресе сөз бітеу буынға аяқталғанда) ұяң дауыссыздың орнына қатаң дауыссыз жазылуы тиіс. Араб тілінен енген *kitan* сөзі түпнұсқада б дыбысына біткенмен, қазақ тілінің заңдылығына сәйкес сөз соңы қатаң дыбысқа алмастырылды. ХХ ғасырдың басында *завод* сөзі *зауыт* түрінде таңбаланған. Бұл дәстүр қазіргі кезде де сақталып келеді.

Қазақ тілінде дыбыс тіркесімінің өзіндік заңдылықтары бар. Соған сәйкессөздің соңында екі қатаң дауыссыз қатар келе алмайды, қатаң дауыссыздан кейін үнді не ұяң дауыссыз келе алмайды. Ал үнді дауыссыздан соң қатаң келе алады (*қант, жент, кент, серт* т.с.с.). Мұндай тіркестерді Қ.Кемеңгерұлы «дауыссыз дифтонг» деп атаған еді. Сондықтан **енд, онд, унд** дыбыс тіркесімдеріне біткен сөздерді де *ент, ант, үнт* түрінде жазуға болады.

Шет тілден енген, **енг, инг, онг** дыбыс тіркесімдеріне біткен сөздердің соңындағы **нг** дыбысының орнына қазақ тіліндегі **ң** дыбысын таңбалауға болады. *Сленг, дифтонг, паркинг, холдинг, банкинг, рейтинг, тренинг, боулинг, брифинг, маркетинг, мониторинг* т.с.с. сөздер орыс тілінен енгендіктен, **нг** түрінде таңбаланған, ал түпнұсқадағы айтылымы (транскрипциясы) **ң** дыбысымен беріледі. Ендеше, аралық тілдің ықпалынсыз қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне сәйкестендіруге әбден болады.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде термин (пән сөзі) мәселесі турасында баяндама Е.Омаров: *«Қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде, оның жат дыбыстарын бұзбай кіргізуге болмайды; жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де ішінде жат дыбыс бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді; сөйте келе қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, қат танитұн бұқара біздің жазған сөзімізге түсінбейтін болады. Ол болмай, ойда жоқ бір керемет себептер болып, бұқара оқығандардан қалыспай, жат сөздерді жат дыбыстармен бұлжытпай айта алатұн болып кетсе, қазақтың тілі бұзылады. Мұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды»* (Омаров, 1925), – деген еді.

Тіл тазалығына мән бермейтін немқұрайдылықтан, тілін білмегеніне арланбайтын намыссыздықтан сақтанудың, олардың алдын алудың бірден-бір жолы – ұлттық рухты ояу, ұлттық кодты сақтау. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, *«Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ... Әр халықтың тарихында есімі мәңгі өшпестей ел жадында сақталатын тарихи тұлғалар болады»*. Сондай тұлғаларымызды үлгі етіп, ұлттық рухты ояту қажет. Қазақтың терең тарихын білген ұрпақ ешқашан тіліне селқос қарамайды, ұлт мүддесі жолында аянбай еңбек еткен қазақ тарихындағы тарихи тұлғаларды мақтан етіп, өз елінің патриоты болады. Тарихтан тағылым ала отырып, болашағының жарқын болуы үшін де өз үлесін қосуға тырысады. Елбасымыздың *«Тарихты жеңіл-желпі аңыз сөздердің жиынтығы деп қарайтын адам даршынын да да тарихтан тағылым ала алмайды. Өткенге қарап, ертеңді түзе!»* деген сөздерін әрдайым жадымызда ұстауымыз керек.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Жолдыбаев М. Қазақ тілін байытамыз // Еңбекші қазақ. 12.VIII.19
2. Байтұрсынұлы А. Сәбитке жауап // Еңбекші қазақ. 26.01.28.
3. Омаров Е. (1925) Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. – Орынбор.
4. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. – Орынбор, 1925. – 18-20-б.
5. Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 783 б.
6. Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі. - Алматы: Дәуір, 2016. - 1472 б.



ШЕРУБАЙ ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ

*филология ғылымдарының
докторы, профессор, ҚР ҰҒА
корреспондент мүшесі*

ТЕРМИНДЕРДІ ІРІКТЕУ МЕН РЕСМИ БЕКІТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

Терминдерді ресми бекітпес бұрын оларды дұрыс іріктеп алу өте маңызды. Бұл жұмыс сапалы, жоғары кәсіби деңгейде атқарылса, бекітілген терминдердің жалпы көпшілік пен сала мамандарының көңілінен шығып, қолданысқа еніп, тілге сіңіп кетуіне негіз қаланады.

Терминдерді ресми бекіту үшін ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясының қарауына кім ұсына алады?» немесе «Кім ұсынғаны жөн?» деген сұрақ жиі қойылады. Бұл орайда терминдерді бекітуге ұсынудың тәртібі төмендегідей болуы керек.

Терминдерді ресми бекіту үшін ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясының қарауына:

Тіл білімі, математика, физика, биология, медицина, құқықтану, өнертану, қаржы, экономика және басқа да кез келген ғылым мен техниканың, адам қызметінің түрлі арнаулы саласының мамандарынан тұратын арнайы құрылған терминологиялық жұмыс топтары;

Тіл, терминология, аударма мәселелерін зерттеумен айналысатын ғылыми институттар, орталықтар, ЖОО-ның факультеттері мен кафедралардың ұжымдары;

Жоғары тұрған және орталық, жергілікті мемлекеттік органдар мен меншік түріне қарамастан әр алуан ұжымдар, мекемелер мен ұйымдар;

Терминологиялық сөздік немесе бір топ терминдер жасаған авторлар ұжымы мен ғылыми монография, диссертация, оқулық, оқу құралдарын, ғылыми мақалалар жазу барысында авторлық терминология немесе бір топ терминдер жасаған жеке авторлар ұсына алады.

Терминдерді лингвистер мен сала мамандарының сараптамасынан өткізуді ұйымдастыру

ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясының жұмыс органы ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті болғандықтан комиссия қарауына ұсынылған терминдерді сараптауды осы комитет ұйымдастырады.

Лингвист, терминтанушылар мен сала мамандарынан тұратын сарапшылар терминология комиссиясына ұсынылған терминдерді қарап, жазбаша пікірлерін береді. Сарапшылар ұсынылған терминдерден, терминдер сөздігінен кемшіліктер мен жетілдіретін тұстар көп байқалып жатқан жағдайда, оларды түзетіп, сапасын жетілдіру үшін авторларына қайтарылады.

Терминдерді іріктеуге қойылатын лингвистикалық талаптар

1. Бекітілуге ұсынылған терминдер қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерінің бірі арқылы жасалған, әдеби тіл нормаларына сай болуға тиіс;
2. Шет тілдерінен енген кірме терминдер түпнұсқаға мейлінше жақын болуымен бірге қазақ тілінің емле ережелеріне бағындырылып жазылуы керек;
3. Терминге қойылатын негізгі талаптарға сай келетін терминдер ғана ресми бекітіліп, қолданысқа ұсынылуға тиіс;

Терминдерді қайта бекіту тәртібі

Біздің көріп отырғанымыздай, бұрын бекітілген терминдерді қайта қарап бекіту тәжірибесі мен тәртібі орнықтамаған. Қайта қарауға негіз болатын себептер де айқын емес. Сондықтан бұл істе ғылыми негізге табан тіреуден гөрі жекелеген ықпалды тұлғалардың, терминология мәселесіне еш қатысы жоқ лауазым иелерінің субъективті пікірлеріне бола дұрыс жасалып, қолданысқа еніп кеткен терминдерді қайта қарау жағдайлары да болып жатыр. Кәсіби біліктілікпен, ғылыми негізге сүйене отырып шешілуге тиісті кейбір мәселелер әкімшілік, бюрократиялық жолмен шешілетін жағдайлар жиі байқалып отыр. Егер алдағы уақытта да термин, терминология мәселелері осылай шешіле беретін болса, онда арнаулы саланың, ғылыми ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін дәл бейнелей алатын ұлттық терминқорды қалыптастыруда үлкен қиындықтар, қайшылықтар туындайды. Айналып келгенде мұндай жүйесіз жүргізілген, ғылымға негізделмеген істер қазақ тілінің ғылым тілі ретінде қызмет етуіне, ұлттық терминқордың

қалыптасуына зор кедергі келтіреді. Тілдің ғылым мен технология саласындағы кеңінен қолданылуы оның терминологиясының жүйелі, сауатты жасалуымен тығыз байланысты. Ендеше, терминдерді жасау мен оларды ресми бекітуге өте мұқият болу керек. Сол сияқты оларды қашан және не себепті қайта бекіту қажеттігін де нақты білуге тиіспіз. Оның шарттары айқын да нақты болуға тиіс. Қазіргі көріп отырғанымыздай бүгін кімнің сөзі өтіп тұрса, кімнің қолында ықпал ету тетігі мен мүмкіндігі болса, соның айтқаны болып, ғылыми қауым соның ыңғайына жығыла салатын әдеттен арылмасақ, терминдеріміз тұрақтап, терминқорымыздың орнығуы қиынға соғады. Сондықтан бұрын бекітілген терминдерді қайта қарап бекітудің де ереже-тәртіптері жасалғаны жөн. Біздің пікірімізше, онда терминдердің қайта қаралуының мына төмендегі себеп көрініс табуы тиіс:

1. Ұлт тілінің терминологиялық қорын қалыптастырудың бағыт-бағдары қайта қаралып (ұлт тілі мәртебесінің өзгеруі, тілдік реформа, ғылыми теориялар мен ғылыми принциптердің жаңаруы және т.б.) жаңа жолдың таңдалуы;

2. Сала мамандары мен терминтанушылар, тілді тұтынушылар тарапынан терминнің кемшіліктері анықталып, қолданысқа енбеуі;

3. Бұрын баламасы болмаған кірме терминнің ұлт тіліндегі сәтті баламасы жасалып (немесе лексикалық қордан табылып), мамандар арасында кең таралуы; (Мысалы, *аэропорт – әуежай, клетка – жасуша* және т.б.)

4. Қоғамда, ғылым саласында болған түбегейлі өзгерістерге, дамудың жаңа сатысына көшуге байланысты ғылыми ұғымның ескіріп, жаңаша сипатқа ие болуы.

Терминдерді іріктеу мен бекіту кезінде кемшіліктер

Терминдерді іріктеу мен бекіту кезінде кемшіліктерге жиі жол беріліп жатады. Оның себебі неде? Біздіңше, ондай кемшіліктерге жол берілуінің негізгі екі себебі бар:

1. Жаңа қолданыстар арасынан ең ұтымды жасалғандарын сұрыптап алуда формалдылыққа жол беріліп, сараптама жұмыстарының тиісті кәсіби деңгейде жүргізілмеуі;

2. ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясының ұсынылған терминдерді қарау, талқылау, бекіту жұмысының өз деңгейінде өтпеуі.

Бұл аталған кемшіліктердің біріншісі, тіл мамандарына, термин

шығармашылығымен айналысып, терминологиялық сөздіктер жасап жүрген мамандарға қатысты болса, екіншісі Республикалық терминология комиссиясына барып тіреледі. Ендеше, мәселенің екі жағына да жете көңіл бөліп, осы екі тараптың бірлесе жұмыс атқаруына, жұмысты дұрыс ұйымдастырып, терминдерді іріктеу мен бекіту сапасының артуына айрықша көңіл бөлінгені жөн.

ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы бекіткен көптеген терминдер ресми қолданысқа мүлде енбеген күйі қалып қояды. Көпшілік қауым мен сала мамандары ондай терминнің бар екенін де білмейді немесе біле тұра қолданбайды. Мысалы: *зада-ток – қарымжы – кепілақы, гипоцентр – ішкіндік – гипоцентр, дымосос – түтінтартқы – түтінсорғыш, маслостойкость – майтұрақтылық – майға бекемдік, дистиллянт – айданды – дистиллянт, фотосинтез – сәулеқұрау – фотосинтез және т.б.*

Немесе қайта бекіткен терминдері бұрынғы нұсқасында қолданыла береді. Оған ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясының кейінгі 2014-2018 жылдары бекіткен терминдерін мысалға келтіруге болады. Сөйтіп, тоғызыншы **сыныпты** жаңа мектептен оқуыма тура келді (18-б.). **Сыныпта**старым мені тосырқайтындай, алғашқы күннен ықылас-пейіл таныта қоймады (Сәуле Досжан. Қасірет пен тағдыр: роман. – Алматы: «Қазақ университеті», 2019. 18-б.). Сирек кездесетін 19 қаратты алқызыл гауһартас **бәссауда**ға қойылды. (www.24.kz. «Хабар» агенттігінің ақпараттық порталы, 27.09.2018ж.); Ұлыбританиялық азамат **бәссауда**ға McDonalds соустарын шығарып, 14,7 мың доллар табыс тапты (kaz.tengrinews.kz ақпараттық порталы, 21.04.2017ж), «Қасым-Жомарт Тоқаев президент сайлауында 70 **пайыз**-дан астам дауыс жинады. Бірақ бұл саяси доданың ресми қорытындысы емес, «exit poll-дың» алдын-ала жариялаған мәліметі. («КТК» арнасы, 09.06.2019ж.), «Петропавл тұрғыны ескі тұрмыстық заттардан шағын **мұражай** ашты» (www.24.kz. «Хабар» агенттігінің ақпараттық порталы, 15.06.2019ж.), «Германия цифрлық мұрағат бойынша тәжірибесімен бөлісуге дайын» (www.24.kz. «Хабар» агенттігінің ақпараттық порталы, 12.12.2018ж.), «Экспорттық **әлеует** артып келеді» (qazaqstan.tv «Қазақстан» ұлттық арнасы, 17.09.2019ж.), «**Әнұран**ды жанды дауыста шырқаған қазақстандық спортшылардың әрекеті жұртты сүйсіндірді» (www.24.kz. «Хабар» агенттігінің ақпараттық порталы, 25.09.2019ж.), «Әнұран жазылған алғашқы күйтабақ табылды (astanatv.kz, «Астана»

арнасы, 10.06.2019ж.), «Әнші Димаш Құдайбергеннің жанкүйерлері **тосынсый** жасады. Олар А.Жұбанов атындағы музыкалық колледжге жаңа **күйсандық** сыйлады. (www.inform.kz Қазақпарат, 12.02.2019ж.), «Ел дамуының **қағидат**ты құжаты» (egemen.kz «Егемен Қазақстан» газеті, 28.08.2015ж.)

Бұл келтірілген мысалдар бұрын бекітіліп, санаға сіңіп, қолданысқа еніп кеткен терминдерді қайта бекітудің тиімсіздігін көрсетеді. Сондықтан алдағы уақытта терминдерді қайта қарауға, қайта бекітуге де үлкен жауапкершілікпен келу керектігін естен шығармаған абзал.

Республикалық терминология комиссиясының бір терминді бірнеше рет қайта бекіткен кездері де болды. Бұл да терминнің тұрақтауына кері әсер етеді. Мысалы, администратор – әкім – әкімгер – әкімші, мироустройство – әлемқалып – дүниеқұрылым – әлемдік ахуал, тактильный – қолмашық – сипап сезу, жанасу – тактильдік, адекватный – сайма-сай – барабарлық – барабар, арест – қамақ – тұтқындау – қамау, неправомерно – құқыққа сыйымсыз – құқыққа жат – заңсыз, иск – қуыным – талап арыз, анонс – анонс – аңдатпа, ввоз – әкелім – әкелу, партнер – әріптес – серіктес, миропорядок – әлемсипат – әлемдік тәртіп және т.б.

Бұл да комиссия жұмысының үйлесімді түрде жүргізіліп, сабақтастық сақталып отырғанының дәлелі бола алмайды. Керісінше, терминдерді тұрақтандыруға емес, олардың қазақша баламаларының орнықтауына, жұртты шатастыруға, ұлт тіліндегі терминжасам үдерісіне сенімсіздік туғызуға апаратын әрекет. Осындай олқылықтар қайталана бермеуі үшін жаңа басшылық Республикалық терминология комиссиясының жұмысын қайта қарап, оны қазіргі уақыт талабына сай дұрыс ұйымдастырар деген үміттеміз.

АЙГҮЛ ДОСМАЙЫЛОВА

*А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты
Терминология бөлімінің
ғылыми қызметкері, ф.ғ.к*



ТЕРМИН ДЕФИНИЦИЯСЫ ЖӘНЕ ДЕФИНТИВТІЛІК ПРИНЦИПТІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Термин және терминологиялық жүйесіз бірде-бір ғылымның, техникалық, кәсіби, өндірістік саланың дамуы мүмкін емес. Терминдер белгілі бір ғылым концепциясымен байланысты, онда ғылыми зерттеулермен олардың теориясы көрініс табады. Білімнің жаңа саласында нақты термин табылғанша сипаттамалы дефиниция қолданылады. Ғылым саласының қарқынды дамуының нәтижесінде терминдер ғылыми мәтіндерде, бұқаралық ақпараттық құралдарда көрініс таба бастайды. Терминдер ғылыми нақтылығын жоғалтқанда, қолданылу аясы кеңейіп, бейтерминденуі процесінен өтеді, яғни концептуалдылығын, жүйелілігін, бір мағыналылығын жоғалтады да термин ұғымы жалпыланып, бұрынғы термин күнделікті қолданылатын сөзге айналады. Сөйтіп, мұндай сөздер жалпы лексикалық бірлікке айналады. Терминологтар терминнің мынадай белгілерін көрсетеді:

- терминнің бірмағыналылығы;
- термин мағынасының дәлдігі;
- терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығы;
- терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі;

Терминнің тілдік табиғатын қарастырып, оған жан-жақты сипаттама беруде ғалымдар оның лингвистикалық белгілерін ерекше атап көрсетеді. Терминнің тілдік бірлік ретіндегі ерекшелігі, оның лексикалық бірлік қызметінде де айқындалады. Терминнің аталымдық қасиеті ұғым атауының қызметін білдіреді. Ұғым білімнің белгілі саласына жататындықтан, термин де белгілі бір саланың элементі болып табылады және осы шеңберде ғана қолданылады. Термин көркем

шығармаларда стилистикалық мақсат үшін қолданылғанда, негізгі қасиетін жоғалтып, бейтерминденеді. Т.Л.Канделакидің айтуы бойынша: «Терминнің аталымдық сипаты, атап айтқанда зат есім немесе олардың негізінде құралған сөз тіркестері терминдердің арнаулы тілдік бірліктер ретінде қарастырылуына байланысты» [1, 15 б.].

Терминнің мағынасының шектеулігі мен айқындығын көрсететін ерекшеліктерінің бірі – мағына дәлдігі. Ол туралы Т.Л.Канделаки былай дейді: «Термин – нақты ұғымды білдіріп арнаулы сала аясындағы ұғымды белгілейтін сөз немесе сөз тіркесі» [2, 46 б.]. Әдетте арнаулы ұғымның дефиниция арқылы белгіленетін нақты шекаралары болады. Дефиниция терминнің қажетті элементі болумен қатар терминнің анықтамасы болып табылады, өйткені ол тілдің сөздік құрамындағы терминологиялық лексикасын ерекшелейді. Л.А.Капаназе [3], Т.Л.Канделаки [2] т.б. ғалымдар терминнің мағынасын белгілеу үшін дефиниция құру қажет екенін атап көрсетеді. Дефиницияда белгіленетін ұғым оны өзіне ұқсас ұғым дартобына енгізе отырып, қызметін айқындайды. Дефиниция терминнің терминологиялық жүйесінің шеңберіндегі мәнмәтіннен тәуелсіз болады және бірмағыналық ерекшеліктері ескеріледі. Академик Ө.Айтбайұлы термин дәлдігін қамтамасыз ететін үш түрлі факторды атап көрсетеді: «1) термин білдіруге тиісті ұғым белгілерін дәл іріктеп алу; 2) термин жасау кезінде пайдаланылатын орын компоненттері мен элементтерін дұрыс саралау; 3) термин жасау барысында осы аталған бөліктердің (элементтердің) органикалық бірлігі қамтамасыз етілуге тиіс» [4, 26 б.]. Ғалым Ш.Құрманбайұлы термин мағынасының дәлдігі туралы былай дейді: «Термин атаудың өзі белгілейтін ұғымның мазмұнын қамтып, ұғымның негізгі басты белгілерінің термин мағынасы арқылы берілуі. Терминологиядағы шарттылық тұрғысынан келгенде бұл талап та орындала бермеуі мүмкін. Біз термин мағынасының дәлдігі туралы сөз қозғағанда бұл талапты оның дефинициясының дәл берілуіне қатысты қойған дұрыс деп пайымдаймыз» [5, 10 б.].

Сонымен қатар, терминнің құрылымына, оның мағынасына, қолданылу ерекшеліктеріне байланысты да ерекше талаптар болуы қажет. Термин таңбалық бірлік ретінде тілдің үш түрлі аспектісінде (семантикалық, синтаксистік және прагматикалық) қарастырылады. Терминнің мазмұнына қатысты семантикалық қарама-қайшылықтың болмауы, бірмағыналық, толық мағыналық, синонимдердің болмауы сияқты талаптар қойылады:

- терминнің өзі белгілейтін ұғымға сәйкес болуы (терминнің терминологиялық мағынасы мен оның лексикалық мағынасының арасында қайшылық болмауы тиіс);

- бір терминология шеңберінде бір форма бір ғана мағынада қолданылуы тиіс;

- терминнің мағынасы ол белгілейтін ұғымнан тар болуы тиіс, яғни оның мәні шектеулі болуы керек;

- белгілі терминологиялық жүйенің шеңберінде терминнің синонимдері болмауы тиіс.

Терминнің құрылымына қойылатын талаптар:

- тіл нормаларына сәйкестік (кәсіби жаргондардың болмауы, екпін, жалғау және т.б. фонетикалық және грамматикалық нормалардан ауытқуларға жол бермеу);

- әдеби тілге тән емес тілдік формаларды ауыстыру немесе оларды тіл нормаларына бағындыру;

- қысқа да нұсқа болуы;

- терминнің деривациялық қасиеті;

- терминнің инварианттылығы (түрінің өзгермейтіндігі);

- терминнің уәжділігі (семантикалық құрылымы бойынша термин түсіндіретін ұғымды беру мүмкіндігі);

- терминнің жүйелігі (терминнің түрінде оның термин жүйесіндегі орнын және басқа ұғымдармен байланысын көрсету).

Терминдердің семантикалық құрылымы ғылыми-техникалық ұғымдар негізіндегі жалпыға белгілі ұғымдармен ұқсастықтар орнату арқылы туындауы мүмкін. Жиі қолданылатын ұқсастықтар, мысалы: сыртқы ұқсастықтар бойынша: ұшақ қанаты, үстел аяғы, робот қолы, робот қолының басы және т.б. Терминдердің мұндай белгілері ұғымның санадағы бейнесін жасауға мүмкіндік береді, олар өз кезегінде аталатын арнаулы ұғымдарды түсінуді, ұғынуды жеңілдетеді. Терминдердің сәйкесденотаттар туралы қандай да бір түсінік беруі бейнелі уәжділік деп аталады.

Терминнің категориялдылығы оның басқа терминдермен формалды байланысын айқындайды. Мысалы, - әрлеу - түйістіру -реттеу (процестер); қатаңдық-қаттылық-серпімділік (қасиеттер); жылытушы-қоректендірілуші-жарықтандырылушы (жабдықтар) және т.б.

Терминдердің құрылымында көрсетілген белгілер олардың жіктеме-лердегі орнын анықтап, құрылымда ұғымды беретін белгілердің болуы терминдердің жүйелігі болып табылады.

Терминнің семантикасы көп жағдайда оның білім саласындағы ұғымдар жүйесіндегі орнына байланысты, сондықтан әрбір терминнің мағынасы осы жүйедегі басқа терминдердің мағынасымен үйлестіріледі. Мұнда термин табиғатының екі жақты қасиеті айқын көрінеді, яғни термин ғылымның логикалық жүйесіндегі ғылыми ұғымның логикалық анықтамасында орын алатын таңба ретінде және термин тілдік бірлік ретінде қаралады. Бірінші жағдайда, термин өзінің мағынасымен нақты ұғымдар жүйесінде нысанды дәл белгілеуі тиіс, екінші жағдайда ол бірқатар лексикалық белгілер және қасиеттермен қатар сипатталуы тиіс. Терминнің семантикасына оның белгілі бір категорияға жататыны әсер етеді (заттар, процестер, құбылыстар, қасиеттер және т.б.), бұл терминнің топтастырылу жүйелігімен анықталады.

Қарастырылып отырған ғылым саласының ерекшеліктеріне, зерттеу әдістеріне байланысты дефиницияға әртүрлі талаптар қойылады. Формуламен берілетін нақты ғылымдарда дефиниция нысандарды теңестіру және бірегейлендіру қызметін атқарады. Нақты ғылымдар үшін біркелкі жасалған дефиницияның маңызы зор, себебі дефиниция негізінде әртүрлі заңдар, формулалар, жаратылыстану теориясының негізгі заңдылықтары жасалады.

Жалпы гуманитарлық білім беру саласында және бірқатар жаратылыстану ғылымы салаларында (теориялық физика, биология) бір нысанға берілген дефиниция төңірегінде жиі келіспеушіліктер болады, себебі дефиницияға әртүрлі талаптар қойылады. Бір ғылым саласындағы әртүрлі дефиницияның берілуі белгілі бір нысан туралы мәліметтің аздығына, оны әр қырынан зерттелуіне, сондай-ақ әртүрлі ғылыми зерттеу мектептерінің өз көзқарастары мен пікірлерінің болуына байланысты. Мысалы, «Өнімділік» терминіне бір ғылым саласының өз ішіндегі салаларға байланысты екі түрлі анықтама беріледі. Макроэкономика микроэкономикаға қарағанда анықтама кеңірек берілген: 1) «Өнімділік – өндіріс тиімділігінің көрсеткіші, белгілі бір уақыт өлшемі ішінде тиісті мөлшерде өнімді өндіру қабілеті; Өнімділік – мақсатқа сәйкестік, жемістілік, өнімділік». 2) «Өнімділік – түсімді мол берушілік, нәтижелілік»

А.В.Суперанская және бірқатар ғалымдардың айтуы бойынша: «дефинициялар қаралып отырған пәнге байланысты (нақты және қоғамдық ғылымдар үшін), материалды меңгеру деңгейіне қатысты (бұл алғашқы дефиниция болуы мүмкін, белгілі бір зерттеуді қоры-

тындылайтын немесе көпжылдық ізденісті қорытындылайтын да болуы мүмкін) әртүрлі болып келеді. Зерттеудің бастапқы кезеңінде заттың дефинициясы жасалады. Олар техникалық ғылымдарда ұғым мәнін терең қарауды талап етпейді. Философия, математика логикасында дефинициялар тілдік бірліктерден жасалып, дефиницияланған сөздер арқылы ұғымның мән-мағынасы ашылады» [6, 165 б.].

Техникалық не гуманитарлық ғылым салалары болсын, кез келген ғылымда дефиницияны ендіру үшін негіз, заңдылық болу қажет. Себебі кейбір күнделікті қолданылатын сөздердің де дефинициясы болады, бірақ олар дәлелдеуді керек етпейді.

Дефиниция, ұғым және термин арасында семиотикалық байланыс орнатылады, термин→белгі→белгілеуші; ұғым → белгіленуші; дефиниция ұғымның сөйлеммен берілуі. Осыдан дефиницияның ерекше қасиеті шығады: логика-ұғымдық қатынаста ол аяқталған пікірді көрсетеді; тілдік құрылымда – ерекше коммуникативтік бірлікті, коммуникативті қызметті атқарады, сондай-ақ белгіленуші (ұғым) және белгілеуші (термин) арасындағы байланысты орнатады.

Осылайша, дефиниция көбінесе ұғымға емес, белгілі бір терминге беріледі, сондықтан ол ұғым интенционалын емес, терминологиялық мағынаның сигнификаттық компонентін ашып көрсетеді, сонымен қатар сөздің ішкі жүйедегі қатынасын басқа біртекті лексикалық бірліктермен қарастырады.

Кез келген ғылыми дефиницияның тілдік негізін зерттеуде алғашқы ұғым маңызды болып табылады. Жалпы ғылыми зерттеулер мен әдебиеттерде мазмұн мен түр өзара келісілген деген көзқарас қалыптасып, терминнің жалпықолданыстық лексикадан ерекшелігі ұғымға байланысты болады. Ғылыми білімнің ұғымдар жүйесін сипаттауекі кезеңнен тұрады: бірінші кезеңде ұғым жүйесі айқындалса, екіншісінде терминдер жүйесі жасалады.

Термин және дефиниция бірдей дәрежедегі ұғымды білдіреді. Біріншіден, дефиниция антикалық дәуірден бастап-ақ логикалық мәселенің шеңберінде қарастырылып келеді, ал ұғым мазмұны логикалық операция ретінде зерттелген. Ойлау туралы ғылыми теория қалыптасқалы бері анықтама барлық логиктердің басты назарында болды. Жаңа заман логиктері логикалық және лингвистикалық анықтамалардың тығыз байланыста екеніне көңіл аударады.

Екіншіден, дефиницияны зерттеуге арналған еңбектерде де-

финиция лексикографиялық семантизацияланудың негізгі құралы ретінде қаралады. Сөздік дефинициясына қатысты зерттеулер лексикографиялық анықтама дегеніміз не, оны қалай құру керек, лексикографиялық дефиниция қандай болады, термин туралы мәлімет көзі ретінде сөздік дефиницияларын пайдалану мәселелері сияқты сұрақтармен байланысты. Ғалым Р.Сыздық былай дейді: «Терминдер негізінен атау сөздер болып келеді. Терминдердің атауыштық қасиеті (белгісі) үшін оның «дефинициялық» түсіндірмесі болу керек, яғни бір нәрсенің, не құбылыстың тек қана өзіне тән ұғымдық анықтамасы ол сөзді термин етіп танытады. Терминдерді керек ететін әр алуан ғылым салалары болғандықтан сөздің дефинициясы сол ғылымның танымы үшін ұсынылады» [7, 129 б.]. Бұл ретте терминге берілген дефиниция арқылы сол ғылым саласын тануға болатынына көз жеткіземіз. Ғалым Ш.Құрманбайұлы терминнің міндетті түрде дефинициясы болатыны туралы былай дейді: «Сөз арқылы ұғым туралы жалпы мағлұмат берілсе, терминнің дефинициясы арқылы сол ұғымды өзге ұғымдардан айыратын оның ең басты белгілері аталып көрсетіледі. Ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес терминнің дефинициясы да толығып, өзгеріске ұшырап отырады. Ғылым неғұрлым дамыған сайын сөз бен терминнің арасы алшақтай түседі. Бұл тәсілмен жасалған терминдер жалпы қолданыстағы сөзден өзі қатысты болатын терминнің өріс пен терминге тән дефинициясы арқылы ажыратылуға тиіс» [8, 55 б.]. Дефиниция ұғымға да, терминге де қатысты, сондықтан терминнің дефинициясы және ұғымы деп айтуға да болады. Термин дефиниция көмегімен ұғымды анықтайды, яғни термин сөздер терминологиялық сөздіктерде дефиниция арқылы беріледі. Арнайы ұғымның ара-жігі, терминнің мағынасы дефиниция арқылы анықталады.

Сөйтіп, дефиниция – ерекше логикалық тілдік құрылым, мұнда тіл мен ой бірге қызмет етеді, бірін-бірі толықтырады. Дефиниция ескі білімді жаңа біліммен байланыстырады, білімнің барлық саласында ғалымдардың сөйлесуіне көмектеседі, адамның танымдық әрекетінің пайдалы, сапалы болуына әсер етеді. Басқа тілдік құрылымдар тәрізді дефиницияның да белгілі құрылымы мен мазмұны болады.

Қорыта келгенде, жалпы терминтаным ілімінде термин дефинициясына да біршама талаптар қою дәстүрі қалыптасқан. Ғалымдардың еңбектерін саралай келіп, олардың негізгі мазмұнын былайша жинақтап көрсетуге болады:

- қатар бағыныңқы ұғымдардың анықтамасын беруде олардың түрлік белгісі ретінде дефиницияда екеуіне де ортақ бір белгіні көрсеткен жөн;

- біртекті ұғымдарға бірыңғай дефинициялар беру қажет. Яғни, дефинициялары біркелкі лексика мен синтаксистік құрылымдармен рәсімделуі тиіс;

- дефиниция түзу барысында ақиқат болмыстың бір нысаны бірнеше ғылым салаларында қарастырылып, түрлі ұғымдар жүйесіне қатысуының нәтижесінде түрлі дефинициялар талап ету ерекшелігі ескерілуі қажет;

- ғылымның дамуы ғылымның өзгеруіне де алып келетіні сөзсіз. Сол себепті дефиниция ғылым-білімнің қазіргі даму деңгейіне сәйкес жасалуға тиіс;

- дефиниция мазмұны түсінікті әрі нақты болуы үшін, сол дефинициялар жүйесінде анықталған, белгілі және бір мағынада қалыптасқан терминдерді қолдану қажет;

- дефиниция құрылымы қысқа, әрі логикалық тұрғыдан тек аяқталған сөйлемдерден құрылуы тиіс және артық ақпаратқа жол берілмеуі қажет;

- дефиницияда тавтологиялық элементтер болмағаны дұрыс. Осы талаптар негізінде дефиниция мәтінде ғылымның белгілі бір саласында жинақталған терминдердің мағынасын ашады, яғни мәліметтерде жинақталған терминді белгілейді. Сондай-ақ, терминнің басты ерекшелігі ретінде жоғарыда аталған жүйелілік, бірмағыналылық, қысқалық, дәлдік сияқты т.б. принциптерге қоса терминнің дефинитивтілік принципінің маңыздылығына көз жекіземіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Канделаки Т.Л. Значение терминов и системы значений научно-технических терминологий // Проблемы языка науки и техники: – М.: Наука, 1970. – С. 3-39.

2. Канделаки Т.Л. Семантика и мотивированность терминов. – М.: Наука, 1977. – 167 с.

3. Капанадзе Л.А. О понятиях «термин» и «терминология» // Развитие лексики современного русского языка: – М.: Наука, 1965. – С. 26-29.

4. Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен тер-

минжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.

5. Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2007. – 624 б.

6. Суперанская А.В. и др. Общая терминология: Вопросы теории / Под ред. Т.Л. Канделаки. АН СССР, Ин-т языкознания. - М.: Наука, 1989. – С. 24-25.

7. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001 – 230 б.

8. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминдену үрдісі: Филол. ғыл. д-ры дис. – Алматы, 1998. – 250 б.

САҒАТБЕК МЕДЕУБЕКҰЛЫ

*әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті
журналистика факультеті деканы,
доцент, ф.ғ.к.*



ҰЛТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ТӨЛ АТАЛЫМДАРЫ

АЙҒАҚТАМА

Әдетте, ғылыми жаңалықты өзіміз айтсақ, өз қазағымызға нанғысыз болып көрінеді. Неге? Біріншіден, көшпелі өмір салтынан отырықшы тұрмысқа көше бастағаннан-ақ ғылыми-техникалық прогрестік жаңалықтың тіршілігімізге шетелден енгізілгендігінен материалдық-өркеніеттік игіліктерді игеруде біз үнемі соларға құлақ түріп, солардан жаңалық күтіп әдеттендік. Екіншіден, артық ойланып, бас қатырып жатқаннан гөрі «дайын асқа тік қасық» оңтайлы болды да, өзіміздің де жаңалық аша алатындығымызға көңіл иланбастық психология қалыптастырып алдық. Үшіншіден, орталық идеялогия санамызға азаттық бермеді. Соның кесірінен өз сөзіміз өзімізге жөн болмай, өзге-ге жалтақтап өттік. Төртіншіден, сыртқы басқыншы идеология да ұлттық ғылыми сананың оянуына, оянса бас көтеруіне ырық бермеді.

Сана азат, рух тәуелсіз болса, сырттан келгеннің бәрінің жауһар еместігіне көзіміз әлдеқашан жетер еді...

Қазақ журналистикасының зерттеушілері де, мамандары да шетелде «журналистское расследование» деп аталатын әдісті «журналистік іздеу», «журналистік зерттеу», кейде «журналистік тексеріс» немесе «журналистік тексерім» деп қолданып жүр. Бұл аудармалар қазақ журналистикасында бар әдістің табиғатын толық ашып бере ала ма, алмай ма деген сұраққа жауап беру үшін осы қолданыстардың әрқайсысына тоқталып өтелік.

Алғашқы нұсқа : **«журналистік іздеу».**

Іздеумен журналистен басқа кәсіп иесі де айналыса алатындықтан, оған «журналистік» деген анықтауыш өзге іздеу түрлерінен ажырату үшін алынғандығы күмәнсіз. Екі сөзден құралған бұл тіркес айқындамадан

гөрі сипаттамаға жауап береді. Яғни «қандай іздеу?» деген сұрақты тілеп тұр. Ал аталымға, термин сөздерге ғылымда сипаттама жауап берілмейді, тек айқындама (дифиница) беріледі. Егер «журналистік» деген сөзді алып тастасақ, жалғыз «іздеу» деген сөз қалады да, ол ең әуелі «қайту?», «не істеу?» деген сұрақтарға жауап беретін етістік күйінде, одан кейін ғана етістіктен жасалған зат есім тұлғасында көрінеді. Кәсіби аталым болу үшін бір ғана мағынаға ие әрі «не?» (кім?) деген сұраққа жауап беретін, жіктелетін, септелетін, басы ашық дара атау сөз болуы керек. Оның үстіне айтылып жүрген тіркес орысшадан аударылғандықтан, дәл мағынаны беріп тұрған жоқ. Орысшада «расследование» деп алынған. Ал «іздеудің» аудармасы «искать». Әрине, бұл істі қолға алғанда журналист әуелі іздеумен айналысады. Бірақ, «іздеу» дегеннің астарынан жоғалғанды табу мақсаты ғана көрінеді. Болды. Журналист іздеуді, жоғалғанды табу-ды ғана мұрат тұтпайды. Оның міндеті одан да үлкен, салмақты да мәнді.

Екінші нұсқа : **«Журналистік зерттеу».**

Қазіргі қазақ тілінде қалыптасқан «зерттеу» дегеннің ұғымы – орысша айтқанда - «исследование». Рас «журналистское исследование» дегеннің астарында зерттеушілік әрекет болатынын ешкім жоққа шығара алмайды. Бірақ, «расследование» мен «исследование» орыс тілінде бір мағына бермейді. Оның үстіне журналистік кәсіпке зерттеушілік әрекет жат емес. Журналист кез келген мақаласына қажетті материалдарды іздейді, табады, тапқанын салыстырады, таразылайды, іріктейді, содан кейін барып іріктелгендерді өз идеясына бағындыра пайдаланады.

«Расследование» дегеннің астарында «ізге түсу», «із ашу» деген ұғым айқынырақ көрінеді. Демек, ізге түсу үшін уақыттан ұтылмау керек. Кешіксе, із суыйды, көмескіленеді, ақиқатқа айғақ жоғала бастайды. Журналистік кәсіби әдістің мәні осында. Яғни жеделдік, лездік, шапшаңдық – басты ұстаным. Ал, «зерттеу» дегеннің ар жағында уақытпен шектелу ұғымы жоққа тән.

Бұл аталым ғылымның бар саласында тұрақталған мағынаға ие. Сондықтан да оны журналистік әдіс бір ғана іздеумен немесе бір ғана зерттеумен шектелмейді.

Үшінші нұсқа: **«Журналистік тексеріс» (кейде тексерім).**

Бұл да орыс тілінен тікелей аударма. Түпнұсқаға мағынасы жақын. Бірақ «тексеру» дегеннің орысшасы «проверить», «проверка», «проверить». Бұл сөз бен «расследование» деген сөздің мағынасы бір еместігін айтып жатудың өзі артық. Дегенмен, біз сөз етіп отырған журналистік әдісте тексеру ісі үнемі жүргізіліп отырады. Әсіресе, құжаттардың,

деректердің, мағлұматтардың дұрыс не бұрыс, шын я жалған екендігіне көзді анық жеткізу үшін тексеру – басты міндет. Солай болса да бұл да жарты жолда қалған жұмыс болып шығады. Өйткені, басты мақсат – тексеру ғана емес...

«Расследование» - құқықтық органдар айналысатын, заң қызметкерлері жүзеге асыратын әрекет әрі соған байланысты санаға сіңісті болып кеткен заңнамалық аталым болғандықтан, енді келіп дәл осындай іспен журналист те айналысып, шындықты ашуға атсалысқан соң ол іс-қимылдың «журналистік» деген анықтауыш арқылы айтылуы дұрыс көрінеді. Бірақ бұл аталым құқықтық шараларға қатысты шындықты ғана қамтиды. Осы жерде ескере кететін басты нәрсе бар: құқық органдары өздері ашқан қылмысты бүкіл бұқараға жария етуді мақсат етпейді. Ал журналистің аталмыш ақиқатқа көз жеткізу үшін әдісі тапқанын, зерттеп білгенін, әшкерелегенін жалпы жұртқа жария етуді ең басты мақсат әрі парыз санайды. Онсыз барлық ісінің мәні жоғалады. Сонымен бірге журналистік жанр тек құқықтық мәселелерді ғана қамтымайды. Сондықтан да бұл аталымға әлдеқайда кеңірек қарау керек. Оның үстіне ондай әдіс те, жанр да өзіміздің ұлттық журналистикамызда бұрыннан бар болғандықтан, сол бар дүниеміздің мән-мағынасын дәл ашып беретін төл аталым іздегеніміз жөн. **Жарайды, журналист іздеді, тапты, зерттеді, тексерді делік, іс осымен бітті ме? Жоқ! Журналистің ең ізгі де басты мұраты – бұқараның санасына қозғау салу, қоғамдық пікір тудырып, мемлекет дамуының алға жылжуына ықпал ету. Ол үшін журналист іздеу, зерттеу, тексеруден өткен материалдарын халыққа бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жайып салады. Міне, бұған дейінгі аталым нұсқаларында журналистік әдістің (жанрдың) мазмұнын ашып беретін осы әрекет көрінбей қалған... Басқаша айтқанда, ЗАМАНСӨЗДІК (публицистикалық) мәні айқындалмаған. Ол атауларда зерттеушілік, тексерушілік, іздеушілік іс-әрекеттерін ғана алға шығару басым. Сонымен**

Тіл қолданысында «айғақкер» деген сөз бар. Яғни шынды растаушы немесе өтірікті жоққа шығарушы адам. «Ол оқиғаны тудырушы, өркендетуші әрекет емес, тек айғақкер ғана» деген сөйлемді «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» мысалға келтіреді. (ҚТТС., 1-том, 89-бет, А.,1974) Мұндағы «айғақкер» әдеттегі «куәгер» деген сөзбен мағынасы жақын болғанымен, айғақкер шындықты ашуға мүдделі адам, сол себептен де айғақкердің белсенділігі, ал куәгер оқиғаны сыртынан көр-

ген адам ғана болуы мүмкін. Оның қолында айғағы болмаса, айтқанына сендіре алмайды.

Айғақ – болған оқиғаның, құбылыстың, жасалған істің, қылмыстың, айтылған сөздің бұлтартпас ақиқатын айқындап, дәл өзін ашып бере алатын адам немесе тікелей себеп болатын зат, дерек, мәлімет, ақпарат, құжат. Айғақ болған жерде шындық ашылмай қалмайды.

Демек жоғарыда айтылғандардың түйіні сол – қазақ журналистикасының (кәсібінің, өнерінің, ғылымының) бұл әдісінің аталымын «журналистік зерттеу» демей «Айғақтама» деп атаған жөн...

ІЗНАМА

Айғақтама үш бағытта жүргізіледі. Біреуі – іздестіру бағыты. Негізгі нысаны – қоршаған орта, көбіне-көп табиғатқа қатысты өмірге келеді. Журналист жаһанның сұлу нүктелерін; кейде жер бетінен жоғалып бара жатқан аңды, құсты, өсімдікті; болмаса су астында, аспан әлемінде ешкім байқай бермейтін, назардан тыс қалып бара жатқан табиғаттың ғажайып құбылысын іздестіреді. Солардың бар немесе жоқ екеніне нақты дәлелдермен айғақ болады. Мұндай бағыт нәтижесінде жарыққа шыққан жарияланымды ізнама деп атаймыз. Ізнаманың келесі түрі тарихта аты бар, бірақ кейінгі ұрпақ назарынан тыс қалған жеке адамға, тайпаға, руға, ұлысқа, ұлтқа қатысты жазылады. Халық жоғалтып алып, «сол қайда екен?» деген сұрақ тұғанда журналист жолға шығады.

Ізнамада оқиға болуы сөзсіз, сол оқиға үстінде автор көзімен көргенді баяндайды (репортаж), оқиға болған жерде, әрине кейіпкер кездесуі ғажап емес. Кейіпкер болған жерде оның түр-тұрпатын, жүріс-тұрысын сипаттамай (портрет) тұра алмайды, автор онымен сөйлеседі (диалог) сондай-ақ, тарихқа, табылған деректерге қатысты өз ойын, толғанысын (монолог) жеткізеді, қоршаған ортаның жай күйін, табиғат көрінісін суреттейді (пейзаж), бірақ мұның бәрі іздестіріп жүрген нысанға және оның бүгінгі күнмен байланысына, қоғамға қажеттілігіне қатысты сабақтасып жатады. Ізнамада негізгі нысанға тиесілі бұған дейінгі тарихи деректер де, пікірлер де, дәйексөздер де пайдаланылады.

Ізнама көбінесе жұрт қызыққан, немесе қызығушылығын оятатын фактіге қатысты болады. Мұнда журналист ел аралайды, жер көреді, тарихи ескерткіштермен, жәдігерлермен танысады, адамдармен сөйлеседі, куәлармен кездеседі, көрген, естігенін тасқа басып, таспаға түсіріп отырады. Көргенін көргендей, естігенін естігендей негізгі ны-

санның төңірегіне жинақтай отырып жеткізеді. Мақсаты – бүгінгі оқырманның, тыңдарманның, көрерменнің рухани сұраныстан туған сана қажеттілігін өтеу.

ЗЕРТТЕГІ

Айғақтаманың келесі бір бағыты – зерттестіру. Журналист ел мен жердің тарихына қатысты деректерді табады. Тапқан деректерін, оқығанын, көрген-білгенін, естігенін, көңіліне түйгенін оқырманға қызықты қылып айтып береді. Сол арқылы бұқараның таным-түсінігін кеңейтуге септігін тигізеді. Қалыптасқан дүниетанымына ықпал жасайды, көзқарасына әсер етеді. Сол арқылы бұған дейін айтылған ғылыми ойдың дұрыс не бұрыстығына, тарихқа қатысты тағы бір құнды дерек бар екеніне айғақ болады.

Мұнда журналист бұған дейін жария болған, бірақ шындығына, нақтылығына күмәнданған тарихи деректің, мәліметтің, фактінің, оқиғаға қажет болса, архив материалдарын, ауызекі айтылған естелік, куә, айғақтарды тауып салыстыра келе көзі жеткен мәліметтерді айғақ ретінде ұсынады. Мұнда ол ғалымдардың да бұған дейін айтқан пікірлерін сарапқа салады. Зерттей келе тоқетер тұжырымдарын ғана айтып қоймайды, осы айғақтың қалай табылғанын, зерттестіру кезінде көкейге тоқығанын оқырманға сол күйінде ұсынып отырады. Арасында өз зерттестіру ісіне оқырманды да тартады. Нәтижесінде нақ тарихи фактіні ашып беріп, тарихи ақиқатқа айғақтама жасайды. Ондай бағытта жарияланған материалдардың жиынтығы – зерттегі деп аталады. Зерттегінің өзегіне тарихи таным алтын арқау болады. Негізгі нысаны – тарих. Тарихтағы бір ғана факт. Сол фактінің рас, өтірігін ашуға қажетті затындардың (материалдардың) барлығын салыстырып, сана сүзгісінен, талғам мен таным таразысынан өткізіп барып белгілі бір қорытындыға келеді. Зерттестіру ісі ғалымның әрекетіне өте жақын, тіпті бірдей десе де болады. Бірақ, ғалым бір ғана фактінің айналасында қалып қоймайды, сол факті секілді бірнеше фактінің тууына себеп болған құбылыстарды және сол құбылыстардың нәтижесін саралай келе теориялық тұжырым жасауға ұмтылады. Ал журналистің мұраты – бір ғана факті төңірегіндегі бүгінге қажетті шындықты ашу ғана.

Зерттегінің өзіндік ерекшелігі бар. Сипаттама, суреттеме аз, авторлық толғаныс, тебіреністен гөрі салқынқандылық басым, қызылсөзге бармай, нақ та дәл, дәлелді ойлар айтылады. Зерттегінің авторы ғалым да, журналист те болуы мүмкін. Ғылыми мақала сипатына жақын. Бірақ, ғылыми мақалада автордың деректі қалай тапқаны,

кімді көргені, нені байқағаны айтылмайды. Ал зерттегіде қосағат (диалог) де, сырашар (интервью) де, оқиғат (репортаж) та, тұлғат (портрет) те, табұлғат (пейзаж) та, дарағат (монолог) те кездесіп отырады. Бұл тәсілді журналист оқырманын сендіру мақсатында әрі жалықтырып алмас үшін де пайдаланады. Басқаша айтқанда, журналист ғалымға зерттейтін объектіні, оған қатысты мәліметтерді ұсынады. Жеке қөзқарасын айтқанымен, оны бүге-шігесіне дейін саралап, сараптап жатпайды. Ғылыми тұжырым жасауды сол саламен айналысатын ғалымдардың құзырына қалдырады.

ӘШКЕРЕ

Айғақтаманың келесі бағыты – **әшкерелеу**. Бұл бағытта журналист белгілі бір заң күші бар құжаттың, басқаша айтқанда, қаулының, қарардың, шешімнің, кесімнің, үкімнің, айыптау қорытындысының, қаржылық есеп-қисаптардың, сондай-ақ мемлекет жүйесінде жасалған т.б. бастамалардың, іс-әрекеттердің дұрыс-бұрыстығына күмәнмен қарап, өз бетінше тексереді. Қабылданған құжаттың, бастаманың, іс-әрекеттің заңға томпақ келетінін немесе қоғамға залал әкелетіндігін құқықтық негізге сүйене отырып дәлелдеп шығады, соған бұқараның көзін жеткізу жолында әртүрлі журналистік әдіс-тәсілдерді қолданады, сан алуан жанрларды пайдаланады.

Журналист әшкерелеуді нақ осы шақта жүргізеді, яғни бүгінгі болған оқиғаның дереккөздері мен мәліметтерін ізі суымай жатып өз бетінше қайта қарастырады. Жасалған құқықтық қылмыстардың бетін ашады. Сөйтіп қылмысты да, қылмыскерді де әшкерелейді. Соның нәтижесінде жарық көрген материалды әшкере деп атаймыз.

ТЕЛЕРАДИОДАҒЫ КӘСІБИ АТАЛЫМДАР

Телерадионың журналистика саласында ана тіліне аударылмаған қаншама кәсіби сөздердің ұлт тілінде баламасы бар. Соларды аршып алып, әуелі ғылыми айналымға қосып, өндірісте қолданылуына жол ашу керек-ақ. Рас, радио мен теледидар қазақ даласына келгелі бір ғасырға жуықтады. Қазақ радиосы тарихын арнайы зерттеген ғалым Намазалы Омашевтің айтуынша, біздің ұлтымыздың атамекеніне радио-телеграфтар 1917 жылдан бастап ене бастаған: “...1921 жылдың күзіне қарай радионы дұрыс жолға қоюмен бірге, ол арқылы ақпарат хабарларының жақсаруына да қол жетті” (1.32). Ал теледидардың Қазақстанға енуі туралы зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, С.Масфұтов: “1958 жылы телевизия Қазақстанда да пайда болды. Республика астанасы тұрғындары 8

мартта тұңғыш рет өз экрандарында Қазақ телевизиясының алғашқы дикторлары З.Жұматова мен Н.Омарованың дидарын көрді”, - дейді (2.97). Ғалым Құдайберген Тұрсын: “...қазақ топырағына “көгілдір экран” деген атпен өнердің жаңа түрі — “теледидар” өмірге келді. Қазақ телевизиясы ресми түрде 16 наурыз күні ашылды”, - дейді (3.9).

Сол жылдардан бері қазақ телерадио журналистерінің кәсіби аталымдарды ұлт тілінде жасауына, қолдануына көп кедергі болғаны — шындық. Біріншіден, телерадио техникасының өзі де, оның атауы да бұрын қазақ даласында болмағандығы; екіншіден, оларды пайдалану, қолдануға, игеруге қатысты сөздердің де, ұғым-түсініктердің қалыптасқан жүйесінің де болмағандығы; үшіншіден, орыстандыру саясатының қарқынды жүргізілуі; төртіншіден, телерадио техникаларының тілін білетін ұлттық кадрлардың өте аз дайындалуы немесе кей жерде мүлдем дайындалмауы; бесіншіден, қазақ тілі мәртебесінің күрт төмен түсірілуі басты кедергі болған деп білеміз. Десек те, кейбір ана тіліндегі аталымдардың әр жылдары әртүрлі қолданыста болғаны да шындық. Біз әлі күнге “передача” дегенді “хабар” деп қолданып жүрміз. “Передача” деген сөздің қазақ тіліндегі баламасын, егер радиода болса - “айтылым”, теледидарда болса — “көрсетілім” деп енді-енді ғана тілдік қолданысқа енгізіп келеміз. Осыған орай телерадиопублицистикаға қатысты сөзгерлер арасында ара-тұра қолданылып жүрген, бірақ әлі тұрақталып болмаған ана тіліндегі аталымдарға анықтама беруді, сөйтіп осы саланың термині ретінде ғылыми айналымға ұсынуды жөн көріп отырмыз.

Айтаман - алдын ала дайындалған хабарат, жаңағат топтамасын жәрдемердің (суфлер) көмегімен эфир арқылы айтып беруші. Шын мәнінде олар жәрдемер бетіне шыққан немесе алдындағы қағазға жазылған сөйлемдерді оқиды. Айтаман кейде қағаздағы дайын мәтінді жаттап алып айтады, кейде айтылған ақпараттарға қатысты өз ойын, байлам-тұжырымын қыстыра кетеді. Айтаман экран арқылы айтарын қабілет-қарымы жетсе өзі дайындайды. Мұндай болмаған жағдайда арнайы редактор дайындап береді. Бірақ, көбінесе, болған оқиғаларға байланысты пікірлерді өзі дайындап, өзі айтқаны әлдеқайда сенімді шығады. Жәрдемерден оқылып тұрған мәтіннің ауызша айтылуы барысында кейбір айтымдардың жансыз шығатын бір себебі - оның әу баста жазбаша дүниеге келуінде. Сондай-ақ оны жазу барысында экраннан дыбысталу мүмкіндігі мен естілу ерекшелігі ескерілмегендіктен, дұрыс оқымағандықтан бо-

лады. Бұл тұста Рәбиға Сыздық арнайы зерттеп ғылыми айналымға қосқан қазақ тілінің өзіндік сөз сазы қағидалары (4.120-201) қаперде болғаны керек. Ауызша айтудағы тіл оралымы мен дыбыстық топтар естуге, тыңдауға оңтайландырылғаны тиімді.

Айтушы – ойдың, пікірдің төлиесі (авторы), қоғамдық пікірді сараптап, талдап, тарқатып айтып беруші. Өзінің сөзін де, өзгенің сөзін де болған оқиғаға байланысты жинақтап, қорытып эфирден сөйлеуші. Бұл таңдалған тақырыпқа орай мәселені терең білетін маман, сол бағытта елге танымал тұлға болуы мүмкін, болмаса қоғамда орын алған жағдаяттарға қатысты өзіндік пікірі бар және онысын эфир арқылы жұртқа жеткізуші қатардағы азамат та болуы мүмкін. Айтушы алдымен өз көзқарасын білдіреді. Оның айтушы болатыны да сондықтан. Ол қоғамдық санаға қозғау салар, елге жеткізер сөзін нанымды да ықпалды ету үшін дәлелдер мен дәйектерді және өзге айтушының жұрт назарына бұрын ұсынылған айтындысын да пайдалана алады. Айтушыға шешендік өнер шеберліктерін меңгерген әлде қайда пайдалы. Шешендік өнер дегенде ежелгі Римді еске алатынымыз — сол заманда біздің арғы ата-бабаларымыз шешендік өнерді білмеді дегендіктен емес, сол заманнан тасқа басылып бізге жеткен жәдігердің жоқтығынан деп түсінген дұрыс. Шешендік өнердің мектебін ұйымдастырып, онда шәкірт тәрбиелеп отыру дәстүрін қалыптастырған ежелгі Рим данышпандары Сократ (б.з.д. 471-399ж.), оның шәкірті Платон, әйгілі сөз зергерлері Марк Антоний, Лициний Красс, Квинт Гортензий, Цицерондардың шешендік мектептері қоғамдық сананы қозғаушы және игеруші алып күш болғаны тарихтан белгілі. Сол замандарда жазбаша пікір айтудан гөрі жұрттың алдында ауызша айтудың биік өнер деңгейіне жетуіне түрткі болған елдегі қоғамдық-әлеуметтік саяси жағдай еді. Римде б.з.д. II және I ғасырларда бұқаралық сөздің қарқын алуына қара халық арасында тұрмыс-тіршілікке көңіл толмастықтан наразылықтардың күшеюі әркімнің өз пікірін көшеге шығып, жиналған топтың алдында айтуына мұрындық болды. Әркім елдің алдына шығып арыз-арманын ғана айтпады, қоғамда орын алған кемшіліктер мен келеңсіздіктерді жоюдың жолын іздеуге шақырды. Қаумалаған топтың алдына шығып, сөйлегендердің қайсысының ойы орынды, нанымды әрі өтімді – соның соңынан ел ілесті. Соның сөзін көбірек тыңдады. Осындай ортада ел алдына суырылып небір шешендер шықты. Сөздің құдіретінен елдің ең құрметті адамдарының алдына шешендер шықты. Дәл осындай тарихи жағдайларға ұқсас құбылыс біздің қазақ даласында да болды. “Түгел сөздің түбі - бір, Түп атасы — Майқы би” деген тәмсілдің шығуына да се-

бепкер болған қазақ халқының сөз өнерін ерекше бағалап, сөз ұстаған адамдарды айрықша құрмет тұтқаны римдіктерден еш кем емес. Қазақ халқының ортасынан да небір шешендердің “жүзден — жүйрік, мыңнан — тұлпар шығуының басты-басты мынадай алғышарттары бар. Бірінші алғышарт – қазақтардың көшпелі өмір сүру қалыбы. Бір орында тұрақты отырмайтын, үнемі бір жерден екінші жерге ауысып қоныс тебетін елдің жазумен айналысатын, айналысқанмен оны жалпыхалықтық үрдіске айналдыратын мүмкіндігі болған жоқ еді, яғни, жазуды өнер деп бағалау әдеби оянбады. Екіншіден, айту әдеті мен әдеби әр қазаққа тән болған соң әрі ақпаратты тек ауызша алмасатындықтан, кім ақпаратты шебер де шешен жеткізеді – соның беделі артқан табиғи орта қалыптасты. Ондай ортада тыңдаушылар институты қалыптасады. Осы жоғары деңгейдегі тыңдаушылар институты айтушылар институтының қатыптасуына да, дамуына да игі ықпал жасайды. Сол айтушылар институты кешегі кеңестік дәуірде жоғалуға айналған еді. Тәуелсіздік алғаннан кейін қайта жандана бастады. Ол институттың бұтақ жайып өркендеуіне радио мен телевидение де атсалысып отырады. Айтушы тек журналистиканың осы салаларында ғана қызмет атқарады деген ой тумауы керек. Айтушы кез келген саланың да адамы болуы мүмкін. Ол жасқа да, жынысқа да, кәсіпке де, қызметке де бөлінбейді. Кім қоғам алдында тұрған мәселелерді алқа топтың алдында айта алса, сол айтушы есебінде болады, бірақ айтылған сөз көпшіліктің көкейіне қонса ғана ол айтушының беделі артады. Журналистикадағы айтушылар сол деңгейден көрінуге тырысады. Тегінде телерадио журналистикасында осы функцияны атқаратын мамандарға “айтушы” деген ат беріп, ресми бекіту керектігі сұранып-ақ тұр.

Айташы – радио немесе теледидарда айтармандар мен көрермендердің (тыңдармандардың) арасын байланыстырушы, айтылымды немесе көрсетілімді (бағдарламаны, ток-шоуды, т.б.) басқарып, жүргізіп отыратын маман. Екіншісі бірі айташы бола алмайды. Бұған арнайы маманданған және жұртты таңдалған тақырыпқа жұмылдыра алатын және ойды әндете тарқата, жан-жақты қамтуға жетелей алатын, ойға кемел, тілге жүйрік және кәсіби ысылған адам лайықты. Әдетте айташының сырт келбеті, жұрт алдында өзін ұстауы, дауысының бояуы, сөйлеу машығы, дыбыстық-тілдік аппаратының дұрыстығы басты назарда болады. Көрермен, ең алдымен, айташының, айтаманның сыртқы кескін-жамалына мән береді. Одан кейін дауысының ұнажарына (тембр) құлақ түреді. Содан кейін сөйлеу мәнеріне, сөз саптауына, сөздік қорына көңіл қояды. Содан соң айтылған ақпарат және оның

астарындағы айтпақ болған түпкі ойына дендейді. Егер айтылған ой оның санасына бәлендей әсер етпесе, оның ажарына да, ғажап дауысына да, киген киіміне де қарауды қояды. Телеэкрандағы жүріп жатқан бағдарламаны өшіріп, басқа арнаға ауыстыруы мүмкін. Бұл – айташы мен айтаманға үлкен мін. Халық экранға шыққан тұлғаның сыртына қарап қарсы алады да, айтқан ойының мәні мен мағынасына және дәл осы күнге қатыстылығына қарап шығарып салады. Көрерменге ең қажеті – айтаманның түр-тұрпаты емес, ең негізгі талап ететіні – оның ақпараттық сұранысты қанағаттандыра алу қабілеті, айтқан сөзінің ақиқаты, өмірдегі шындыққа сай келуі.

Айттарман - студия қонағы. Таратып айтқанда, көрсетілім немесе айтылымда көтерілер мәселеге өз көзқарасын, пікірін, ойын айту үшін студияға келген адам. Ол айтушы мен айташыға экран сыртындағы көрермен немесе тыңдармандардың арман, мүддесін, тілек, талабын, пікірін жеткізуші.

Оқылат (оқылатын ақпарат) — бұл эфирден оқу үшін дайындалған мәтін. Басқа мәтіндерден мұның өзіндік өзгешелігі болады. Мұнда айтуға икемделген, естуге бейімделген дыбыстар мен сөз және сөз тіркестерінен құралған айтымдар (сөйлемдер) алдын ала арнайы дайындалады. Көбінесе айтамандар үшін әзірленеді. Оқылатта басы артық сөз болмайды. Барлығы айтылар ақпараттың өтімді және жетімді болуы үшін құрылады.

Жәрдемер. Біз сырттан келген сөзді тікелей аударуға құмармыз. Өз сөздік қорымыздан дәл сондай аталым табуға болатынына шүбә келтіреміз. Жаңа сөз жасауды артық іс көреміз. Осы тұста академик Ә.Қайдардың мына уәжі орынды: “Қазақ тілінің байлығын сарқа пайдалана алмадық. Ең басты себеп – замана үрдісі, тіл саясаты мен идеология ықпалы, орыс тілінің аз ұлттар тіліне жасаған үстемдігі мен өктемдігі. Екінші себеп – “еліміздегі ұлт, ұлыс тілдерінің дамудан кенжелеп қалуына байланысты ғылым тілі болып, орыс тілімен терезесі тең тұра алмайды” деген пікірдің орталықта да, жергілікті мамандар арасында да қалыптасуы. Үшіншіден, терминдік ұғымдардың қайнар көзі орыс тілі болып саналды да, қалған жүздеген тілдердің бәрі тек “қабылдаушы” пассив тілдер болып келді. Төртінші себеп – ғасырлар бойы өз дәстүрімен еркін дамып келген ана тілі ғылыми-техникалық прогреске икемдеумен шұғылданбағандықтан, бірден лап берген терминология тасқынына төтеп бере алмады. Бесінші себеп – ана тілінің мүмкіншілігін толық ашып, терминология тасқынына қарсы қоярлықтай ұлт кадрлары

тоталитарлық үкімет тарапынан кезінде жойылған болатын”. Академик ағамыздың бұл сөзіне қазақ тіліндегі терминология мәселесін терең зерттеп жүрген ғалым Шерубай Құрманбайұлының мына сөзін қоса жалғасақ, ойымызды одан сайын аша түсетіні хақ: “Ең алдымен лек-легімен өзгеріссіз қабылдап алған мыңдаған терминдеріміз әбден орнығып, көзімізге ыстық көрінетін дәрежеге жетті. Сондықтан да оларды шаң жуытпай қорғаушылар аз емес. Екіншіден, термин жасаудағы тәжірибеміздің жеткіліксіздігінен, ...термин жасау ісінде тіліміздің мүмкіндігін сарқа пайдалануға дағдыланбағандығымыздан, ...әлі де дәстүрлі принциптерімізден шыға алмай отырғанымыздан ...қазіргі ғалымдарымыз бен салалық мамандарымыздың бәрі бірдей ғасыр басындағы қазақ зиялылары сияқты ана тілін жетік білмейтіндігінен... термин жасау ісі өз бағытын анықтай алмай отыр” (5.142).

Иә, қазақ тілінде қазақша термин жасауға әбден болатынын Ахмет Байтұрсынұлы дәлелдеп кеткен. “Дайын асқа — тік қасық” жасап бүгінгі біздерше тікелей сөзбе-сөз қотара салуға ана тілінің алдындағы ары мен ұяты, ұлт ұрпағы алдындағы жауапкершілігі жібермеді. Ұлттық намысы жолатпады Ахаңды ондай іске (Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті теориясының терминдерін жасау тәжірибесін еске алыңыз). Намыс демекші, “суфлер” деген сөзді біз естігелі қашан. Бұл сөз сонау ХХ ғасырдың басында еуропалық театр өнерімен бірге келген еді қазаққа. Бірақ қазақша баламасы табылмаған күйде енді темір жәшікпен бірге төрімізге шығып алмақ. Темір жәшік деп отырғаным – тележурналистикада айтамандар алдында оқуға лайықталып алдын ала жазылып қойылған мониторды да “суфлер” деп атайды. Осы сөзді магистрант шәкірттерімізбен бірге апта бойы талқылап жүріп, ақыры, оншақты баламаның ішіндегі “жәрдемер” деген сөзге тоқтадық. Шәкірттеріміз қазір “суфлер” демейді, “жәрдемер” дейді.

Қосажар. Телерадио журналистикасында спорттық көрсетілімдерге қосымша түсініктеме, анықтама, сипаттама беріп отыратын арнайы кәсіби мамандар жұмыс істейді. “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде” (6.321) “қосамжар”, «қосамжарлану» деген сөздің анықтамасы, айқындамасы, түсіндірмесі берілген. Біреу сөйлеп жатқанда соған қабаттаса сөйлеуді осылай дейді. Сөздікте бір ғана әрпі басқа екен, яғни, онда “қосанжар” деп беріліпті. Қайсысы дұрыс, ол – басқа әңгіме.

Теледидарда футбол көрсетілімі. Ойыншылар алаңда зыр жүгіріп жүр. Бәрін көріп отырған көрермен өзі де баға беріп отырады. Оның да өз талғамы бар. Соған қарамастан болып жатқан оқиғаға қосымша

түсініктеме беріп, экранның ар жағынан арнайы дайындығы бар адам көрініске қосарлана сөйлеп, яғни, қосамжарланып жатыр. Оны кәсіби тілде "коментатор" деп атайды. Қазіргі шұбарланған тілмен айтсақ: «Коментатор футболға коментарий беріп жатыр» немесе «Коментатор футбол матчын коментарийлеп жатыр» болып шығады. Осындағы етістіктен басқа бір де бір сөз қазақша емес. "Комментарий" деген терминді «түсініктеме» деп бекітіпті. Қазақ тілі қолданысындағы "түсініктеме" деген сөз "объяснительное" деген орыс сөзінің орнына жүреді. Ал "коментарий", "коментатор" сөздерінің баламаларын алыстан іздемей, жоғарыда тілге тиек болған қазақы сөзді кәсіби қолданысқа алсақ болғаны. "Қосамжар, қосанжар деген тұлғасын сол бұрынғы қалпында қалдырайық та, кәсіби салаға "қосажар" деп енгізелік. Бұл аталым өтіп жатқан істі қосыла жарлау мағынасын береді. **Сонда «коментарий» дегеніңіз "қосажар", ал "коментатор" дегеніңіз "қосажаршы" болып шығады.** Мысалы, "қосажаршы Есей Жеңісұлы" немесе "Амангелді Сейітханұлы бүгінгі ойынды қосажарлап берді десек, сөз қазақы естіледі әрі түсінікті болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Омашев Н. Ақпарат әлемі. Таңд. шығ. көптомдығы. II том. А., "Қазығұрт", 2006.
2. Масғұтов С. Телевизиялық журналистика негіздеріне кіріспе. А., 1975.
3. Тұрсын Қ. Қазақ тележурналистикасы: қалыптасу, даму проблемалары (монография). А., "Білім", 2006.
4. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. Астана, "Елорда", 2000.
5. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. А., "Ғылым", 1998.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 6-том. А., 1984.

МАЗМҰНЫ

<i>Ресмиет</i>	
Республикалық терминология комиссиясының шешімі.....	3
<i>Алқа</i>	
Терминдерді біріздендіру және іріктеу критерийлері.....	32
<i>Талқы</i>	
С.Абдрахманов. Терминдердің бұқаралық ақпарат құралдарында орнығуының мәселелері.....	34
А.Шүрентаев. Жарнама тіліндегі терминология мәселесі.....	44
<i>Көкейкесті</i>	
Қ.Күдерінова. Шеттілдік сөздер емлесіндегі мәселелер.....	50
Б.Мақұлбеков. Заң терминдерінің өзектілігі және оларды қолдану тәжірибесі.....	53
<i>Көзқарас</i>	
М.Айымбетов. Заң терминдерінің қолданыстық сипаты.....	59
О.Жұбаева, Қ.Айдарбек, М.Таубалдиев. Терминдерді транслитерациялаудағы негізгі ұстанымдар.....	63
<i>Мән</i>	
Ш.Құрманбайұлы. Терминдерді іріктеу мен ресми бекітуге қойылатын негізгі талаптар.....	74
А.Досмаилова. Термин дефинициясы және дефинитивтілік принциптің ерекшелігі.....	79
С.Медеубекұлы. Ұлттық журналистиканың төл аталымдары.....	87

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ

Авторлардың стилі,
орфографиялық хақы сақталады.

Шайсұлтан Шаяхметов атындағы
"ТІЛ-ҚАЗЫНА" ұлттық
ғылыми-практикалық орталығында
теріліп, беттелді.

Жауапты хатшы **Қ.Есентай**
Корректор **М.Шіменбай**
Дизайнын жасап, компьютерлік нұсқасын дайындаған
С.Баубек

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Сығанақ көшесі, 25,
Тел.: 8 (7172) 27-30-43
Tilortalyk@mail.ru

Теруге берілген күні 7.11.2019 ж.
Басуға қол қойылған күні 18.11.2019 ж.
Пішімі 70x100 1/16 Шартты баспа табағы 8,1
Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс №

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
"Полиграфкомбинат" ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.